

**Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Казахский национальный педагогический университет имени Абая
Kazakh National Pedagogical University after Abai**

ХАБАРШЫ ВЕСТНИК BULLETIN

**«Әлеуметтану және саяси ғылымдар» сериясы
Серия «Социологические и политические науки»
Series of «Sociological and Political sciences»
№4(56)**

Алматы, 2016

**Абай атындағы
Қазақ ұлттық педагогикалық
университеті**

ХАБАРШЫ

**«Әлеуметтік және саяси ғылымдар»
сериясы
№4(56), 2016**

2001 ж. бастап шығады.
Шығару жиілігі – жылына 4 нөмір

Бас редактор:
ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, филос.ғ.д., проф.
Р.Б. ӘБСАТТАРОВ

Бас редактордың орынбасары:
Г.О. Насимова с.ғ.д., проф.

Редакция алқасы:
Г.С. Абдраимова а.ғ.д., проф.,
К.У. Биекенов а.ғ.д., проф.,
З.Ж. Жаназарова а.ғ.д., проф.,
Лим Че Ван PhD докторы, проф.
(Корея),

Н.П. Нарбут а.ғ.д., проф. (Ресей),
И.А. Рау филос.ғ.д., проф. (Германия),
Т.Ж. Қалдыбаева а.ғ.д., проф.,
С.В. Решетников с.ғ.д., проф.
(Белоруссия),

Ю.М. Почта филос.ғ.д., проф. (Ресей),
Лоранс Тен PhD докторы, проф.
(Франция),

А.И. Шалтыков с.ғ.д., проф.,
Н.Б. Сейсен с.ғ.к., доцент

А.Ж. Мұқажанова с.ғ.д., доцент
(жауапты хатшы)

**Абай атындағы
Қазақ ұлттық педагогикалық
университеті, 2016**

Қазақстан Республикасының мәдениет
және ақпарат министрлігінде 2009
жылы мамырдың 8-де тіркелген
№10107-Ж

Басуға 09.02.2017 қол қойылды.
Пішімі 60x84 ¹/₈. Көлемі 20.5 е.б.т.
Таралымы 300 дана. Тапсырыс 22.

050010, Алматы қаласы,
Достық даңғылы, 13.
Абай атындағы ҚазҰПУ

Абай атындағы Қазақ ұлттық
педагогикалық университетінің
«Ұлағат» баспасы

**М А З М Ұ Н Ы
С О Д Е Р Ж А Н И Е**

**САЯСИ ҒЫЛЫМДАР ПРОБЛЕМАЛАРЫ
ПРОБЛЕМЫ ПОЛИТИЧЕСКОЙ НАУКИ**

Нұрымбетова Г.Р. Президенттік сайлаулар: Қазақстан жолы.....	4
Nurymbetova G.R. Presidential elections: Kazakhstan's way.	
Абсаттаров Г.Р. Сущность правовой культуры населения Казахстана в контексте политического процесса.....	9
Absattarov G.R. The essence of the legal culture of the population of Kazakhstan in the context of the political process.	
Жусупова А.Д. Ішкі саяси тұрақтылық – Қазақстан қоғамын демократияландырудың басты шарты.....	13
Zhusupova A.D. Inter Political Stability themain condition of democracy of Kazakhstan society.	
Нечаева Е.Л., Смакова Ж.Ж. Национальное законодательство стран Центральной Азии в области водной политики.	18
Nechayeva E.L., Smakova Zh.Zh. The national legislation of central Asian countries in the field of water policy.	
Мекебаева М.А. Молодежная политика Республики Казахстан: механизмы и проблемы реализации.....	21
Mekebaeva M.A. Youth Policy of the Republic of Kazakhstan: Mechanisms and Implementation Issues.	
Сарсенбаева Ж.Г. Жаһандану үдерісінің тарихи үлгілері және мемлекеттің құрылуы.....	24
Sarsenbayeva Zh.G. Historical Models of Globalization and the Formation of the State.	
Сейсен Н.Б. Этнос и конфессия: постановка проблем.....	29
Seisen N.B. Ethnic Groups and Religions: Statement of the Problem	
Абсаттаров Г.Р. Понятие казахстанской правовой культуры в политическом пространстве.....	32
Absattarov G.R. The concept of the Kazakh legal Culture in the political Space.	

**ӘЛЕУМЕТТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ
АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ СОЦИОЛОГИИ**

Жаназарова З.Ж., Нурбекова Ж.А. Современные кадры – ключевая проблема модернизации образования на основе инновационных подходов.....	36
Zhanazarova Z.Zh., Nurbekova Zh.A. Modern frames - the key problem of modernization of education through innovative approaches.	
Артемьев А.И. Феномен веры бахаи.....	40
Artemyev A. I. The Phenomena of Baha'i Belief.	
Сейсен Н.Б. Некоторые вопросы миграционных процессов.....	52
Seisen N.B. Some Aspects of Migration Processes	
Жаназарова З.Ж., Нурбекова Ж.А. Ценности семьи и брака в исламе.....	55
Zhanazarova Z.Zh., Nurbekova Zh.A. Values Family and Marriage in Islam.	
Мадалиева Ж.К. Жаһандану жағдайындағы мультикультурализм: әлеуметтік-философиялық талдау.....	60
Madaliev Zh. Multiculturalism in the context of globalization: the philosophical and sociological analysis.	
Таукелова Т.Б., Амантаева Д.Б., Сегізбаева Ж.У. Қазақстан қоғамының модернизациялануы үдерісінің топ-менеджердің әлеуметтік құндылықтарына ықпалы.....	65
Taukelova T.B., Amantayeva J.B., Segizbayeva Zh.U. Influence of the process of modernization of the Kazakhstan society on the social values of the example of top managers.	
Артемьев А.И. Адвентистская ветвь в протестантизме и ее современное состояние в Казахстане: социально-религиоведческий анализ.....	68

Казахский национальный
педагогический
университет имени Абая

ВЕСТНИК

Серия «Социологические и
политические науки»
№ 4(56), 2016

Выходит с 2001 года.
Периодичность – 4 номера в год

Главный редактор:
член-корр. НАН РК, д.филос.н., проф.
Р.Б. АБСАТТАРОВ

Зам. главного редактора:
Г.О. Насимова д.полит.н., проф.

Редакционная коллегия:
Г.С. Абдраимова д.с.н., проф.,
К.У. Биекенов д.с.н., проф.,
З.Ж. Жаназарова д.с.н., проф.,
Т.Ж. Калдыбаева д.с.н. проф.,
А.И. Шалтыков д.полит.н., проф.,
Н.Б. Сейсен к.полит.н., доцент
Лим Че Ван д. PhD, проф.
(Южная Корея),
Н.П. Нарбут д.с.н., проф. (Россия),
И.А. Рау д.филос.н., проф. (Германия),
С.В. Решетников д.п.н., проф.
(Белоруссия),
Ю.М. Почта д.филос.н., проф.
(Россия),
Лоранс Тен д. PhD, проф. (Франция)
А.Ж. Мукажанова д.полит.н., доцент
(ответ. секретарь)

Казахский национальный
педагогический университет
имени Абая, 2016

Зарегистрировано
в Министерстве культуры и
информации Республики Казахстан
8 мая 2009 г. №10107-Ж

Подписано в печать 09.02.2017.
Формат 60x84 1/8. Объем 20.5 уч.-изд.л.
Тираж 300 экз. Заказ 22.

050010, г. Алматы,
пр. Достык, 13. КазНПУ им. Абая

Издательство «Ұлағат»
Казахского национального
педагогического
университета имени Абая

- Artemyev A. I.** Adventist branch of Protestantism and its current state in Kazakhstan (Social and Religious Studies analysis).
Мадалиева Ж.Қ. Толеранттылықтың этика-діни және саяси-құқықтық тұжырымдамалары: әлеуметтік-философиялық аспектілері..... 73
Madaliev Zh. Ethical-religious and politico-legal concept of tolerance.
Джанкадыров С.С. Тәуелсіздік Қазақстан 25 жыл – тәуелсіздік кезеңдері..... 78
Jankadyrov S.S. 25 years of independence of Kazakhstan-periods of independence.

ҚАЗАҚСТАН ЖӘНЕ ШЕТЕЛ ҒАЛЫМДАРЫНЫҢ ОРТАҚ ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУЛЕРІ СОВМЕСТНЫЕ ИССЛЕДОВАНИЯ УЧЕНЫХ КАЗАХСТАНА И ЗАРУБЕЖЬЯ

- Абсаттаров Р.Б. Рау И.А.** Человеческие чувства, эмоции, разум: системно-социальный анализ..... 82
Absattarov R.B., Rau I. A. Human Feelings, Emotions, Reason: Systematic social Analysis.

ШЕТЕЛ ҒАЛЫМДАРЫНЫҢ МІНБЕСІ ТРИБУНА ЗАРУБЕЖНЫХ УЧЕНЫХ

- Kharkovshchenko Y.A.** Ukrainian Orthodox Church in terms of conflict..... 89
Харьковщенко Е.А. Украинская православная церковь в условиях конфликта.
Стрелкова Ю. А. Концепции analogia fidei та analogia relationis в теологии К. Барта: эпистемологический, антропологический и экуменический потенциал..... 93
Strelkova Yu.A. Concept analogia Fidei та analogia relationis in the Theology of Karl Barth: epistemological, anthropological and ecumenical Potential.
Ожукеева Т.О., Ажибаев А.К. Риски в развитии инновационной деятельности в Кыргызской Республике..... 98
Ozhukееva T.O., Azhibayev A.K. The risks in the development of innovative activities in the Kyrgyz Republic.
Ожукеева Т.О., Ботбаев А.Н. Основные направления экономического сотрудничества Кыргызской Республики со странами Организации Исламского сотрудничества..... 102
Ozhukееva T.O., Botbaev A.N. The main directions of economic cooperation of the Kyrgyz Republic with the countries of the Organization of Islamic Cooperation.

ЖАС ҒАЛЫМДАР МІНБЕСІ ТРИБУНА МОЛОДЫХ УЧЕНЫХ

- Нұрбекова Ж.А., Тұрлыбаева Г.Б.** Алматы қаласының экологиялық қауіпсіздік мәселелері..... 106
Nurbekova Zh.A., Turlybaeva G.B. The problems of ecological safety of Almaty.
Мукожанов А.Е. Қазақстанда конфессияаралық қатынастарды нығайтудағы әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съездерінің рөлі мен маңызы..... 109
Mukozhanov A. Role and value of Congresses of leaders of world and traditional religions in hardening of the interfaith relations in Kazakhstan.
Түкимбаева А.А. Свобода как первое условие к действию..... 113
Tukimbayeva A. Freedom as the first condition to the action.
Тұрмағанбет М. Исламдағы ақша рөлі: Қазақстандағы және мұсылман елдеріндегі ислами банктердің этикалық-салыстырмалы анализі: Халықаралық Азия Даму Банкінің кейстік зерттеуіне негізделген..... 119

**Kazakh National
Pedagogical University after Abai**

BULLETIN
**Series of «Sociological and Political
sciences»**
№ 4(56), 2016

Periodicity – 4 numbers in a year
Publishing from 2001

Editor-in-Chief:

*member-correspondent of NSA of RK, doctor of
philosophical science, professor*

R.B. Absattarov

Deputy Editor:

*Nasimova G.O. doctor of political science,
professor*

Editorial Board:

*Abdraimova G.S. doctor of sociological
science, professor,*

*Biekenov K.U. doctor of sociological
science, professor*

*Zhanazarova Z.Zh. doctor of sociological
science, professor,*

*Kaldybaeva T.Zh. doctor of sociological
science, professor,*

*Shaltykov A.I. doctor of political science,
professor,*

*Seisen N.B. candidate of political sciences,
associate professor,*

*Lim Chae Wan doctor of political science,
professor (South Korea),*

*Narbut N.P. doctor of sociological science,
professor (Russia),*

*Rau I.A. doctor of philosophical science,
professor (Germany),*

*Reshetnikov S.V. doctor of political science,
professor (Belarus),*

*Pochta U.M. doctor of philosophical science,
professor (Russia),*

*Lourans Ten doctor of sociological science,
professor (France),*

*Mukazhanova A.Zh. doctor of political
science, associate professor
(executive secretary)*

**Kazakh National Pedagogical
University after Abai, 2016**

The journal is registered by the
Ministry of Culture and Information RK

8 May 2009., N10107 – Ж

Signed to print 09.02.2017

Format 60x84 ¹/₈.

Volume 20,5 – ubl.literature.

Edition 300 num. Order 22.

050010, Almaty, Dostyk ave., 13

KazNPU after Abai

Publishing house «Ulagat»

Kazakh National Pedagogical University
after Aba

Turmaganbet M. The role of money in Islam: Comparative analysis of ethical and Muslim countries, Islamic banks in Kazakhstan: based on a case study of the Asian Development Bank

Юсупов Қ.Е. Индустриалды-инновациялық даму стратегиясы инновациялық дамудың негізі ретінде.....

124

Yussupov K. E. Strategy of industrial-innovative development as the basis of innovative development.

Алимбаев А., Беркінбаева Г. Діни білім – қатігездік сезімді жоятын негізгі ілім.....

128

Alimbayev A., Berkinbayeva G. Religious knowledge – the doctrine of overwhelming sense of aggression.

Тұрмағанбет М. Ислам дінінің философиялық негіздерін конструктивизм тұжырымдалық үлгісінде сараптау.....

131

Turmaganbet M. Analysis of the philosophical foundations of conceptual model of Islam in constructivism realias.

**ОҚЫТУШЫЛАРҒА КӨМЕК
В ПОМОЩЬ ПРЕПОДАВАТЕЛЮ**

Абсаттаров Р.Б., Шалтыков Ә.Е. Түркістан халықтарының бостандығы үшін күрескен тұлға.....

137

Absattarov R.B. Shaltykov A.I. Person who fought for the freedom of the peoples of Turkestan.

Абсаттаров Р.Б., Шалтыков Ә.Е. Ел мүддесін қорғаған қайраткер.....

144

Absattarov R.B. Shaltykov A.I. Activist who protecting the national interests of the people.

Сейсен Н.Б. Общество и идентичность: проблемы и суждения.

153

Seisen N.B. Society and Identity: Challenges and Judgment.

**ИНФОРМАЦИЯ
АҚПАРАТ**

Международный круглый стол на тему «Актуальные проблемы современного религиоведения».....

157

International round table on the theme «Actual problems of modern religion».

Международный круглый стол «Развитие современного Казахстана и международное значение его опыта», посвященный 25-летию Независимости Республики Казахстан.....

158

International round table «Development of modern Kazakhstan and international significance of his experience», dedicated to the 25th anniversary of Independence of the Republic of Kazakhstan.

**РЕЦЕНЗИЯ
СЫН ПІКІР**

Нурбекова Ж.А. Рецензия на монографию кандидата политических наук Абсаттарова Галымжана Раушанбековича «Правовая политика и воспитание правовой культуры: казахстанский опыт».- Алматы: Улагат, 2016.- 188 с.....

161

Nurbekova Zh.A. Review of the monograph of the candidate of political sciences Absattarov Galymzhan Raushanbekovicha «Legal education policy and legal culture: kazakhstan experience».

- Almaty: Ulagat, 2016.- 188 p.

САЯСИ ҒЫЛЫМДАР ПРОБЛЕМАЛАРЫ **ПРОБЛЕМЫ ПОЛИТИЧЕСКОЙ НАУКИ**

ББК 66.0

ПРЕЗИДЕНТТІК САЙЛАУЛАР: ҚАЗАҚСТАН ЖОЛЫ

Г.Р. Нұрымбетова –

саяси ғылымдарының докторы, Абай атындағы ҚазҰПУ-нің профессоры

Мақалада автор Қазақстан тәжірибесі негізінде президенттік сайлаулар мәселесін жан-жақты талдаған. Президент өкілеттігі, оны сайлау тәртібі, саяси өмірдегі рөлі мен мәртебесін анықтаған ережелердің 1990-2016 жылдар аралығында уақыт сынынан өтіп жетілдіріліп, толықтырылғаны ой елегінен өткізілген. Президенттіктен үміткерге қойылатын талаптардың өзгеріп, жетілдіріліп отырғаны көрсетілген. Сондай-ақ, осы мәселеде 2007 жылы Конституцияға енгізілген өзгерістердің маңызды рөл атқарғаны атап көрсетілген. Еліміздегі сайлаулардың жаңа принциптерге негізделуі (бәсекелестік, еркін, балама) үміткерлер санын көбейтіп, халыққа таңдау мүмкіндігі берілгенін көрсетеді. Сайлау нәтижелері халықтың Президентке деген сенімінің өте жоғары екенін көрсетіп отыр.

Түйін сөздер: президент, өкілеттілік, сайлау, сайлау құқығы, бәсекелестік, үміткер.

Қазақстанда президенттік басқару XX ғасырдың 90 жылдарында басталған саяси өзгерістер аясында дүниеге келді. Президент билігінің заңдылығы бүкілхалықтық сайлаумен қамтамасыз етіледі. Сайлау саяси жүйені жаңартуды қамтамасыз ететін маңызды, әрі басты факторлардың бірі.

Жалпы қатардағы азаматтар өзінің елінің саяси өміріне әртүрлі жолдармен қатыса алады, бірақ өз еркін білдіру мұндай қатысудың ең маңызды түрі болып есептеледі. Кейбір зерттеушілер мемлекеттің жоғары органдарына тұрақты, еркін, бәсекелестікке негізделген сайлаудың болуын демократиялық жүйені демократиялық емес жүйеден ерекшелендіретін бірден-бір маңызды белгі ретінде көрсетеді.

Сайлауға қатысуды демократиялық елдердегі азаматтардың саяси өмірге қатысуының негізгі формасы болып табылады. Мұны өзіміз жүргізген социологиялық зерттеулер нәтижесі де дәлелдеп отыр. Сауалнамаға жауап берген респонденттердің 90% сайлауда және референдумда дауыс беруді азаматтардың саяси өмірге қатысуының басты түрлері ретінде анықтаған.

Сайлау процедурасы арқылы адамдар қоғамдық міндеттерді орындауға белгілі бір тұлғаларды ұсынып, сайлайды. Қазақстан Республикасы Конституциясына сәйкес республика азаматтары мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарына өз өкілдерін сайлауға құқылы. Сайлау арқылы адамдар мемлекеттік шешімдерді қабылдауға ықпал етіп, оны өзгерте алады. Демек, сайлау халық билігі қағидатын жүзеге асырудың бірден-бір жолы. Сондықтан Қазақстан азаматтары президенттік сайлауға қатысу арқылы өздерінің, елдің тағдырын анықтауға атсалысады.

Қазақстан Республикасында да Конституция бойынша еркін сайлаулар халықтың тікелей еркін білдірудің бір жолы. Сайлау құқы Республика азаматтарының сайлауларға өз еркімен және ашық қатысуына кепілдік береді. Қазақстан Республикасының конституциялық заңына сәйкес жалпыға бірдей, тең және төте сайлау негізінде Президент, мәжіліс және мәслихат депутаттары сайланады. Сенат депутаттары жанама сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру жолымен сайланады.

Президент өкілеттігі, оны сайлау тәртібі, саяси өмірдегі рөлі мен мәртебесі конституциялық нормалармен анықталған. Айта кеткен жөн, бұл ережелер 1990-2016 жылдар аралығында уақыт сынынан өтіп жетілдіріліп, толықтырылды. Мәселен, 1990 жылы 24 сәуірде XII шақырылымдағы Жоғарғы Кеңестің бірінші сессиясында қабылданған «Қазақ ССР Президенті қызметін тағайындау және Қазақ ССР Конституциясына (Негізгі Заңына) өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» (бұдан әрі - Қазақ ССР-ның Заңы) Қазақ ССР-ның заңы бойынша президентті сайлаудың екі жолы ұсынылды: бірі – ҚазССР-нің Президенті ҚазССР-нің азаматтарымен тікелей, бүкілхалықтық сайлауда 5 жылға сайланды. Президент сайлауы сайлаушылардың кем дегенде 50 пайызы қатысқанда шынайы болып есептелді; екіншісі - ҚазССР-нің Президенті ҚазССР-нің Парламентімен 6 жыл мерзімге сайланды. ҚазССР-і Президенті лауазымына кандидатураны республикандық органдар арқылы қоғамдық ұйымдар, кем дегенде 90 адамнан тұратын халық депутаттарының топтары ұсына алды. ҚазССР-нің халық депутаттарының жалпы санының жартысынан көбінің дауысын жинаған кандидат сайланған болып есептелді [1]. Мұның өзі, бір жағынан, кеңестік заманның құқықтық дәстүрінің ықпалы болса, екінші жағынан, даму жолының айқын таңдалмауының салдары еді.

Бүгінгі күні Қазақстан Республикасының Президентін сайлау жалпыға бірдей, тең және төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы жүзеге асырылады. Конституция бойынша дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың елу пайызынан астамының дауысын алған кандидат сайланды деп есептеледі. Егер кандидаттардың бірде-бірі көрсетілген дауыс санын ала алмаса, қайтадан дауысқа салынады, оған көп дауыс алған екі кандидат қатысады. Дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың ең көп дауысын алған кандидат сайланды деп есептеледі. Сайлауды заңды деп тану мәселесіне қатысты президенттік сайлауға сайлаушылардың кем дегенде 50% қатысуды талап ету ережесі 1998 жылы Конституцияға енгізілген түзетулерге сәйкес жойылды.

Президенттіктен үміткерге қойылатын талаптарға келетін болсақ, бұл ережелер де 1990-2016 жылдар аралығында біршама өзгерістерге ұшырады. 1990 жылы 24 сәуірдегі Қазақ ССР-ның Заңы бойынша ҚазССР-нің Президенті болып 35-тен жас емес, 65 жастан аспаған ҚазССР-нің территориясында кем дегенде 10 жыл тұрақты тұрған, қазақ және орыс тілдерін меңгерген азамат сайлана алды. Заңда әлемдік демократиялық мемлекеттерде кеңінен тараған президенттің екі мәрттен артық сайланбауы, Президент лауазымына үміткерлер санына шектеу қоймау сияқты ережелер де ескерілген болатын.

Ал қазір Конституция ережелеріне сәйкес Республика Президенті болып тумысынан Республика азаматы болып табылатын:

- қырық жасқа толған;
- мемлекеттік тілді еркін меңгерген;
- Қазақстанда соңғы он бес жыл бойы тұратын кез келген Республика азаматы сайлана алады.

Президенттіктен үміткерлерге қойылатын жастық ценздің жоғары шегі (65 жасқа дейін) 1998 жылғы Елбасының Қазақстан халқына жолдауында ұсынылған елді демократияландыру және саяси реформалау бағдарламасын жүзеге асыру аясында Конституцияға енгізілген өзгерістермен алынып тасталды. Сонымен бірге, Президент болып тумысынан республика азаматы болып табылатын 40 жасқа толған, Қазақстан аймағында кем дегенде 15 жыл тұрақты тұрған азамат бола алады деп өзгертілді. Біздің ойымызша, Президенттің тумысынан республика азаматы болуын талап ету және оның жас мөлшерін 40 жас деп анықтау өте орынды. Қазақ атамыз «Отызында орда бұзып, қырықанда камал алған» деп бекер айтпаған ғой.

Енді тікелей 1990-2016 жылдар аралығында өткен президенттік сайлау мәселесіне тоқталайық. 1990 жылы 24 сәуірде Жоғарғы Кеңесте заң қабылданғаннан кейін, Президентті сайлауда жасырын дауыс беруге қатысқан 335 депутаттың 317-ы Н.Назарбаевты қолдап, 18 – қарсы дауыс берді [2]. Нәтижесінде Н.Ә. Назарбаев Қазақстанның тұңғыш президенті болып сайланды. Н.Ә. Назарбаевты бұл жоғарғы лауазымдық қызметке Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің 21-пленумы бір ауыздан ұсынған болатын.

1991 жылғы 16 қазандағы Жоғарғы Кеңестің кезектен тыс VI сессиясында ҚазССР Президентін сайлау туралы заң қабылданып, осы жылдың 1 желтоқсанына президенттік сайлау тағайындалды. Заңға сәйкес президентті сайлау жолы өзгертілді. Бірақ 1990 жылы 24 сәуірде қабылданған ҚазССР-ның Заңы қабылданған уақыттан бері өзгерістердің болғанына, яғни Қазақстанның мемлекеттік егемендігі туралы декларацияның қабылданғанына қарамастан, Президенттіктен үміткерге қойылатын талаптар ешбір өзгеріссіз қалды. Соның ішінде Президенттің жергілікті ұлт өкілінен болуы қажеттілігі нақтыланбады.

1990 жылы Жоғарғы Кеңеспен сайланған Президенттің өкілеттік мерзімінің аяқталмағанына қарамастан не себепті 1991 жылы Президенттік сайлау тағайындалып, не себепті Президентті сайлау жолы өзгертілді? Президентті сайлау жолының өзгеруі қажеттігі мен маңызын XII шақырылымдағы Жоғарғы Кеңес депутаты, белгілі заңгер-ғалым С.Зиманов «... Президентті халықтың тікелей сайлауы оның саяси-құқықтық мәртебесі мен биліктік өкілеттігін өзгертеді. Ал бұл тиімді және күшті президенттік билікті орнатуда өте маңызды. Президенттік билік пен парламенттің, жоғарғы атқарушы және жергілікті биліктің қатынастары басқаша қалыптасады. Халықтан мандат алған Президент Парламентпен келіспеушілік туындаған жағдайда, қажет деп есептесе, еркі билік пен заңдылықтың жоғары өлшемі болып табылатын халыққа жүгіне алады» [3, 84-85- бб.] - деп негіздейді.

Сонымен бірге, Президент ұсынысымен Жоғарғы Кеңеспен сайланатын вице-президент лауазымына, дәл осы күні, 1991 жылы 16 қазанда, ҚазССР Жоғарғы Кеңесінің сессиясында бұған дейін ҚазССР-нің Жоғарғы Кеңесін басқарған Е.Асанбаев сайланды.

Сөйтіп 1991 жылы 1 желтоқсанда Қазақстан Республикасының азаматтары қазақтың мың жылдық тарихында тұңғыш рет өз Президентін бүкіл халық болып сайлады. Жасырын дауыс беруге арналған

сайлау бюллетенінде ҚазССР президентігінен үміткер - Н.Ә. Назарбаев, вице-президенттіктен үміткер - Е.Асанбаев есімдері тұрды. 1991 жылғы Президенттік сайлауға электораттың - 88,23% қатысып, президенттік басқару жүйесі заңдастырылды[4]. Бұл Қазақстанды демократияландыру жолындағы жасалған маңызды қадамдардың бірі еді.

98,7% сайлаушылардың қолдауына ие болып бүкілхалықтық сайлау негізінде сайланған Н.Ә. Назарбаев 1991 жылы 10 желтоқсанда «Біздің көпұлтты республиканың халқына қалтқысыз қызмет етуге, Қазақстан Республкасының Конституциясын қатаң сақтауға, азаматтардың праволары мен бостандықтарына кепілдік беруге, Қазақстан Республикасы Президентінің өзіме жүктелген мәртебелі міндеттерін адал орындауға салтанатты түрде» [5] ант етті.

1995 жылы 25 наурызда Қазақстан халықтарының ассамблеясы қоғамдағы бірлікті сақтау және елде қалыптасқан саяси жағдайдан шығу мақсатында Қазақстан Республикасының Президенті өкілеттігін 2000 жылдың 1 желтоқсанына дейін ұзарту бойынша референдум өткізу бастамасымен шықты. Қазақстан Президентінің өкілеттігін ұзарту туралы референдум 1995 жылы 29 сәуір айында өтті. Референдумға республика азаматтарының 91,21% қатысып, оның 95,46% ҚР Президенті өкілеттігін ұзартуға қолдау көрсетті[6].

Президент мәртебесінің артуына, саяси жүйеде институт ретінде нығаюына 1999 жылғы өткен президенттік сайлау да ықпал етті. 1999 жылғы Президенттік сайлаудың өзіндік ерекшеліктері бар. Соның бірі сайлаудың бәсекелестікке негізделуі. Қазақстанда 1991 жылы өткен алғаш Президенттік сайлауда бір ғана үміткер болғаны белгілі. Ал 1999 жылғы сайлауға төрт үміткер түсті. Әрине, Президенттік сайлауларында 1996 жылы тоғыз үміткер, 2000 жылы 10 үміткер[7] болған көршілес жатқан Ресеймен салыстырсақ Қазақстанда бәсекелестік деңгейі жоғары емес. Дегенмен, 1991 жылғы Президенттік сайлау додасына бір ғана үміткер түскені мен 1995 жылы Президент өкілеттігін ұзарту туралы шешім, бүкілхалықтық сайлауда емес, референдумда қабылданғанын ескерсек, онда 1999 жылғы Президенттік сайлау еліміздегі демократиялық үдерістердің біршама ілгерілегенін дәлелдейді.

Сонымен 1999 жылғы сайлау ерекшелігі Президент алғаш рет баламалық негізде сайланды. Қазақстан Республикасы Президентігінен үміткерлер қатарында: сол уақыттағы президент – Н.Назарбаев, бұрынғы Премьер-министр – Ә.Қажыгелдин, Сенат депутаты – Ә.Ғаббасов, «Мұнай» АҚ вице-президенті – Ж.Базылбаев, Кедендік комитет төрағасы – Ғ.Қасымов болды. Ж.Базылбаевтың үміткерліктен бас тартуына, ал бұрынғы Премьер-министр Ә.Қажыгелдин - 1998 жылы 15 қазанда ұсақ әкімгершілік құқықты бұзып, әкімгершілік жауапқа тартылғаны үшін үміткер ретінде Орталық сайлау комиссиясынан тіркеуден өте алмауына байланысты президенттіктен үміткерлер саны 4-ке дейін қысқарды. Оппозициядан ұсынылған үміткер Ә.Қажыгелдинге қатысты қабылданған шешім президенттік сайлаудың дау-жанжалмен өтуіне себеп болды.

Сайлау нәтижесінде сайлауға қатысқан 87,05% электораттың 79,78% - Н.Ә. Назарбаевты, 11,7% - С.Әбділдинді, 4,61% – Ғ.Қасымовты, 0,76% – Ә.Ғаббасовты қолдап дауыс берді[2]. Сөйтіп көпшілік дауысқа ие болған Н.Ә. Назарбаев жеңіске жетті. Президенттік сайлаудың басты нәтижесі қол жеткізген демократиялық өзгерістерді бекіту еді. Осының нәтижесінде еліміздегі президент институты одан әрі заңдастырылды.

Президент балама негізде сайланып, легитимділігі күшейді. Еліміздегі президент институты ресми ғана емес, бейресми де нығайды. Осыған орай, 2001 жылы «Қазақстандықтардың әлеуметтік-саяси көңіл-күйін» анықтау мақсатында Мәдениет және ақпарат министрлігі бастамасымен жүргізілген социологиялық сауалнама нәтижесін келтіре кетелік. Тұрғындардың билік субъектілеріне қатысты көзқарас деңгейі олардың (билік субъектілерінің) саяси толымдылығының көрсеткіші. Республика Президентінің қызметін сауалнамаға қатысқан респонденттердің 76,3% қолдаған. Парламент, үкімет, саяси партиялар сияқты жетекші саяси институттар арасынан Президент институтының рейтингі жоғары тұр[8, б.24].

Келесі президенттік сайлау, сайлау күнін анықтау мәселесі, күн тәртібіне қойылған уақыттан бастап-ақ даулы болды. Дау президенттік сайлауды өткізу уақытына қатысты туындады. Бұл пікірталасты 2005 жылы 25 тамызда Қазақстан Республикасы Конституциялық кеңесі қабылдаған қаулы шешті.

Президенттік сайлаудың жариялануы оппозициялық лагерь қатарын бір жағынан ыдыратса, екінші жағынан біріктірді. «Ақ жол» демократиялық партиясы өзара алауыздыққа байланысты екі қанатқа бөлінді. Бір қанаты Ә.Бәйменов төңірегіне топтасса, екінші қанаты Б.Әбілов, О.Жандосов,

А.Сәрсенбаев бастамасымен бөлініп, «Әділетті Қазақстан үшін» қозғалысына бірікті. Бұл қозғалысқа Ә.Қажыгелдин, З.Нұрқаділов өз қолдаушылықтарын білдірді.

Президенттікке үміткерлер қатарында Уәлихан Қайсаров, Сәлім Сағындықұлы Өтен, Амантай Хантемірұлы Асылбек, барлығы – 18 адам болды. Президенттікке үміткерлердің төртеуі республикалық қоғамдық бірлестіктерден ұсынылса, ал қалған он төрті өзін-өзі ұсынғандар. Бірақ Орталық сайлау комиссиясынан үміткерлердің бесеуі ғана ресми тіркеуден өте алды. Олар: Ерасыл Әбілқасымұлы Әбілқасымов, Әлихан Мұхамедьяұлы Бәйменов, Мәліс Хамзаұлы Елеусізов, Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев, Жармахан Айтбайұл Тұяқбай. Кезінде екінші шақырылымдағы Мәжіліс спикері, «Отан» партиясы төрағасының орынбасары болған Ж.Тұяқбай оппозициядан ортақ үміткер ретінде ұсынылды. Ж.Тұяқбай 2004 жылдың 18 қазанында Парламент Мәжілісіне өткен сайлау нәтижелері бұрмалануы, сайлаушыларға билік тарапынан қысымшылық көрсетілгендігі туралы мәлімдеме жасап, партия қатарынан шығып және өз қызметінен отставкаға кеткен болатын.

2005 жылғы желтоқсанда осы жылғы 7 қыркүйектегі ҚР Парламент Мәжілісінің қаулысына сәйкес ҚР Президенті сайлауы өтті. 2005 жылғы Президенттік сайлауға сайлаушылардың – 76,78 % қатысып, сайлаушылар дауысы президенттікке үміткерлер арасында былай бөлінді: Ерасыл Әбілқасымов - 0,34%, Әлихан Бәйменов - 1,61%, Мәліс Елеусізов - 0,28%, Нұрсұлтан Назарбаев - 91,15%, Жармахан Тұяқбай - 6,61% дауыс жинады. Сөйтіп, сайлаушылардың 91,15 пайызының қолдауына ие болған Н.Ә. Назарбаев жеңіске жетіп, Президент болып сайланды[9].

Ресми деректерге сүйенсек оппозициялық лагерь жетекшісі Ж.Тұяқбайды қолдап дауыс берген облыстар қатарында Маңғыстау (20,40%), Қызылорда (16,22%), Атырау (11,24%) облыстарының сайлаушылары. Ал оған ең аз дауыс берген Ақмола (3,25%), Қостанай (3,16%), Солтүстік Қазақстан (2,08%) облыстарының тұрғындары[9]. Яғни тұрғындарының басым көпшілігі орыс ұлтынан тұратын Солтүстік Қазақстан (95,83%), Павлодар (93,37%), Ақмола (94,66%) облыстарының тұрғындары Н.Ә. Назарбаевты қолдап дауыс берген [9]. Солтүстік Қазақстан облыстарымен салыстырғанда, тұрғындарының басым көпшілігі қазақ ұлтынан тұратын, Қызылорда, Маңғыстау, Атырау облыстарының тұрғындары Н.Ә. Назарбаевқа аз дауыс берген, яғни пайыздық деңгейі төмен. Бұл кейбір зерттеушілердің Н.Ә. Назарбаев электораты негізін ауыл тұрғындары құрайды деген қорытындысын түбірімен жоққа шығарады.

Президенттік сайлауда Н.Ә.Назарбаевтың жеңіске жетуі оған Қазақстан халқының көрсеткен сенімімен тығыз байланысты. Мұны 2005 жылы, Президенттік сайлау алдында, шілде айында «ЦЕССИ-Казахстан» Салыстырмалы саяси зерттеулер институты жүргізген социологиялық зерттеулер де дәлелдейді. ТМД елдері президенттерінің арасында Қазақстан Президентінің рейтингісі ең жоғары, сауалнамға қатысқан тұрғындардың 82 пайызы Н.Ә. Назарбаев қызметін қолдап, оған сенім артқан [10].

Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы Қазақстан халқына жолдауында ұсынылған саяси реформа бағыттары сол жылы Конституцияға енгізілген өзгерістер мен түзетулерден жалғасын тапты. 2007 жылғы Конституцияға енгізілген өзгерістер мен толықтырулар Президент мәртебесіне де қатысты болды[11]. Конституцияда Қазақстанның Тұңғыш Президентінің ерекше мәртебесі белгіленді. Соның бірі 42-баптың 5 тармақшасындағы «бір адам қатарынан екі реттен Республика Президенті болып сайлана алмайды» делінген, бірақ шектеудің Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентіне қатысты қолданылмайтындығы нақтыланды. Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті келесі президенттік сайлауда өз кандидатурасын ұсыну және үшінші мерзімге дауысқа түсу құқығына ие болды. Айта кеткен жөн, бұл құқық міндет емес, мүмкіншілік. Мұндай ереженің енгізілуі көпшілік көңіліне күмән мен күдік тудырғаны белгілі. Бірақ мәселе «өмір бойы президенттік», «конституциялық монархия» жәйінде емес. Заңгер мамандар пікірінше: «Қазақстанда Негізгі заңды толықтыру арқылы осы ерекшелік тек оның тарихи міндеті болуымен және Қазақстанның тәуелсіз, бәсекеге қабілетті мемлекет ретінде құрылуына, мемлекеттік егемендіктің нығаюына, саяси әлеуметтік ортақтықтың – Қазақстан халқының құрылуына және Қазақстан Республикасының жаһандану жағдайында әлемдік қоғамдастықта беделді орын алуына себепкер болған Н.Ә. Назарбаевқа – еліміздің Тұңғыш Президентіне ғана қатысты жасалған» [12, б.119].

2010 жылдың 23 желтоқсанында референдум өткізу туралы бастамашыл топ Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттігі мерзімін 2020 жылға дейін созуды ұсынды. Жер-жерден қолдау тапқан бастаманың тағдыры, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 2011 жылғы 31 қаңтардағы шешімінен кейін, ұзаққа барған жоқ. Көп ұзамай, 2011 жылы 2 ақпанда, Конституцияға Президенттің кезектен тыс сайлауы Республика Президентінің шешімімен тағайындалып,

конституциялық заңда белгіленген тәртіп пен мерзімде өткізілетіні туралы өзгеріс енгізілді. Ал 2011 жылдың 4 ақпанында Президент өз өкілеттігін пайдалана отырып Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауын 2011 жылдың 3 сәуіріне тағайындау туралы шешім қабылдады.

2011 жылы 3 сәуірде кезектен тыс өткен президенттік сайлау нәтижесі сайлаушыларға тосын сый әкелген жоқ. Себебі, оппозициялық топ өкілдері сайлауға бойкот жариялап, қатыспады. Алғашында президенттікке 22 үміткер талапталды, соның ішінен 4 үміткер ғана Орталық сайлау комиссиясынан тіркеуден өте алды. Үміткерлердің кейбіреулері сайлаушылардың қажетті қолын жинай алмаса, екінші біреулері мемлекеттік тілден емтихан тапсыра алмай сүрінді.

Президенттік сайлауда сайлау додасына түскен үміткерлер арасында сайлаушылар дауысы былай бөлінді: 1,36% - Ж. Ахметбековке, 1,15% - М.Елеусізовке, 1,94% - Ғ.Қасымовқа, 95,55% - Н.Назарбаевқа дауыс берді [13]. Сөйтіп, президенттік сайлауда Н.Назарбаев даусыз жеңіске жетті.

2015 жылы 14 ақпанда Қазақстанның халық ассамблеясы кезектен тыс президенттік сайлау өткізуді ұсынды. Негізінен екі дәлел арқылы негізделді: бірі – президент өкілеттігінің мерзімі де, мәжіліс депутаттарының өкілеттік мерзімі де 2016 жылы аяқталады. Ал ҚР Конституциясы бойынша екі сайлауды, яғни президенттік және парламенттік сайлауды бір мезгілде өткізуге тыйым салады; екіншісі – болжау бойынша әлемдік экономикалық дағдарыстың шырқау шыңы 2016 жылға келеді. Сондықтан ел билігі сайлау науқанымен айналысқаннан гөрі, дағдарысқа қарсы бағдарламаны жүзеге асырғаны жөн. Бұл ұсыныс қоғамда әркімнің көзқарастар туғызып, толғантқаны сөзсіз. Қолдаушылар да, қарсы пікір де болды. Қазақстан халқына елдегі саяси тұрақтылықты, қол жеткізген жетістіктерді президентпен байланыстырып қарастыру тән. Қоғамдық санада қалыптасып қалған президентке деген сенім бұл жолы да жеңді. Бұған 2015 жылғы 26 сәуірде Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс өткен сайлауы дәлел. Сайлаушылардың 97,75% дауысын жинаған Н.Назарбаев жеңіске жетті, ал Т.Сыздықов - 1,61%, Ә. Құсайынов - 0,64% дауыс жинады [13].

Қорытындылар болсақ, 1990-2016 жылдар аралығында өткен президенттік сайлаулар халық белсенділігін арттырып, өз таңдауларын жасауға мүмкіндік берді. Қазақстандық сайлаушылар үміткерге бағдар ұстай отырып, яғни саясаткердің сіңірген еңбегіне қарап дауыс береді. Мұны еліміздегі президенттік сайлауларда Н.Ә.Назарбаевтың жеңіске жетуі дәлелдеп отыр. Әрине, бұл бір жағынан халықтың сенімі, екінші жағынан болашаққа деген үміті. Осы жылдарда Президент мәртебесі мен өкілеттігі, оны сайлау тәртібі уақыт талабына сай нақтыланып, жетілдірілді. Мұны біз Президентті сайлау жолының өзгеруі, оны сайлау мерзімінің 5 жылдан 7 жылға дейін ұзартылып, одан қайтадан 5 жылға қысқаруынан, Президенттіктен үміткерге қойылатын жастық шектің 35-тен 40 жасқа дейін өзгеруінен көруімізге болады.

1 1990 жылы 24 сәуірде қабылданған «Қазақ ССР Президенті қызметін тағайындау және Қазақ ССР Конституциясына (Негізгі Заңына) өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚазССР-ң заңы // Социалистік Қазақстан, 12 мамыр 1990 жыл.

2 Ертысбаев Е.К. Казахстан и Назарбаев: логика перемен // Елорда.- Астана. 2001. – 573 с.

3 Зиманов С.З. Конституция и Парламент Республики Казахстан – Алматы: Жеті жарғы, 1996. -352 с.

4 Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік мұрағаты, қор №2263, тізбе №1, №12-іс, 1-п.

5 Егеменді Қазақстан, 11 желтоқсан 1991 жыл.

6 Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұрағаты. Қор №2263, тізбе №1, іс №337, 1-п.

7 Все о ходе избирательной кампании-2000. // www. elections.ru

8 Развитие Республики Казахстан в оценках и мнениях граждан страны (по результатам социологического мониторинга общественно-политической ситуации в марте-апреле 2001 года). – Астана, 2001. 48 с.

9 Постановление Центральной избирательной комиссии Республики Казахстан от 6 декабря 2005 года № 54/109 // <http://election.kz>

10 Омаров Т. Как сообщает евразийский монитор // <http://www.kazpravda.kz/>

11 Қазақстан Республикасының Конституциясы. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 мамырдағы №254-III Заңымен енгізілген өзгертулермен және толықтырулармен. - Алматы, 2008. 39-б.

12 Қазақстан Республикасының Конституциясы. «Қазақстан Республикасы Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының түсініктемесі. – Астана, 2007. 304 бет.

13 Өткен сайлау науқандары туралы ақпарат // <http://election.kz>

Резюме

Президентские выборы: казахстанский путь

Нурымбетова Г.Р. – доктор политических наук, профессор КазНПУ им.Абая

В статье рассматривается опыт Казахстана в проведении президентских выборов: как совершенствовались, дополнялись нормы, определяющие полномочия Президента, порядок выборов Президента, его роль и статус в политической жизни в период 1990-2016 гг.

Автор анализирует, как менялись и совершенствовались требования, предъявляемые к кандидату в Президенты Республики. Особо подчеркнута роль Конституционной реформы 2007 года. Новые принципы (конкуренция, честность, альтернативность) проведение выборов привели к увеличению претендентов, а также отражают расширение возможностей выбора народа. Итоги выбора свидетельствуют о высоком уровне доверия народа к своему Президенту.

Ключевые слова: президент, полномочия, выборы, избирательное право, конкуренция, кандидат.

Summary

Presidential elections: kazakhstan way

Nurymbetova G. R. – is the doctor of political sciences, professor of KAZNPU of Abay

The article deals with the experience of Kazakhstan in holding the presidential elections: it shows how the rules defining the powers of the President, the procedure of elections of the President, his role and status in the political life in the period of 1990-2016 were improved and supplemented. The author analyzes how the requirements for Presidential candidates of the Republic of Kazakhstan have been changing and improving. Besides, the researcher emphasizes the role of constitutional reform of 2007. New principles (competition, honesty, alternativeness) of the elections have led to an increase in the number of applicants. Besides, they reflect the extension of the people's choice options. The elections results witness about high level of the people's trust to their President.

Keywords: President, powers, elections, right to vote, competition, candidate.

УДК 340.114.5(577)

**СУЩНОСТЬ ПРАВОВОЙ КУЛЬТУРЫ НАСЕЛЕНИЯ КАЗАХСТАНА В КОНТЕКСТЕ
ПОЛИТИЧЕСКОГО ПРОЦЕССА**

Абсаттаров Г.Р. – кандидат политических наук, зам. директора института
полиязычного обучения КазНПУ им. Абая

В статье рассматриваются актуальные вопросы сущности правовой культуры казахстанского населения в контексте политического процесса, которые в научной литературе еще недостаточно изучены. В статье делается акцент на общенациональном значении правовой культуры Казахстана, которая выступает как социально-политическое явление, имеющее ярко выраженную целевую направленность, охватывающие всю совокупность важнейших ценностных компонентов правовой реальности в ее функционировании.

Ключевые слова: право, политика, государство, культура, сущность, понятие, жизнь, регулирование, функция, реальность.

Прежде всего следует сказать, что успешное решение задач перехода казахстанского общества к рыночной экономике, и к развитию гражданского общества и правового государства предполагает реализацию огромного комплекса разнообразных проблем. В их числе принципиально иная организация общественно-политических отношений, координация деятельности членов казахстанского общества.

Казахстан пока совершает первые шаги к правовому государству. Переход непросто, так как он задерживался. Теперь же происходит реформирование экономики, права, государства, его внутренней и внешней политики. Проблемы, стоящие перед страной, огромны.

Нельзя не учитывать, что историческое своеобразие Казахстана заключается и в том, что право здесь понималось как насаждаемая сверху абстрактная категория, в жизни же развития подлинно правовых отношений не было.

Изменения, перемены в общественно-политической жизни Казахстана не могут оставлять безучастными граждан, их сознание, мысли, чувства, эмоции. С психологической точки зрения адаптация казахстанца к новым условиям – процесс зачастую болезненный и сложный.

Общественно-политическая жизнь Казахстана невозможна без институционализации взаимоотношения людей. В любой сфере деятельности Казахстана объективно необходимы четкая органи-

зация отношений между индивидами, что достигается путем выработки соответствующих правил поведения и средств, обеспечивающих порядок.

Изучение социально-политической системы Казахстана, действующих в ней норм, правил поведения, требований, идеалов позволяет определить сущность нормативных предписаний, выявить их единство или противоречивость в зависимости от решаемых казахстанским обществом задач, их целенаправленность в соответствии с насущными потребностями и интересами народа. Система регулирования поведения казахстанцев включает общественное сознание во всех его формах – политической, правовой, этической, эстетической, философской, религиозной, соответствующие им нормы и определенные способы их регуляции.

Во всей казахстанской системе социально-политического регулирования особое место занимает правовое регулирование [1]. Будучи одной из форм социально-политического регулирования, оно имеет особое значение в процессе упорядочения, организации поведения казахстанцев. В связи с этим, надо сказать, что правовое регулирование в Казахстане органически связано с другими формами регулирования общественных отношений – политической, моральной, эстетической и т.д. Взаимосвязь этих форм опирается на их взаимодействие, взаимное дополнение, выступающих как части единой целостной системы социально-политического регулирования поведения казахстанцев. Это взаимодействие является одним из существенных условий возрастания эффективности деятельности всей казахстанской системы.

Правовое регулирование в Казахстане включает все виды воздействия правовых норм в первую очередь на сознание и в конечном итоге – на поведение граждан как обязательное условие обеспечения согласованных интересов в казахстанском обществе.

Следует отметить, что четкое, эффективное функционирование всей казахстанской системы правового регулирования находятся в прямой зависимости от уровня, состояния правовой культуры личности казахстанца, социальных слоев, всего казахстанского общества. Каждый из элементов правовой культуры Казахстана выступает как подсистема более общей казахстанской системы. Так функционирует общая динамичная казахстанская система правовой культуры, все элементы которой выступают в функциональном единстве и т.п.

В связи с этим, мы определим границы правовой культуры населения Казахстана исходя из понимания казахстанской культуры в целом.

В социально-гуманитарной литературе Казахстана имеются большое количество истолкований термина «казахстанская культура», который используется в научном обиходе с конца XX века. За это время в общественной и гуманитарной научной литературе накопились различные подходы к пониманию сущности казахстанской культуры (многонациональной культуры).

Среди разных определений казахстанской культуры заслуживают внимание прежде всего те, в которых отражается связь между преобразованием мира людьми и формированием и развитием самого казахстанского человека, все более полной реализацией его родовой сущности, т.е. гуманистический акцент. В данном концептуальной связке не казахстанский человек есть средство казахстанской культуры, а сама казахстанская культура, содержащая и творящая смыслообразующие основы его жизни, изначально находит в казахстанском человеке, его становлении и развитии, его прогрессирующем «очеловечивании, окультуривании» свою цель.

Казахстанская культура есть своеобразный синтез многообразных процессов, форм и результатов жизнедеятельности казахстанского человека и казахстанского общества, представляющих собой собственно многонационально культурные явления лишь в сугубо определенном специфическом, многообразном отношении. Суть этого отношения фиксируется в том воздействии, которое оказывается со стороны «процессов», «форм» и «результатов» на совершенствование сущности казахстанского человека. Не случайно идея культурного прогресса Казахстана связывается с сохранением и культивированием всего того, что способствует казахстанцам свободно и самостоятельно вкладывать жизненные силы в совершенствование условий и процессов своей жизнедеятельности, в те способы, которые, изменяя окружающую среду делают ее более «человечной, гуманистической», более приспособленной и безопасной для казахстанского общежития. Поэтому, поскольку деятельность казахстанского человека невозможна без создания эталонов, норм, стереотипов поведения, организующих его деятельность, то эти нормы, эталоны органически включены в содержание казахстанской культуры. Такой подход позволяет полнее раскрыть социокультурно-политический смысл норм и ценностей, их роль в развитии культурных процессов, противоречивость норм, относящихся к различным этапам культурного развития полиэтничного, поликонфессионального

казахстанского общества, преемственность норм, ценностей и традиций как способов историческо-политического процесса становления и развития многонациональной казахстанской культуры.

Казахстанская культура порождается и развивается в нормативных границах. На новых этапах развития возникают новые нормы, отвечающие достигнутому уровню потребностей и интересов казахстанского общества. Надо отметить, что нормативная характеристика – один из важных аспектов казахстанской культуры. Ценности и нормы в политическом процессе дают наиболее полное представление о сущности многонациональной культуры казахстанского общества, положении личности казахстанца в ней, границах и формах ее деятельности, качественной оценке свободы личности казахстанца, ее возможностях культурного творчества и т.д.

Следует сказать, что социально-культурный и экономическо-политический прогресс казахстанского общества является в то же время прогрессом его нормативных норм. Развитие нормативных структур конкретного казахстанского общества наиболее четко характеризует развитие такой составной части казахстанской культуры, как правовая культура казахстанцев, и находит свое выражение в казахстанском праве. В нем сконцентрированы все важнейшие социально-политические принципы и нормы, которые в разное время придавали этому институту своеобразную окраску в соответствии с экономическим строем, политическим порядком, культурой казахстанского общества.

Таким образом, правовые отношения в Казахстане являются определенным выражением казахстанской культуры на конкретном историческо-политическом этапе развития Казахстана. Уровень правовой культуры казахстанцев обуславливается прежде всего достигнутым уровнем материальной и духовной культуры Казахстана. В процессе позитивной реализации казахстанским индивидом свободы каждый его поступок, в том числе в правовой сфере, приобретает значимость только в конкретном ценностно-смысловом аспекте, только применительно к существующей исторической данности. Правовая культура населения Казахстана как важная составляющая не только культуры Казахстана, но и человечества актуализирует те пласты выработанного им совокупного ценностного опыта, которые в наибольшей степени созвучны ее исходным аксиологическим установкам, складывающимся на базе соответствующих социально-экономических и социально-политических факторов.

Следует отметить, что место казахстанского права в системе социально-политических ценностей обусловлено тем, как оно рассматривается: в качестве ценности-средства или ценности-цели. С этой точки зрения, оно может быть ценностью производной и может иметь собственную ценность. При этом казахстанское право, правовая цивилизованность Казахстана – неотъемлемая составляющая казахстанской, человеческой культуры, важное ее завоевание. Следовательно, оно и имеет собственную ценность. Поэтому смена формаций, изменения в социально-политической структуре казахстанского общества, его идеологии и психологии, политическая борьба – все это, объективно, обуславливает качественные изменения содержания казахстанского права, его институтов и норм. Как показывает мировой опыт, реакционная государственная власть с помощью законодательства и других правовых мер может попытаться затормозить ход общественно-политического развития. Исторически, однако, рамки действия права, тормозящего эволюцию данного общества и политического процесса или же, наоборот, пытающегося перешагнуть через необходимые этапы развития, оказываются, как правило, недолговременными и недалековидными.

Следует сказать, что выступая как важное и необходимое средство государственного управления, как форма реализации государственной политики, казахстанское право одновременно является важным показателем положения личности в казахстанском обществе, гарантированности ее прав, свобод, инструментом их охраны и реализации. Права, свободы и обязанности казахстанского гражданина, составляющие правовой статус человека – важная составная часть казахстанского права, весьма существенная для оценки развитости и демократичности данной правовой системы [2]. Казахстанское право в его подлинном смысле рассматривает человека, его благо как цель, а не как средство функционирования казахстанского общества.

В связи с этим, возникает вопрос, каково же сущность правовой культуры населения Казахстана? Правовая культура населения Казахстана наряду с нормами и ценностями казахстанского права – элемент соционормативной культуры казахстанского общества в целом. Это система реальных и идеальных элементов, относящихся к сфере действия казахстанского права и их отражение в сознании и поведении казахстанских людей. Правовая культура населения Казахстана – это совокупность всех позитивных компонентов правовой действительности казахстанского общества в ее реальном функционировании. Правовая культура казахстанского общества воплощает в себе

достижения правовой, нравственно-политической мысли, правовой политики и уровень правовой, политической информированности.

Надо сказать, что правовая культура населения Казахстана выступает как социально-политическое явление, имеющее ярко выраженную целевую направленность, охватывающее всю совокупность важнейших ценностных компонентов правовой реальности в ее функционировании, генезисе. Она относится к системе общеказахстанской, общечеловеческих ценностей. Это неотъемлемый компонент казахстанского демократического общества, подчиненности правового государства гражданскому обществу, гарантирующему права и свободы казахстанца, человека. И, наконец, правовая культура населения Казахстана представляет собой совокупность всех компонентов правовой системы страны в их реальном функционировании в интересах прогрессивного развития социально-политической реальности.

Правовая культура населения Казахстана выполняет основные функции общей культуры: служит удовлетворению социально-политических потребностей, воздействует на социально-политическо-правовую действительность в зависимости от творческой активности, юридических, политических знаний, наконец, интеллекта каждого отдельного индивида-казахстанца. При этом даже самые радикальные мероприятия, законы, реформы, социально-политические «модернизации», не учитывающие собственно человеческий фактор, роль личности казахстанца в создании новых общественно-политических реформ, не принимающие в расчет устоявшиеся традиции правовой культуры многонационального, многоконфессионального Казахстана, ее ценностные ориентации, не приносят желаемого эффекта, или вызывают социально-политические катаклизмы и т.д.

Түйін сөздер: жаһандану, мультикультурализм, бірлесу, бірігу, мәдениет, саясат, көші-қон үдерісі.

Тарихқа көңіл аударсақ, адамзат баласының дамуы, өсіп-өркендеуі әрдайым әртүрлі деңгейде, әртүрлі формада жүзеге асқан бірлесу, бірігу үдерісімен қатар жүргенін көруге болады. Алғашқы рулар мен тайпалардың пайда болуынан бастап, үлкенді-кішілі мемлекеттердің қалыптасуы түрлі халықтардың, ұлттар мен ұлыстардың бірігу, бірлесу үдерісінің көрінісі болып табылады. Қазіргі кезде біз осы бірігу, бірлесу үдерісінің бүкіл әлемді қамтығанының куәсі болып отырмыз. Бірігу, бірлесу үдерісінің осы жоғары деңгейін қазіргі кездегі қоғамдық ғылымдар «жаһандану» деген терминмен айқындайды.

XX ғасырдың соңғы ширегінде әлемнің аумақтық-мемлекеттік белгі бойынша бөлінуі әлі де сақталуына қарамастан, оның өзара байланысты, өзара тәуелді болуы күрделене түскен болатын. Әлем әртүрлі – экономика, саяси, мәдени және т.б. бағыттар бойынша сипаттамалары бірдей бір жүйеге айнала бастады. Осы үдеріс жаһандану деп аталды.

«Жаһандану» терминінің ғылыми айналымға енуі американдық зерттеуші Т.Левиттің есімімен байланысты. Ол 1983 жылы «Гарвард бизнес ревью» журналында жарияланған «Нарықтардың жаһандануы» мақаласында көпұлтты ірі корпорациялар өндіретін белгілі бір өнімдер нарқының бірігуін сипаттайтын феноменді анықтауда осы терминді қолданған болатын.

Кейбір зерттеушілер «жаһандану» «өзара тәуелділік», «интернационализация» секілді ұғымдардың орнын басқан және экономика, әлеуметтік, саяси салалардағы халықаралық қатынастардың жаңа сапалы кезеңін сипаттайтын термин деп түсіндіреді. Жалпы «жаһандану» термині ағылшын, американдық және скандинавтық ғалымдардың еңбектерінде кең қолданылған. Қазіргі кезде отандық және шетелдік ғылыми әдебиетте бұл үдерісті экономикалық, экологиялық, мәдениеттану, саясаттану, әлеуметтану және философия тұрғысынан қарастыру орын алған. Жаһандануды әртүрлі бағытта қарастыру бұл құбылыстың әлемдік қауымдастықтың тұрмыс-тіршілігінің, қоғамдық және индивидуалды болмыстың, адамзаттың іс-әрекетінің барлық жақтарын қамтитын сипатымен байланысты.

Жаһандану үдерісі күрделі де қайшылықты құбылыс. Бір жағынан, осы үдерістің негізінде әлемдік қауымдастық Жер шарында орын алған ғаламдық мәселелердің шешімін табуға ұмтылса, екінші жағынан, ол жаңа мәселелерді көтереді, сынқатерлер мен қайшылықтарды айқындайды. Бұл жерде ғаламдық мәселелер ретінде бүкіл өркениеттің, әрбір адамның түбегейлі мүдделерін қамтитын жалпы адамзаттық мәселелер қарастырылатынын айта кету керек. Олардың дұрыс шешім табу адамзат қоғамының одан ары алға басуын айқындайды. Сондықтан, ғаламдық мәселелер барлық елдер мен халықтардың мүдделеріне қатысты және ұлттық мемлекеттер мен әлемдік қоғамдастықтың ұжымдық, біріккен әрекетін қажет етеді.

Жаһандану халықтардың, мемлекеттердің ынтымақтастығы үшін тек жаңа мүмкіндіктерді ғана туғызып қоймайды, сонымен бірге, әлемнің дамуына, халықаралық қатынастардың тұрақтылығына кері әсер ететін бірқатар қайшылықтарды қалыптастырады немесе тереңдете түседі. Ресейлік ғалым Г.Г. Пирогов солардың ішінде мыналарды атап өтеді:

Бірінші, әртүрлі елдер мен халықтардың өзара тәуелділігінің артуымен сипатталынатын бірігудің интеграцияның объективті үдерісімен мамандану, фрагменттеліну-бөлшектену, плюрализация үдерістерінде көрініс табатын дезинтеграция арасындағы қайшылық.

Екінші, индивидуумның автономдығы, яғни оның индивидуалды құқықтары мен еркіндіктерінің басымдылығын жариялаумен деавтономизацияның - өзара тәуелділіктің күшеюі, индивидуумның орталық билік пен халықарлық ережелерге бағынуының арасындағы қайшылық.

Үшінші, жалпыадамзаттық мүдделермен халықтардың, тұлғалардың бірегейленуге, өзін өзі айқындауға ұмтылуы арасындағы қайшылық.

Төртінші, әртүрлі жергілікті-локалды өркениеттердің үйлесуі және үйлеспейуі арасындағы қайшылық.

Бесінші, әртүрлі өркениеттердің бірлігі ретіндегі жаһандық ғаламшарлық қауымдастықтың объективті түрдегі қажеттілігімен батыстық өркениет үстемдігі, соның ішінде АҚШ-тың мәдени эскалациясы орын алған және іс жүзінде қалыптасып келе жатқан бір полюсті әлем арасындағы қайшылық [1].

Нәтижесінде жаһанданудың маңызды қайшылықты мәселелері әлеуметтің, соның ішінде ғалымдардың, мамандардың арасында жаһандану үдерісінің өзіне әртүрлі қатынастардың қалыптасуына негіз болды. Солардың ішінде жаһандану үдерісінің оң және теріс жақтары бар және теріс жақтары басым болып табылады, әсіресе ол мәдени көптүрлілікке қауіп төндіреді деп есептейтін көзқарас жаһандануға қарсы қозғалысты қалыптастырды. Антиглобализм – жаһанданудың белгілі бір аспектілеріне қарсы, дәлірек айтсақ, оның теріс салдарына қарсы, іс жүзінде трансұлттық корпорацияларды (ТҰК) қолдау жолына түскен үкіметтердің саясатына қарсы әлеуметтік-саяси қозғалыс.

1999 жылы Сиэтл қаласында өткен әлемдік қаржы тәртібіне қарсы наразылық акциясынан бастау алатын жаһандануға қарсы қозғалыс әлемнің ірі қалаларында жаппай манифестациялар өткізу арқылы өздері туралы мәлімдеген болатын. Оларды журналистер «антиглобалистер» деп атағанымен, наразылық акциясына қатысушылар өздерін объективті түрде дамитын үдеріс ретіндегі жаһандануға қарсы емес, бүгінгі таңда әлемде әлеуметтік мәселелердің ушығуына әкелетін саясатқа қарсы шығушылар деп түсіндіреді.

Бұл қозғалыстың құрамы біртұтас емес. Ол біршама күшті радикалды, тіпті экстремистік сипаттағы ұйымдарды да қамтиды. Мысалы, өздерін жаһандануға қарсы күресушілер және капитализм мен қанаудың барлық түрлерін жоюға, еркін және тең құқықты адамдардың қоғамын құруға тырысушылар деп жариялаған «Анархистер федерациясы», «Астыртын іс-әрекет интернационалы», «Солға бұрылыс» радикалды ұйымдары кіреді. Алайда, жалпы алғанда, антиглобализм көптеген елдер халықтарының индивидуалды және ұжымдық құқықтарын қорғау, билікті орталықсыздандыру, өзін өзі айқындау қағидаларын қолдау, мәдени, экономикалық, саяси плюрализмді жақтау идеяларын негізге алады. Ал оның құндылықты ұстанымдары ретінде табиғатпен үйлесімділік, әлем және адам тіршілігін сақтау, әлемдік жүйелердің ғаламдық өзара тәуелділігін жете түсіну, соғысты қақтығыстарды шешудің құралы ретінде қабылдамауды қарастыруға болады.

Жаһандануға қарсы қозғалыспен қатар, осы үдерісті қолдайтын, яғни жалпы қоғамды реформалауға, мәдени, әлеуметтік және гуманитарлы байланысты күшейтуге қажетті кеңістікті кеңейтуге қарсы емес көзқарастар да қалыптасты. Бұл бағытты ұстанушылар жаһанданудың «жаһандық демократия» немесе «баламалы жаһандану» немесе «төменнен жаһандану» секілді түрін қолдайды. Бұл ұстаным жаһандануға қарсы қозғалысқа қатысушылардың «Соғысты емес, әділеттілікті жаһандандыр!», «Жаңа әлем болады!», «Жаңа Еуропа болады!» және т.б. деген ұрандарында көрініс тапқан. Сондықтан антиглобализмді зерттеуші А.В. Бузгалин бұл қозғалысты нақтырақ «альтерглобализм» деп атауды ұсынды [2]. Альтерглобализмнің негізгі мақсаты әлемде жаһанданудың өзге, демократиялық, әділетті парадигмасын орнықтыру болып табылады.

Жоғарыда жаһандану бірнеше негізгі - экономикалық, қаржылық, саяси, аумақтық, ақпараттық, қарым-қатынас, мәдени салаларды қамтитын үдеріс екенін атап өткенбіз. Осылардың ішінде жаһандану кезіндегі мәдениеттің сипаты, мәдениеттердің үйлесуі немесе үйлеспейуі, мәдениеттердің көптүрлілігі және олардың қатар өмір сүруі маңызды мәселеге айналды. Тауарлар, қызметтер, қаржылар, ақпараттар мен еңбек күшінің, яғни көші-қонның әлемдік қозғалысы экономика саласындағы жаһандану үдерісінің қажетті бөлігі бола отырып, жергілікті экономикалар мен саясатқа, мәдениеттерге сөзсіз ықпал етеді. Қарым-қатынас пен байланыс құралдарының дамуы, ақпарат көздерінің көбеюі, Ғаламтор мен мобильді байланыстың қолжетімді болуы мәдени қарым-қатынастардың артуына, мәдениеттердің тығыз ықпалдасуына әкелді. Бұл ықпалдасу әртүрлі сипатта болуы мүмкін. Біріншіден, мәдениеттердің үйлесуі орын алуы, яғни мәдениеттер жаһанданудың әсерінен

өздерінің ерекшеліктерінен айрылып, жаңа түрге, формаға ие болуы мүмкін. Осы тұрғыда бәріне бір мәдениеттің қалыптасуы деген мәселесі туындайды. Екіншіден, жергілікті мәдениеттер жаһандану үдерісін бейтарап қабылдамай, оған қарсылық білдіріп, өздерінің тіл, дін, этнос және ұлты секілді өзіндік элементтерін сақтауға, оларды нығайта түсуге ұмтылады. Басқаша айтсақ, қазіргі заманғы қоғам өмірінің әртүрлі аспектілерін біріктіретін жаһандану үдерісі мәдени айырмашылықтарды нығайтады, өркендете түседі. Үшіншіден, мәдениеттердің араласу мен өзгеруі орын алуы мүмкін. Шындығына келгенде, әртүрлі, сан қырлы мәдениеттерден тұратын әлемді тек күрестің немесе әрекетсіздіктің алаңы деп қабылдауға болмайды. Мәдени жаһандану мәдениеттердің өміршендігі мен өзіндік бірегейлену мәселесін алға тартады. Соның нәтижесінде қатар өмір сүру мен бәсекелестік мәселесі туындайды. Осы орайда жаһандану барысында мәдениеттер жойылмайды, сонымен бірге өз бастауларына да қайтып оралмайды, олар бір бірімен араласа отырып өмір сүреді деген көзқарас орын алған.

Нақты өмірде ойлар мен көзқарастардың, өмір сүру салтының, әсіресе адамдардың әлемдік ағыны бір қоғам шеңберінде әртүрлі мәдениеттердің болуы, мәдениеттердің араласуы мен қатар өмір сүруі тұрғысынан көптеген елдерді өзгертті. Сонымен бірге, қандай да бір себептермен өз отанын, туған жерін тастап кеткен және жаңа аймақтарда тіршілік ететін адамдардың өмірі мәдени араласу мен қатар өмір сүрудің айқын мысалы болып табылады. Бұндай адамдарға белгілі бір жағдайларға көніп, жаңа мәдениетпен қатар өмір сүруге тура келсе де, олар өздерінің төл мәдениетіне қатысты болуын ұмытпайды. Іс жүзінде олар өздері өмір сүретін жаңа қоғамның мәдениетімен толық араласпай, онымен қайшылыққа келмей, өзінің төл мәдениетін өркендетуге тырысады. Бұндай адамдар екі мәдениет шеңберінде өмір сүруге үйренеді. Бүгінгі таңда әлеуметтік институттар мен мәдени бағдарлардың шексіздігі көптеген қалалық, жергілікті, ұлттық және аймақтық әлеуметтік топтарды әртүрлі мәдениеттер алаңына, ал трансұлттық және трансаймақтық көші-қон әлемнің ірі қалалары мен елдерін мәдени араласу мен қатар өмір сүрудің, мультикультуризмнің қалыптасу ортасына айналдырды.

XX ғасырдың 70-ші жылдарында қоғамның этномәдени біртектілігіне қол жеткізуінің мүмкін емес екені түсінікті болды. Осы кезден бастап ассимиляциясыз бірігу идеясы қалыптаса бастады. Енді қоғамды мәдени бірлік ретінде емес, тең құқылы этномәдени және конфессионалдық қауымдастықтардың жиынтығы ретінде қарастырылатын болды. «Мультикультуризм» термині алғаш рет Канадада 60-шы жылдарда мемлекет тұрғындарының этномәдени, нәсілдік, діни әртүрлілігі жағдайын сипаттау үшін қолданылған болатын. 1971 жылдан бастап «мультикультурализм» термині ресми түрде мойындалды. Мультикультуризм үлгісі мәдени өзгешеліктің әртүрлі формаларын бар болуын мойындауды ұйғарады. Ол бір мемлекет шеңберінде әртүрлі этномәдени, конфессионалдық және т.б. құрылымдардың қатар өмір сүруін, олардың өздерінің өзіндік белгілерін, мәдени өзгешеліктен туындаған өмір салтын сақтауға және жария түрде ұстауға құқылы болуды білдіреді. Сонымен бірге мультикультуризм әлеуметтік механизмдердің көмегімен мультикультурлық мозаиканы бақылау және реттеу тәсілі болып табылады.

«Мультикультуризм» ұғымының таралуы америкалық университеттер мен халықаралық ұйымдардың, әсіресе ЮНЕСКО-ның қызметімен тікелей байланысты. Америкалық университеттер бұл ұғымды ғылыми парадигма ретінде негіздеді, ал халықаралық ұйымдар оның этикалық, құқықтық, саяси нормативтілігін айқындады және оның мазмұны толеранттылықтан плюрализмге дейінгі дамуды білдіретінін көрсетті. Мәдениеттердің көптүрлілігі мультикультурализмнің негізі болып табылса, оның парадигмасы әртүрлі мәдени дәстүрлердің еркін бәсекелестігін, оларды ұстанушы адамдардың еркін қарым-қатынасын және кез келген мәдениет элементтерімен танысу және оларды ерікті түрде игеру мүмкіндігін кеңейтуді ұйғарады.

Саясаттанушы Ю.Хабермастың пікірі бойынша, мультикультурализмнің негізі белгісі «...мәдени өмірдің әртүрлі формаларының тең құқылы өмір сүруі» [3]. Басқаша айтсақ, мультикультурализм дегеніміз көпұлтты мемлекетте мәдени бірегейлікті сақтау. Ондай көпұлтты мемлекетте қоғамның тұрақтылығы мен бірлігін жүзеге асыру үшін мультикультуризм саясатын жүргізу қажет. Ондай саясат бейтарап немесе белсенді болуы мүмкін. Бірінші жағдайда ол мәдени көптүрлілікке толерантты қатынас орнатуды қажет етсе, екінші жағдайда сол көптүрлілікті барынша қолдауды және ынталандыруды ұйғарады.

Ресейлік зерттеуші Н. С. Кирабаевтың пікірі бойынша: «Мультикультурализм – бір өмірлік кеңістікте көптеген әртекті мәдени топтардың қақтығыссыз өмір сүруінің теориясы, тәжірибесі және саясаты» [4]. Алайда теорияны тәжірибе жүзінде іске асыру, әсіресе көші-қон үдерісі қарқынды түрде

жүріп отырған жаһандану кезеңінде іске асыру, шешімін табу үлкен қиындықтар тудыратын өте ауқымды мәселе екенін көрсетті.

Жаһандану мен мультикультурализмнің өзара байланысты және ол байланыстың күрделі екені сөзсіз. Мультикультурализм жағдайында халық көптүрлі және әртекті мәдениеттерге жатады. Мәдени өзгешелік әртүрлі мемлекеттер арасында да, бір мемлекеттің ішінде аудан, аймақ, қала және ауыл, этникалық топтар арасында көрініс табуы мүмкін. Сондықтан уақыт өткен сайын нәсілдік, этникалық, мәдени және діни жағынан алғанда барынша әртекті болып отырған демократиялық қоғамның дұрыс әрекет етуін қалай қамтамасыз етуге болады деген сұрақ мультикультурализмнің өзекті мәселесіне айналды. Еуропа елдеріндегі, посткеңестіктік кеңістіктегі мигранттардың мәселесі мультикультурализм саясатына ерекше мән беру керектігін көрсетеді. Еуропада эмигранттарды этникалық және нәсілдік қатыстылығына қарамастан тануды ұсынады. Дәстүрлі деп қарастырылатын басқа қоғамдар мультикультуралистік диалог нәтижесінде дамыған қоғамдарға бейімделуі керек. Әдетте ассимиляция жүзеге аспайды, қайта шешуін талап ететін әлеуметтік сипаттағы мәселелер пайда болады. Бұл жағдайда қақтығыстар тек тұлғааралық қана емес, әлеуметтік топтар аралық қатынастар арасында да орын алуы мүмкін. Еуропаның тұрғылықты тұрғындарына қарағанда иммигранттар ауыр еңбекті қажет ететін жұмыстан бас тартпайды. Алайда олардың бір бөлігі жұмыс істемей, жәрдемақыға өмір сүріп, босқындарға берілетін әлеуметтік кепілдіктерді пайдалануға ұмтылады. Сонымен бірге олар қоғамның толық қанды мүшесі болуға тырыспайды, қайта оларды қабылдаушы қоғамға ашық идеологиялық қарсылық білдіреді. Бұндай елдің әлеуметтік бірлігі мен қоғамдық қатынастардың тұрақтылығына қауіп төндіретін, этникааралық қақтығыстарды тудыратын жағдай кез келген мемлекет тарапынан нақты қадамдарды қажет етеді. Өзге мәдениеттер өкілдерінің еңбек көші-қоны деңгейінің өсуі тек экономикалық емес, әлеуметтік-мәдени сипат алған расизм, ұлттық жек көрушілік, дикриминация секілді құбылыстардың орын алуына әкелді. Жергілікті тұрғындар мен шеттен келгендер арасында мәдени айырмашылықтар барынша айқын көріне бастады. Көбінесе көші-қон үдерісі ауыртпалықтармен жүзеге асатыны және әрдайым оң нәтиже бермейтіні түсінікті болды. Сондықтан мультикультурализм саясатын басшылыққа алу, оны әлеуметтік өзгерістерді жүзеге асырудың басты құралына айналдыру қажеттілігіне көз жеткізілді.

Қазіргі әлемде мультикультурализм саясаты әртүрлі аспектілерде қарастырылады: бір жағынан, ол қандай да бір мемлекеттің мәдени көртүрлілігі, екінші жағынан, полиэтникалы мемлекеттің әлеуметтік саясатының құралы. Мультикультурализм саясатының мақсаты әртүрлі мәдениеттер өкілдері болып табылатын әлеуметтік топтардың мүдделерін үйлестіру, мәдени өзгешеліктер негізінде орын алған индивидуалды және институционалды дискриминацияны болдырмау, толеранттық тәртіпті орнату арқылы қоғамның тұрақтылығын сақтау, этномәдени негіздегі қақтығыстық жағдайлардың алдын алу, болдырмау, ал болған жағдайда қақтығыстарды дәстүрлі бағытқа бұру болып табылады.

Мультикультурализм – ойластырылған этникалық саясатты қажет ететін күрделі құбылыс. Ресейлік ғалым, тарихшы А. М. Кузнецовтың ойынша, мультикультурализм мен этникалық саясат бос кеңістікте, вакуумда, қоғамда қалыптасқан әлеуметтік-саяси жағдайдан оқшау жүзеге аспайды, өйткені ол ортаның ықпалын сезінеді және өзі де оған ықпал етеді [5]. Сондықтан әртүрлі ұлт өкілдері болып табылатын адамдар өздерінің мәдени өзіндік ерекшеліктерінен бас тартпай бірлесе әрекет ете отырып, қатар өмір сүруді үйренулері керек. Тарихы, мәдениеті және бірегейлігі әртүрлі адамдар топтарының бейбіт қатар өмір сүруі бәріне ортақ өзара толеранттылық қағидаларын басшылыққа алу негізінде ғана жүзеге асады. Ал әртүрлі этномәдени азшылықтардың мүдделерін ескеретін мультикультурлы қоғамда орын алатын мәселелерді шешуде әр нақты жағдай жеке дара қарастырылуы қажет.

Мультикультурализм шеңберінде мәдени көпшілік пен азшылықтың өзара қатынастарына байланысты теоретиктер екі нұсқаны ұсынады. Бірінші нұсқаға сәйкес мультикультурализм басқа мәдениет өкілдері мекен етуші елдің «жетекші» мәдениеті негізіндегі қоғамның нормалары мен қағидаларын міндетті түрде қабылдау қажеттілігін алға тартады.

Екінші нұсқаға сәйкес барлық мәдениеттер мен мәдени өзгешеліктерге толерантты түрде құрметпен қарау керек және сонымен бір мезгілде трансмәдени құндылықтарды, яғни әлеуметтік-саяси бағыттағы жалпы гуманистік ұстанымдарды мойындау қажет.

Мультикультурализм саясаты тұрғылықты халқы иммиграцияның есебінен қалыптасқан Канада, АҚШ және Австралия секілді елдерде жүзеге асырылған болатын. Сонымен бірге мультикультурализм саясатын кезінде империя болған және отарларды иемденген Германия, Франция, Ұлыбритания секілді Еуропа Одағының «ұлттық» мемлекеттері де қолдана бастады. Алайда аты аталған елдердің бәрінде мәдени плюрализм мәселесінің өзіндік ерекшеліктері бар, олай болса, мультикуль-

турализм саясатының инструменталды сипаты да өзгеше болмақ. «Иммиграциялық» және «ұлттық» мемлекеттерде көші-қон тудырған мәдени көптүрлілікті қарастыру тәсілдері де өзгеше.

Шындығына келгенде мультикультурализм әртүрлі мәдениеттер мен оларды ұстанушылардың бәріне ортақ бір қоғамда, бір құқықтық, әлеуметтік, экономикалық алаңда қатар өмір сүрудің ережелері мен нормаларын қалыптастыру болып табылады. Қысқаша айтсақ, мультикультурализм – жаһандану дәуірінде жеке ұлттық (этникалық) мәдениеттердің қалай өміршеңдігін сақтайды деген сұраққа берілетін жауаптардың бірі. Қазіргі жаһандану жағдайында бір қоғам ауқымында мәдениеттердің қақтығысын болдырмаудың бір ғана жолы – мәдениеттердің өзара келісімі, үйлесуі. Бұл болашағы бар, ең дұрыс және адамгершілікті басшылыққа алған, яғни тығырықтан шығуға мүмкіндік беретін жол болып табылады. Бұндай жағдайда мультикультурализмнің төмендегідей қағидаларға сүйенуі қажет болады. Біріншіден, қоғам шеңберінде орныққан мәдени дәстүрлерді қорғау және қоғамда орын алған плюрализмді құрметтеу. Екіншіден, этномәдени бірегейлену мен мемлекеттік бірегейленудің өзара толықтырылуын қамтамасыз ету. Үшіншіден, экономика және саяси салалардағы әлеуметтік теңсіздікті қысқартуға ұмтылу. Төртіншіден, қоғамдық сөздікке кіретін терминдерді саяси тұрғыда орынды қолдануды қолға алу.

Сонымен, жаһандану мен мультикультурализм үдерістерін қарастыра отырып, олардың арасындағы байланыстың екі жақты екенін көруге болады. Бір жағынан, бүкіл адамзатты экономикалық, саяси, әлеуметтік және мәдени өзара қарым-қатынаспен толықтай қамтитын жаһандану үдерісі бүгінгі күнге дейін әлі де қалыптаса қоймаған, алайда қалыптасуы мүмкін деген қандайда бір әлемдік мәдениеттің негізі болып табылады. Екінші жағынан, жаһандау үдерісінің, соның ішінде мәдени жаһанданудың кең қанат жаюынан мәдениеттердің көптүрлілігін сақтауға, жергілікті мәдениеттердің өзіндік ерекшелігін қорғауға, жаһандық кеңістікте сол мәдениеттердің ерекшеліктерінің өзгеше көрініс табуына ұмтылу орын алады. Алайда қандай жағдай болса да, көптүрлі мәдениеттердің өзара тығыз байланысы, ықпалдасуы, бірін бірі түсіну, мойындау мүмкіндігі арта бермек.

1 Пирогов Г. Г. *Глобализация и цивилизационное многообразие мира / - Москва : Слово. Ч. 1 : Россия и Запад в процессе глобализации. - 2002. - 400 с.*

2 Бузгалин А. В. *Альтерглобализм. Теория и практика антиглобалистского движения. - М.: Едиториал УРСС, 2003. - 256 с.*

3 Хабермас Ю. *Вовлечение другого. Очерки политической теории. — СПб.: Наука, 2001. - 417 с.*

4 Кирабаев Н. С. *Культурная идентичность, плюрализм и глобализация в современном философском дискурсе // Культурная идентичность и глобализация Доклады и выступления 5-й международной философский симпозиум «Диалог цивилизаций Восток-Запад». М. 2002. С.15–20.*

5 Кузнецов А. М. *Формирование мультикультурных наций в условиях глобализации: Канадский вариант. // Метод. 2010. № 1. - с.174.*

Резюме

Мультикультурализм в условиях глобализации: философско-социологически анализ

Мадалиева Ж.К. – кандидат философских наук, доцент общеуниверситетской кафедры политологии и социально-философских дисциплин КазНПУ имени Абая, zhanna_madalieva@mail.ru

В статье рассматриваются процессы глобализации и мультикультурализма, их взаимовлияние и взаимодействие. Анализируя различные точки зрения видных исследователей на проблемы глобализации и мультикультурализма, предпринимается попытка ответить на вопрос: каковы место и роль мультикультурализма в глобальном мире.

Ключевые слова: глобализация, мультикультурализм, интеграция, культура, политика, миграционные процессы.

Summary

Multiculturalism in the context of globalization: the philosophical and sociological analysis

Madaliev Zh. K. – PhD, associate professor of political science and university socio-philosophical disciplines in KazNPU named after Abai

The article examines the processes of globalization and multiculturalism, and their mutual interaction. Analyzing the different viewpoints of prominent researchers on the challenges of globalization and multiculturalism, an attempt to answer the question: what is the place and role of multiculturalism in a globalized world.

Key words: globalization, multiculturalism, integration, culture, politics, migration processes, culture, policy, migratory processes.

ҚАЗАҚСТАН ҚОҒАМЫНЫҢ МОДЕРНИЗАЦИЯЛАНУЫ ҮДЕРІСІНІҢ ТОП-МЕНЕДЖЕРДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫНА ЫҚПАЛЫ

Т.Б.Таукелова, Д.Б.Амантаева, Ж.Ү.Сегізбаева –

С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық Медицина Университеті, аға оқытушылары,
Төле би 94, batyrkyzy76@mail.ru, amantaeva.d@kaznmu.kz, segizbaeva.zh@kaznmu.kz

Мақалада Қазақстан қоғамының модернизациялану үдерісінің басқарумен топ-менеджерге ықпалының ролі қарастырылады. Сонымен қатар, топ-менеджерлердің модернизациялану үдерісіндегі әлеуметтік құндылықтарының өзгеруі мен жаңа әлеуметтік құндылықтардың қалыптасуы мәселелері де зерттеледі. Басқарушының қазіргі уақытта жаңа технологиялар мен инновацияларды пайдалану мүмкіндіктерінің жоғары екендігі қарастырылады.

Түйін сөздер: модернизация, инновация, прогресс, топ-менеджер, технология, әлеуметтікқұндылық.

Қазіргі уақытта модернизация үдерісі экономика мен саясатты ғана емес, мәдени-әлеуметтік саланы да қамтып отыр. Қазіргі әлеуметтік теориядағы модернизация ең өзекті тақырыптардың қатарында тұрғандығы мәлім. «Саяси түсіндірме сөздікте Модерн-[франц. moderne-қазіргі]-жаңа әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдарда XVIII ғасырдың соңынан бастау алатын өнеркәсіп төңкерісінен бергі қазіргі дәуірді атау қалыптасқан. Модернизация – қазіргі заман талаптарына сай өзгеру. Д.Ростоудың пайымдауынша, модернизация арнайы мағынасында – адамдар арасындағы тығыз әріптестіктің арқасында табиғатты толық бақылай алу процесі», - деп анықтама берген.[1.381 б.]. «Модернизация үдерісіне тән сипат мыналар деп көрсетеді ресейлік ғалым Побережников И.В. өзінің мақаласында, оның:кешенділігін, себебі, ол қоғамның барлық салаларын қамтиды;жүйелілігін, қоғам өмірінің барлық салаларының тұтастай өзгеруі, саяси және мәдени өзгерістер экономиканың өзгерісіне әкелуі мүмкін немесе бұл процесс керісінше жүруі мүмкін; глобалды сипат алуын, Батыс-тан бастау алған бұл өзгеріс, әлемді қамтып отыр; ұзақтығын, бұл үрдіс сағаттап емес, кезеңмен баяу жүретін үдеріс болып табылады»-[2.105б.] деп сипаттаса, отандық ғалым «Модернизация үдерісінде үлкен роль атқаратын индустриализация болып табылады. Постиндустриалды экономикаға тән екі басты қозғаушы күш-білім және оларды жаңа технологиялармен материалдануы. Жаңа технологиялардың пайда болуы, жаңа ғылыми идеяларсыз және оларды инновацияда қолданбай мүмкін емес» - деп жазады К.Бишимбаев. [3.63б.] Модернизация жаңа әдістерді, инновациялық даму мен новаторлық ойлаудың қазіргі заманғы кезеңі болып отыр. Сондықтан да, бүгінгі күннің талабы басқару мен басқарушыдан жаңа әдістерді, жаңа инновацияларды, ойлаудың новаторлық стилін және жалпы адамдық құндылықтарды бірінші кезекке қойып отыр.

Жаһанданудың бұл кереғар сипаттары адам мен қоғамның күш-қуатын байлап-матайтын үрейлі құбылыс емес. Оның осы сипаттары туралы айтқанда, біз мәдени және керісінше, жаһандану үрдісінің артықшылықтарының ұлттық мәдениеттерді дамытуға да үлкен мүмкіндіктер туғызатынын да атап өту керек. «Ұлттық құндылықтар мен мүдделерге сай тәрбие алған адамдар, азаматтық қоғамды құрып, мемлекетке пікір айтуға қабілетті адамдар, болып жатқан құбылыстардың мәнін түсінетін адамдар, соның ішінде мемлекеттік мекемелерде қызмет ететіндер жаһандану үрдісінен оның тиімді, пайдалы жақтарын алып, бүлдіруге бағытталған ниеті мен үрдістеріне қарсы тұра алады» [4. 7 б].

«Сонымен қатар, экономикалық және мәдени өзара тәуелділіктің өсуіне қарамастан, әлемдік глобалды жүйеде теңсіздіктің жарылуы, тек жалпы ғана емес қарама-қайшы мүдделерді де иеленеді» - деген американ ғалымы Ф.Гидденс [5.392 б]. Мұны ғалымның өзі де жаһандану теориясындағы басты нәрсеге - модерннің жергілікті әдет-ғұрып пен дәстүрге тигізетін ықпалына, жергілікті және жаһандық диалектикаға назар аудару керектігін баса айтқан. Сонымен қатар, Қазақстанда социология ғылымының негізін қалаған ғалым К.У.Биекенов өзінің кітабында: «Жаһанданудың мотиві мен мақсаты капитал, товар, қызмет көрсету, сонымен қатар, жұмысшы күшінің ұлттық шекарада түйісуімен және трансұлттық сипат алуымен осы үрдіске негізделуі болып табылады. Олар құндылықтар ағымымен шығарып салынууда. Билік құрылымдары алдындағы басты міндет барлық әлем халқы үшін жаһанданудың позитивті факторларын қамтамасыз ету болып табылады» - деп жазады. [6.146б]

Әрбір жанартудың жаңа кезеңдерінде технологиялық, ұйымдастырушылық, басқарушылық және әлеуметтік жаңашылдық жатыр. Осы жаңашылдықты ендіру мен жүзеге асыру технологиялық және әлеуметтік мәселелерді шешумен байланысты екендігін ұмытпауымыз керек.

Модернизацияның әрбір жаңа кезеңінде технологиялық, ұйымдастырушылық, басқарушылық және әлеуметтік инновациялар жатқандығы белгілі. «Қазір уақытта «Өндірістік 2020» бағдарламасы Қазақстан Республикасы Президентінің «Жаңа он жылдық -Жаңа экономикалық өсу- Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауының шеңберінде қысқа мерзімде қазақстан бизнесінің дамуының жаңа парадигмасы жасалынды. Бағдарламаның мақсаты орта және ірі кәсіпорындардың эффективтілігін жоғарлатуға көмектесу, өндірістің технологиялық модернизациясын жасау ғана емес, қазіргі заманғы басқару технологиясын ендіру арқылы жұмыс істеу болып отыр. Мемлекеттік сектор мен оның тікелей емес реализаторларының алдында осы міндетті жүзеге асыру үшін үлкен біріккен жұмыс тұрғаны мәлім. Модернизацияның мақсаты қазақстандық компаниялардың жергілікті нарықтағы бәсекеге қабілеттілігін, оның өндірісі мен құрал жабдықтарын екі есе жоғарлату және олардың шетелдегі экспансиясы үшін платформаны қамтамасыз ету керек». [7. 26] Бірақ, біздің менеджменттің деңгейін ескере отырып, оның қаржылай жағдайы, салмақты стратегияларды жүзеге асырудағы қабілетіміздің төмендігі, отандық кәсіпорындардың депрессиясын ескере отырып, бұл өте күрделі міндет екенін түсінуіміз керек. Сонымен қатар, еңбектің эффективтілігіне бизнестің инновациялық белсенділігі, мықты брендтер, персоналдардың біліктілігі, нарықтағы қолжетімділік, өнімді немесе қызметті сатуда әсер етеді. Қазіргі басқару технологиясын ендіру ролі кілттік болып табылады. Жалпы еңбектің өндірістілігіне негізгі факторлар тобы әсер етеді: біріншіден, негізгі капитал факторлары; оның сапасы, даму деңгейі, инвестицияларды пайдалану дәрежесі және құрал жабдықтардың материалдық негізін құрайды. Бұл факторлар еңбектің автоматизациясы мен механизациясымен байланысты, прогрессивті технологияларды ендіру, сапалы және эффективті материалдарды пайдалану болып отыр. Екіншіден, әлеуметтік-экономикалық факторлар; бұл жұмыскерлердің құрамы мен сапасы, еңбек жағдайы, жұмыскерлердің еңбекке қатынасымен сипатталады. Әлеуметтік- экономикалық факторлар тобында жұмысшы күшінің сапасы мен құрамы ерекше роль атқарады. Индивидуалды жұмыскердің өндірістік еңбегі оның қабілетіне, шеберлігі мен біліміне, жасына, денсаулығына және басқа да себептерге байланысты. Сондықтан да, жұмыскерге таңдау жасағанда, әңгімелесу, еңбек сапасының бағасы, аттестация мен профессиография жүйелері көмектеседі. Үшіншіден, ұйымдастырушылық факторлар; олар еңбек пен басқаруды ұйымдастыру бойынша, персоналдар менеджменті, яғни біртұтас кешен еңбек өндірісінің өсуіне тікелей әрекет ететіні сөзсіз. Кәсіпорынның орналасуы мен көлемі, оның специализациясы, схемалары, кәсіпорынның құрылымы мен басқару стилі, оның бөлімдерінің міндеттерді анықтауы жатады. Сонымен бірге, негізгі фактор, ұжымдағы өзара қатынас пен еңбек дисциплинасының болуы ықпал етеді. Мұнда, біріншіден, қызметкерлердің құндылықтар жүйесі мен өзара әрекет принципі, персоналдар мен жұмыскерлердің тәртібіне әсер етуші қағидалар, топтағы және ұжымдағы олардың өзара қарым-қатынасы, екіншіден, жұмыскерлердің активизация шамалары, үшіншіден, басқарушылық шешімдердің орындауына бақылау жасау және қателіктерді түзету жатады. Кәсіпорынның материалдық-техникалық қамтамасыз етілуі өндіріс қызметінің маңызды көрсеткіші болып келеді. Модернизация үдерісі бүгінде басқару жүйесі мен оның басқарушысына өзінің ықпалын тигізуде. «Басқарудың технологияларын да дұрыс пайдалану қажеттігі туындап отыр. Бұл өте кең ұғым, өзіне түрлі аспектілерді кіргізеді, қаржылық есептерді дұрыс жүргізу, ішкі аудиттің халықаралық кәсіби стандарты, қазіргі заманғы тәуекел менеджмент, менеджмент сапасының жүйесі, өндіріс технологиясын сақтау, көрсеткіштердің баланс жүйесі, эффективтіліктің кілттік көрсеткіштері және тағы басқалары жатады. Кілттік басқару технологиясына жоғарыда аталғандар және спецификалық басқару технологияларын сәтті ендіре білуге де тәуелді, сонымен бірге, техникалық және технологиялық инновацияларды қолдану мен оларды эффективті ендіре білу корпоративті басқарудың алдында тұрған міндет. Бұл осы кілттік шешімдердің технологиясын өңдей білу және оны жүзеге асыру үшін бақылау жасау, жоғары деңгейдегі стратегиялық басқару мен бақылауға да байланысты» - деп жазады автор Беликов И.В. [8. 236.] Автордың пікірлерімен де келісуге болады, себебі, модернизациялау үдерісі басқаруды оңтайландыру мен басқарушының ұйымдастырушылығына басты көңіл аударып отыр. Корпоративті басқарудың алдында тұрған маңызды үдерістерді жүзеге асыру компаниялардың жетістікпен дамуына, жалпы алғанда, экономиканың дамуына ықпал ететіні анық: Стратегияны өңдеу – компанияның иелері, стейкхолдеры, компанияның қызметі, персоналдар, кредиторлар, клиенттер, поставщиктер, территория, компания менеджменті жатады. Халықаралық инновация

стандартына сәйкес, инновациялық қызметтің нәтижесі ретінде жаңа өнімді, жаңа технологиялық процесті жаңа тәсілмен әлеуметтік қызметке ұсыну болып табылады. «Инновация ғылыми-техникалық прогреспен, оның нәтижесімен байланысты. Бүгінгі күнде талап етіліп отырған ұйымның инновациялық қызметі ол күрделі процесс. Оған түрлі ішкі және сыртқы факторлар ықпал етіп отыр, оларды басқару кезінде есепке алу керек. Инновацияны жетістікпен жүзеге асыру үшін маңызды болып табылатын алғышарттар қажет: - нарыққа қатал бағдардың болуы мен кәсіпорынның мақсатымен инновацияның сәйкес келуі; - таңдаудың эффективті жүйесі мен жобалардың бағасы; - кәсіпорындарда шығармашылық идеялардың қайнар көздерінің болуы; - ұйымдарда жаңалықты ендіруді қабылдау және инновациялық қызметтің нәтижесіне индивидуалды және ұжымдық жауапкершіліктің болуын», - атаған. [9.14б.] Әрине, бұл міндеттерді инновациялық менеджменттің шешетіні рас. Ол кәсіби қызметтің өзіндік саласы, материалдық, еңбектік, қаржылық ресурстарды рационалды пайдалану жолымен кез келген инновациялық мақсатқа жетуді қамтамасыз ету және соған бағыттап қалыптастыру болып табылады. Инновациялық менеджментті меңгеру уақыт талабы, ол формальды және формальды емес ережелерден, принциптер мен нормалардан, қағидалар мен құндылық бағдарларынан тұратын жүйе және постиндустриалды қоғамның шеңберінде мыналарды қамтып отыр: біріншіден, әлеуметтік-экономикалық институттар, олар кәсіпкерлік қызметтер мен өмір образына, қоғамның барлық салаларына белсенді ықпал тигізіп отыр, екіншіден, менеджерлердің әлеуметтік топтары, қоғамдық еңбек салаларын кәсіби басқаруды талап етіп отыр, үшіншіден, ғылыми пәндер, өндірісті басқарудың технико-ұйымдастырушылық, әлеуметтік-экономикалық аспектілерін зерттеу қажет деп ойлаймыз.

1 Саяси түсіндірме сөздік. Жүйелі зерттеулер институты. Астана, 2007, -616б

2 Побережников И.В. Модернизация: определение понятия, параметры и критерии//Историческая наука и историческое образование на рубеже XX- XXI столетия. IV Всероссийские историко- педагогические чтения. Екатеринбург, 2000. С 105-121.

3 К.Бишимбаев. Основы индустриальной модернизации в условиях глобализации. //Ізденіс, гуманитарлық ғылымдар сериясы, 2010, №4, -61-65с.

4 Телебаев Г.Т., Шайкенова А.Т., Омирсеитова А.К и др. Казахстанская культура сегодня: ценности, потребности, институты. – Астана: Елорда, 2002. – 232 с.

5 Гидденс Ф. Социология М. 1999. – 531 б

6 Биекенов К.У. Биекенова С. Кенжақимов Г.А. Основы социологии. Учебное пособие. А. 2011. -453 ст.

7 Қазақстан Республикасы Президентінің «Жаңа он жылдық -Жаңа экономикалық өсу- Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауы. // Егемен Қазақстан. 18қаңтар, 2010ж.1-2 б.

8 Беликов И.В., Вербицкий В.К., Пономарев А.К. Модернизация: корпоративное управление и инновации // Экономические стратегии. № 9. 2010. -23-27с.

9 Вооробьев В.П., Платонов В.В., Рогова Е.М., Тихомиров Н.Н. Инновационный менеджмент. СПб; 2008. – 281 с.

Резюме

Влияние процесса модернизации Казахстана общества на социальные ценности на примере топ-менеджеров.

Т.Б. Тауекелова, Д.Б.Амантаева, Ж.У.Сегізбаева – Казахский Национальный медицинский университет им. С.Ж.Асфендиярова, старший преподаватель. Толе би 94, batykyzy76@mail.ru, amantaeva.d@kaznmu.kz, segizbaeva.zh@kaznmu.kz

В статье анализируется влияние процессов модернизации общества на управление и личность топ-менеджера. А также исследуется трансформация существующих и формирование новых социальных ценностей установок топ-менеджеров в результате модернизации. Автор отмечает, что современные управленцы имеют широкие возможности применения новых инновационных технологий в этой сфере.

Ключевые слова: модернизация, инновация, прогресс, топ-менеджер, технология, социальная ценность.

Summary

Influence of the process of modernization of the Kazakhstan society on the social values of the example of top managers

T.B. Taukelova, J.B. Amantayeva, Zh.U. Segizbayeva - S.Zh. Asfendiyarov Kazakh National Medical University, senior lecturer. Tole Bi 94, batykyzy76@mail.ru, amantaeva.d@kaznmu.kz, segizbaeva.zh@kaznmu.kz

The article analyzes the influence of modernization processes of the society management and the personality of the top manager. And explores the transformation of existing and the creation of new social values of top managers as a result of modernization. The author notes that modern managers have a wide range of applications of new innovative technologies in this field.

Key words: modernization, innovation, progress, a top Manager, technology, social value.

УДК 141.7

АДВЕНТИСТСКАЯ ВЕТВЬ В ПРОТЕСТАНТИЗМЕ И ЕЕ СОВРЕМЕННОЕ СОСТОЯНИЕ В КАЗАХСТАНЕ: СОЦИАЛЬНО - РЕЛИГИЕВЕДЧЕСКИЙ АНАЛИЗ

А.И. Артемьев – профессор общеуниверситетской кафедры политологии и социально-философских дисциплин КазНПУ имени Абая, доктор философских наук, artur_proff@mail.ru

В статье профессора А.И.Артемьева проведен социально-религиеведческий анализ одной из крупных протестантских церквей – Адвентистов Седьмого Дня.

Автор кратко рассказывает об истории этой Церкви и ее «прорицательнице» Элен (Елене) Уайт. На основе ее трудов и главных социально–религиозных источников он рассматривает учение Адвентистов Седьмого Дня и организационную структуру Церкви.

Большое место в статье занимает история проникновения адвентизма в Россию и Казахстан, его современное состояние. Не обошел автор и историю раскола, создание сектантского направления Адвентистов – реформистов.

Ключевые слова: адвентизм, миллериты, веротерпимость, ривайвализм, Реформация, доктрина, уровни организации, раскол.

В 2016 году исполнилось 130 лет со дня основания первой общины Адвентистов Седьмого Дня в Царской России и 110 лет со дня официального признания Церкви АСД в Российской империи. Это – в определенной мере повод, чтобы вспомнить историю Церкви, поговорить о ее современном состоянии, тем более, что в Казахстане ее общины начали свою религиозную деятельность еще в начале прошлого столетия.

Сама же конфессия ведет свое начало с 30-х годов XIX века. Именно тогда, а точнее – летом 1831 г., проповедник баптистской общины г. Хэмптона (США) Уильям Миллер (1782 - 1849) объявил, что вычислил дату второго пришествия Христа – 21 марта 1843 г.

Свои размышления он изложил в книге «Свидетельства из Священного Писания и истории о втором пришествии Христовом в 1843 и его личном царствовании 1000 лет».

Она вышла в свет в 1831г. Его сторонников стали называть *миллеритами*, хотя сам он первоначально не порвал с баптистской общиной, в которой состоял с 1816г., и основными её принципами. Начатое им движение было межденоминационным (к примеру, к нему присоединился методист И.Лич). По своим формам оно имело некоторое сходство в *ривайвализмом*. [1]

Правда, последователи Миллера впоследствии дали его словам несколько другое толкование, стараясь более не называть точной даты второго пришествия. Они заявляли, что в 1844 г. Христос вступил в «святая святых» небесного храма.

В ходе дискуссии вокруг основ вероучения миллериты раскололись на несколько направлений: Адвентисты Седьмого Дня, две Церкви Бога, Христианская Церковь Пришествия, Христианская Церковь Первозванного Адвента. Среди них самым крупным являются Адвентисты Седьмого Дня. [2]

Как пишет пастор Церкви, магистр богословия Даниил Павелко, «в названии Церкви соединены два основополагающих понятия: Второе пришествие Христа (от лат. «adventus» - пришествие), которое положит конец власти греха и принесет спасение всем принявшим Его своим Господом и Спасителем, и седьмой день недели – суббота, являющаяся памятником сотворения мира. Таким образом, в названии Церкви соединено два величайших акта: изначальный – сотворение мира, и заключительный – Второе Пришествие Христа в мир, когда Бог установит Свое вечное царство. Адвентизм представляет собой дальнейшее развитие протестантской Реформации (вторая волна - А.А.), начавшейся в Европе в 16 столетии. Целью Реформации было восстановить Христианскую Церковь такой, какой она была у истоков своего образования, когда Христос и апостолы учредили ее. Стремясь к чистоте христианского учения, реформаторы основывали свою веру на Священном Писании: «Sola skriptura», или «только Библия». [3]

«Прорицательницей» движения Адвентистов Седьмого Дня стала Элен (Елена) Уайт (1827 – 1915), провозгласившая откровение о праздновании субботы вместо воскресенья и «санитарскую реформу» - запрет на употребление свинины, чая, кофе, табака, алкоголя, на использование ряда медикаментов.

Элен Уайт родилась 26 ноября 1827 г. в США недалеко от городка Горхем, штат Мэн. Элен и ее сестра Елизавета были близнецами и являлись самыми младшими в семье простых американских фермеров Роберта и Юники Хармон.

Они были методистами (первоначально – направление в англиканстве, относящееся к т.н. протестантизму «второй волны»). Но затем и родители, и их дети подпали под влияние проповедей У.Миллера, за что в 1843г. вся семья была исключена из методистской церкви.

Элен присоединилась к зарождающемуся движению адвентистов, а выйдя замуж в 1846 году, она, вместе с мужем Джеймсом Уайтом, все последующие годы посвятила служению Богу и людям.

Наследие Элен Уайт, в котором она разработала основные положения этого протестантского направления, довольно обширно. Ее «Свидетельства для Церкви» составили 9-томный цикл. Так, к 2000-летию Рождества Христова на русском языке был издан 5-томник ее трудов, в который вошли: «Патриархи и пророки», «Пророки и цари», «Желание веков», «Деяния апостолов» и «Великая борьба». Кроме того, издана своеобразная энциклопедия семейной жизни под названием «Христианский дом».

В трудах Э.Уайт нашли отражение такие библейские доктрины, как Св. Троица, Божий план искупления, воплощение Сына Божия, его смерть и воскресение. Она дала свое толкование сложному и постоянно оспариваемому вопросу о законе и благодати, проблеме греха в плане спасения человека Христом. К примеру, в «Правилах счастливой жизни» она писала: «Каким бы ни было ваше прошлое, какими бы ни были ваши разочарования в настоящем, если вы придете ко Христу такими, какие вы есть, слабые, беспомощные и отчаявшиеся, наш сострадательный Спаситель встретит вас, когда вы будете далеко, заключит вас в Свои объятия бесконечной любви и облечет в одежду праведности».[4]

Ее перу принадлежит объяснение истин о Седьмом дне – субботе Господней, о святилище, о состоянии человека после смерти, о тысячелетнем царстве и т.д. В своих произведениях Э. Уайт неуклонно подчеркивала роль и значение Библии в духовном опыте людей.

Развивая идеи Реформации о восстановлении Христианской Церкви такой, какой «она была у истоков образования, когда Христос и апостолы учредили ее», и многое взяв из баптизма, адвентисты седьмого дня внесли в свою доктрину ряд новых положений, в частности, об уже начавшемся втором пришествии Христа и учение о том, что душа человека умирает и воскресает вместе с телом.

Адвентисты Седьмого Дня верят, что:

- единственным и непреложным символом веры является Библия;
- все 66 канонических книг Ветхого и Нового Заветов являются богодухновенным мерилем и основанием христианской веры;
- вся Вселенная, видимый и невидимый мир, созданы великим и Всесильным Творцом, триединым Богом – Отцом, Сыном и Святым Духом;
- человек создан по образу и подобию Божьему свободной и мыслящей личностью, поэтому в вопросах совести и религии все в одинаковой мере имеют право на свободу выбора;
- грех вошел в мир у истоков истории человечества. Грех есть разрыв взаимоотношений между Богом и людьми; грех есть нарушение Закона Божьего;
- Закон Божий – Десять заповедей – это вечный и неизменный закон любви и счастливой жизни. Он является фундаментом нравственности для всех поколений людей во все времена;
- Иисус Христос – Сын Божий – в определенное Богом время пришел в наш мир, чтобы совершить спасение и искупление человека от греха. Он жил на земле как Сын Человеческий во плоти, в то же время являясь Сыном Божьим. Его Божественная природа была облечена в человеческое естество;
- Иисус Христос открыл людям характер Бога невидимого и показал пример любви человека к человеку;
- Христос умер за наши грехи и является нашим Спасителем, если мы доверяем Ему. Он воскрес в первый день недели по Писанию и вознесся во славе спустя сорок дней после воскресения;
- человек должен оберегать свое духовное и физическое здоровье и вести здоровый образ жизни, воздерживаясь от вредных привычек, алкоголя, курения, наркотиков и всего, что разрушает человеческое тело и душу;
- человек не имеет в самом себе бессмертия, поэтому со смертью прекращается физическая и духовная жизнь человека. Сознание и бессмертие, согласно Евангелию, верующий человек обретет только после воскресения из мертвых, которое совершится при Втором пришествии Христа;

- каждый человек может получить прощение всех своих грехов и спасение через веру в Иисуса Христа. Именно поэтому в АДС крестят во имя Отца, Сына, Святого Духа только тех людей, которые сознательно верят и дают обещание служить Богу и Соблюдать Его заповеди;

- Христос основал на земле Свою Церковь, которая объединяет людей, принимающих Его как своего Спасителя и желающих соблюдать все, что Он заповедал. Следуя повелению Христа, Его последователи проповедуют Евангелие – Благоую весть о спасении и служат нуждам людей.

В *«Церковном руководстве»* сказано, что в Церкви адвентистов седьмого дня «осуществляется представительная форма церковного правления», т.е. авторитет церкви «представлен в лице всех ее членов, а исполнительные обязанности по управлению церковью возложены на представительные органы и служителей», при этом признается равенство всех рукоположенных служителей.

Для адвентистов седьмого дня характерны **четыре уровня** организации: от отдельного верующего – к Всемирной Церкви

1. Местная Церковь (община), представляющая собою сообщество отдельных верующих.

2. Местная конференция (или местное поле/миссия), которая объединяет общины в границах отдельного государства, области, территории.

3. Унионная конференция (или унионная миссия), объединяющая целый ряд конференций, миссий или полей в пределах более обширной территории.

4. Генеральная Конференция – самая крупная организационная структура, объединяющая все унионы во всех частях мира. Дивизионы – это отделения Генеральной Конференции, обладающие административной властью на закрепленной за ними территории.

«Каждый член церкви имеет право голоса в избрании служителей церкви. Церковь избирает служителей местной конференции. Делегаты, избранные местными конференциями, избирают служителей унионных конференций, а делегаты, избранные унионными конференциями, избирают служителей Генеральной Конференции. При такой организации каждая конференция, каждое учреждение, каждая община и каждый член церкви имеет прямо или через представителей право голоса в избрании служителей, исполняющих руководящие обязанности в Генеральной Конференции».

«На всех четырех уровнях Церкви действует целый ряд учреждений. Адвентисты седьмого дня, будучи последователями Христа, осознают свою ответственность в том, чтобы служить с полной отдачей в осуществлении евангельской миссии, следуя примеру Господа и Его апостолов. В своей всемирной миссионерской работе они продолжают дело своих предшественников в развитии учреждений образования, воспитания, здравоохранения, издательств и других».

В соответствии с теологией и основными принципами Церкви АСД подобные учреждения с самого их основания были неотъемлемыми частями Церкви, непосредственными инструментами в выполнении ее Божественной миссии. Церковь АСД использует все свои учреждения в качестве элементов служения в области здравоохранения, производства здоровых продуктов питания, издательского дела и образования; они неотделимы от общей миссии Церкви – нести евангельскую весть всему миру.

Все многочисленные подразделения Всемирной Церкви – общины, конференции, учреждения здравоохранения, издательства, школы и другие организации – находят организационное единство в Генеральной Конференции АСД, где они имеют свое представительство. Через них Всемирная Церковь осуществляет евангельскую работу во имя Христа, отвечая нуждам погрязшего в грехе мира.[5]

В Россию идеи адвентизма[6] проникли уже в середине XIX века через печатную литературу, которую высылали западноевропейские переселенцы из Америки своим родственникам, жившим на берегах Днепра, в Крыму, Поволжье и на Кавказе. Первая адвентистская община была образована во время посещения России миссионером Конради в 1886 году. Тогда в Крыму, в местечке Бердыбулат, приняли крещение 19 немецких поселенцев. К 1891 году последователи адвентистского учения уже были в Поволжье, на Дону, в Крыму, на реке Молочной (Украина), в Кубанской области, в Бессарабии, на Волыни, в Привислинском и Прибалтийском краях. Подготовка библейских работников велась в Гамбурге, где с 1889 по 1899 год постоянно обучалось несколько студентов из России. Начиная с 1899 года, для русских студентов было открыто отделение во Фриденсау (Германия). В конце 90-х годов XIX века и в первые годы XX века евангелизация успешно проходит и в таких крупных городах, как Рига, Петербург, Киев, и др. Всего в России к 1901 году было 37 общин, 1288 членов и 13 проповедников.

С провозглашением 17 апреля 1905 года религиозной свободы и после выхода особого циркуляра министра внутренних дел от 1906 года, юридически признававшего Церковь АСД как религиозную организацию, условия для пропаганды адвентизма значительно улучшились. В 1907 году в Риге было учреждено трактатное общество, распространявшее литературу на русском, немецком, латышском, эстонском и польском языках. Здесь же находился центр управления всем движением в России, которое выделяется в самостоятельную «Российскую Унионную конференцию» под председательством Ю.Г.Бетхера. В мае – июне 1909 года русская делегация уже участвовала в работе 37-й сессии Генеральной конференции в Такома-Парке. К 1911 году, когда Адвентистская церковь получила статус независимой конференции, ее весть распространялась далеко за пределы европейской части России. Общины адвентистов были в Сибири, Казахстане, Туркестане и Закавказье. С дальнейшей демократизацией общественного строя и стабилизацией положения в стране адвентизм продолжает успешно развиваться: было разрешено издавать журналы «Благовестник», «Голос истины», «Адвентистский вестник» в адвентистском издательстве «Патмос».

В период сталинского лихолетья волна репрессий не обошла и многих членов Церкви АСД, особенно ее служителей. Кратковременная оттепель в отношении к верующим была лишь во время Великой Отечественной войны, на освобожденных от захватчиков территориях стали вновь регистрировать ее общины.

Но в 1960 году Всесоюзный совет АСД был распущен.

Церковь вновь обрела организационное единство лишь в конце 70-х годов. Начиная с 1979 года, стала развиваться издательская деятельность. Большим событием для адвентистов явилось открытие в 1998 году в пос. Заокском Тульской области Духовной Академии и издательства «Источник жизни».

В Казахстане адвентисты седьмого дня появились в начале прошлого столетия. В 1902 году первые адвентистские общины уже действовали в г.г.Усть-Каменогорске и Семипалатинске, п.Рождественка Акмолинской области, в Кустанайской области.

В 2012 году Церковь АСД в Казахстане отметила свое столетие.

В настоящее время в Астане создан республиканский *Центр Адвентистов Седьмого Дня – Казахстанская конференция Церкви христиан-адвентистов седьмого дня*. Организационно он входит в *Южный унион*, объединяющий также среднеазиатские и кавказские региональные структуры. Центр Южного униона – г. Алматы.

Унионы объединяются в дивизионы, создаваемые по региональному признаку. Всего в мире – 13 дивизионов, каждый из которых имеет свою «Доктрину дивизиона».

Дивизионы подчиняются высшему органу – Генеральной конференции. Ее президент избирается сроком на пять лет. Ему подчиняются 13 президентов дивизионов и 5 освобожденных вице-президентов, которые координируют работу в регионах.

Центр по странам СНГ находится в г. Заокском.

В 2005 году мне довелось участвовать в Международной конференции «Протестантизм в Евразии: гражданское согласие, толерантность и патриотизм (к 60-летию победы над фашизмом)». Она проходила в Заокском Тульской области. Ее организаторами выступали Заокская Духовная академия и Заокский Христианский гуманитарно-экономический институт.

В работе конференции приняли участие ученые-религиоведы, лидеры многих конфессий и деноминаций, а также чиновники, работающие в сфере государственно-церковных отношений, что подтвердило веротерпимость и толерантность Адвентистов, их истинное миролюбие.

Поездка в Заокский дала мне возможность глубже познакомиться с этой протестантской конфессией, получить, как говорится, из «первых рук» ответы на интересовавшие меня вопросы, а так как с некоторыми адвентистскими руководителями я был знаком ранее, то это значительно облегчило наше общение.

В Алматы открыт филиал заочного отделения Заокской духовной академии. Для верующих Казахстана издается ежемесячная газета «Благовестник».

Сегодня Церковь АСД совершает служение в 220 странах мира.

Какие же главные проблемы стоят сегодня перед структурно и теологически оформленной Международной организацией адвентистов?

Главная из них – отступничество. Этому посвящены серьезные исследования адвентистских идеологов (например, Рене Санда, Микеле П. Буонфиглио и др.) В Международном институте

христианского служения и его дочерних учебных заведениях на местах читаются специальные курсы по данной проблеме.

К примеру, Заокским издательством «Источник жизни» в 2000 году издано 2-х томное учебное пособие «Пути благовестия». В нем причины отступничества объясняются следующим образом: «Отступничество – это скорее социологическая, чем теологическая проблема. Только 2% из тех, кто уходит из Церкви, больше не верят в ее учение. Остальные 98% уходят потому, что у них возникают осложнения в области личных взаимоотношений, и они, как правило, формулируют их так: «В Церкви нет любви»; «когда у меня возникла серьезная проблема, никому не было до меня дела»; «я остался в полном одиночестве, потому что, когда я стал адвентистом, все друзья отвернулись от меня»; «в Церкви сформировались замкнутые группы друзей, в которые почти не возможно попасть». [7]

И здесь трудно что-либо возразить или добавить.

Какой же выход? «Если мы хотим, - пишет Рене Санд, - чтобы дверь отступничества оставалась закрытой, мы должны культивировать в церкви понимание следующего важного принципа: миссионерская работа не заканчивается в момент крещения. Неизменно теплое и дружеское отношение к новообращенным так же важно, как и библейские занятия с теми, кто не знает Господа. Наша цель – не просто крестить людей, но спасти их, а крещение само по себе не может удовлетворить всех их потребностей. Новообращенные должны влиться в церковь и стать настоящими учениками Иисуса. Для достижения положительного результата надо применять метод «дружеского евангелизма». [8]

Думается, что для религиоведов именно эти положения представляют особый интерес.

Помимо Церкви Адвентистов седьмого дня в период Первой мировой войны (1914-1918) в рамках адвентизма возникло направление Адвентистов-реформистов. Началом ему послужило отношение верующих к военной службе (в августе 1914 г. в Германии адвентисты Седьмого Дня признали необходимым участие членов церкви в военных действиях с применением оружия). Это привело к расколу, и в 1929 г. на съезде в г. Готе (Германия) он был официально закреплен, и оформилась организация Адвентистов-реформистов. Вероучение и культ у адвентистов-реформистов те же, что и у адвентистов Седьмого Дня. Отличительными особенностями является категорический отказ от участия в военной службе и более жесткое следование «санитарной реформе», предполагающий полный отказ от употребления в пищу мяса. На территории бывшего Советского Союза, в том числе и Казахстана, Адвентисты-реформисты никаких контактов с миром не осуществляют. Они находятся в глубоком подполье. [9] Потому совершенно справедливо отнести их к религиозной секте.

Адвентисты же Седьмого дня в каждой стране своего служения хотят «быть патриотами и вместе со всеми гражданами... отечества, независимо от их этнической или религиозной принадлежности, ...активно участвовать в его экономическом и духовно-нравственном возрождении» [10].

1 Ривайвализм – совокупность христианских движений в англоязычном мире (первоначально – в США), придающих принципиальное значение личному обращению, покаянию и эмоциональной стороне веры, а также миссионерству (подробнее об этом см.: Религиоведение: Энциклопедический словарь. – М.: Академический проект, 2006. – С. 918-919).

2 См.: Элбакян Е.С. Адвентисты. // Религиоведение: Энциклопедический словарь. – С. 19-21.

3 Павленко Даниил. Церковь адвентистов седьмого дня. // Религии в Казахстане. Хрестоматия. Часть 2. (Составители Артемьев А.И., Колчигин С.Ю., Цепкова И.Б.) – 2 издание - Алматы: изд-во «Бастау», 2011 – С. 232.

4 Цит.по: Религии в Казахстане. Хрестоматия. – С.240.

5 См.: Церковное руководство адвентистов седьмого дня. – М., 2000. – С. 33-35.

6 Здесь использованы материалы, предоставленные автору руководителями Заокского и республиканского центров адвентистов седьмого дня, а также «Истории Церкви адвентистов Седьмого дня России», автором которой является доктор богословия, кандидат философских наук Евгений Зайцев (Заокский: «Источник жизни», 2008. – С. 544).

7 Пути благовестия: В 2 т. – Том 1. – Заокский: «Источник жизни», 2000. – С. 6.

8 Там же. – С.11.

9 Подробнее об этом см.: Элбакян Е.С. Адвентисты. // Религиоведение: Энциклопедический словарь. – С. 19-21.

10 Зайцев Е.В. Социальное служение Церкви АСД: к вопросу о патриотизме. // Протестантизм в Евразии: гражданское согласие, толерантность и патриотизм (к 60-летию Победы над фашизмом). Материалы XII Международной научно-практической конференции. Апрель 2005. – выпуск III – Заокский, 2005. – С.41.

Түйіндеме

Протестантизмнің адвентизм тармағы және оның қазіргі кездегі Қазақстандағы жағдайы: әлеуметтік-дінтанулық талдау

А.И. Артемьев – Абай атындағы ҚазҰПУ жалпыуниверситеттік саясаттану және әлеуметтік-философиялық пәндер кафедрасының профессоры, философия ғылымдарының докторы, artur_proff@mail.ru

Профессор А.И.Артемьевтің мақаласында ірі протестанттық шіркеулердің бірі – Жетінші күн адвентистеріне әлеуметтік-дінтанулық талдау жасалған. Автор бұл Шіркеудің тарихын және оның «көріпкелі» Элен (Елене) Уайт туралы қысқаша айтып өтеді. Ол оның еңбектері мен басты әлеуметтік-діни түпнұсқалар негізінде Жетінші күн адвентистерінің ілімін және Шіркеудің ұйымдық құрылымын саралайды.

Мақалада адвентистердің Ресей мен Қазақстанға келуі, олардың қазіргі кездегі жағдайы кең түрде қарастырылады. Сонымен қатар автор жікке бөліну тарихына да, адвентистердің сектанттық бағыты – реформистерге де көңіл бөлген.

Түйін сөздер: адвентизм, миллериттер, діни төзімділік, ривайвализм, Реформация, доктрина, ұйым деңгейлері, жікке бөліну.

Summary

Adventist branch of Protestantism and its current state in Kazakhstan: Social and Religious Studies analysis

A.I. Artemyev - Doctor of Philosophical sciences, Professor of Independent Department of Political science and Social and Philosophical disciplines of KazNPU named after Abay. artur_proff@mail.ru

In article of professor A. I. Artemyev it is carried out Social and Religious Studies analysis of one of large Protestant churches – Seventh-day Adventist Church.

The author briefly presents the history of the Church and its "prophetess" Helen White. On the basis of her works and the major social and religious sources he considers the doctrine of Seventh-day Adventist Church and its organizational structure.

An important place in the article takes the history of penetration of Adventism in Russia and Kazakhstan and its current status. Also the author reflects the issue of the Church split and creation of a sectarian direction of Adventists - the Reformists.

Keywords: Adventism, the Millerites, tolerance, Great Awakening, the Reformation, the doctrine, organization levels, split.

ӘОЖ233-428? 340.1(574)

ТОЛЕРАНТТЫЛЫҚТЫҢ ЭТИКА-ДІНИ ЖӘНЕ САЯСИ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ТҰЖЫРЫМДАМАЛАРЫ: ӘЛЕУМЕТТІК-ФИЛОСОФИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Мадалиева Ж.Қ. – философия ғылымдарының кандидаты, Абай атындағы ҚазҰПУ жалпыуниверситеттік саясаттану және әлеуметтік-философиялық пәндер кафедрасының доценті, zhanna_madalieva@mail.ru

Мақалада толеранттылықтың этика-діни және саяси-құқықтық тұжырымдамалары қарастырылады. Ежелгі дүниенің әртүрлі діни жүйелерін талдау қандай да бір діни төзімділік формасында көрініс тапқан және оның маңызды себебі барлық халықтарға тән политеизм болған толеранттылық идеясының бастаулары туралы түсінік береді. Монотеизмнің қалыптасуына байланысты діни төзімділіктің сипаты өзгереді. Тек Ағартушылық дәуірінде ғана толеранттылық идеясы азаматтық қоғамның басты құндылықтарының бірі болып, сенім еркіндігі, таңдау еркіндігі ұғымдарын нығайтудың негізіне айналды.

Түйін сөздер: толеранттылық, төзімділік, дін, адам, қоғам, мемлекет, сенім еркіндігі.

Соңғы онжылдықтарда әлемдік қауымдастық шеңберінде орын алған әртүрлі қайшылықтар мен дағдарыстар, қақтығыстар бүкіл әлемде өзекті болып табылған және кең тұрғыда талқыланып келген мәселелердің бірі «толеранттылық» феноменін анықтау және оны жете түсіну қажеттілігін арттыра түсуде. Бұл тақырып әртүрлі деңгейде, әртүрлі қырынан қарастырылып келді. Алайда бұл құбылыстың мәнін, оның мазмұны мен көрініс табу сипатын ұғыну үшін толеранттылық идеясының тарихын, қалыптасу барысын қарастырған дұрыс болмақ.

Толеранттылық – (латын тілінде tolerancia – төзімділік) - айырмашылықтарды мойындау, сыйлау; өзінен өзге сенімдегі, көзқарастағы, мінез-құлықтағы басқаның құқын мойындау арқылы қақтығыстардың шешімін табу мүмкіндігін іздестіруге апаратын адамның күнделікті тұрмыста басшылыққа алып отыратын өнегелік жүріс-тұрыс ережесі. Көбіне толеранттылық ретінде өзгелердің кемшілігіне кешіріммен қарау, төзе білу, басқаны қабылдай білу түсініледі. Толеранттылық жеке адамдардың,

әлеуметтік топтардың басқа адамдармен немесе әлеуметтік топтармен қарым-қатынасында көрініс табатын психологиялық немесе әлеуметтік-психологиялық мінез-құлқы ретінде, қазіргі қоғамның аса маңызды құндылықтарының бірі ретінде, тәуелсіздікке, дербестікке, идеяларды зорлықпен таңуға жол бермеу ретінде, адам еркіндігін шектейтін діни, этникалық, нәсілдік нанымдарды жоққа шығаратын ұстаным ретінде қарастырылады.

Адамзат қоғамында толеранттылық идеясының пайда болуы мен дамуы ежелгі дүние тарихында орын алған әртүрлі діни-философиялық сипаттағы ілімдермен, шығармалармен тығыз байланысты. Мысалы, толеранттылық Ежелгі Үндінің діни жүйелері - иудаизм, буддизм, джайнизмде айқын көрініс тапқан. Алайда оларда ол әлеуметтік этика емес, индивидуалды психология тұрғысында қарастырылған. Жалпы өмірдегі толеранттылық қатынас мазмұны жағынан оған жақын жақсылық, мейрімділік, рақымдылық және аяушылық секілді ұғымдармен байланыстырылып қана қоймай, жақынына қызмет ету, жан-тәніңмен берілу секілді түсініктермен толықтырылады. Ежелгі Үнді діни жүйелерін ұстанушылар әлемді дуалды деп, яғни «жақсылық» пен «жамандыққа» бөлінген деп қарастырмаған. Осыған орай, буддизм күш қолданбау туралы ерекше ілім ұсынған. Оның негізінде өмірдің мақсаты, әсіресе буддист өмірінің мақсаты толық үйлесімділік, тұрақтылық, тыныштық, қоршаған адамдардың бәріне жақсылықпен, төзімділікпен қарау жағдайына жету болып табылады. Ешқандай жамандық, өшпенділік пен қызғаныш сезімдері буддистің осы жағдайын бұза алмайды. Алайда, буддизмде толеранттылық адамның қоршаған әлем мен өмірден бас тартып, жеке басының рухани тәжірибесіне, аскетизмге бет бұруы – нирванамен шектеледі. Жалпы буддизм, джайнизм мен индуизмнің тарихында теориялық деңгейде өзара бәсекелестік болғанымен, олардың арасында діни соғыстар болып көрген емес.

Конфуцийлық пен даосизмнің әлеуметтік-саяси ілімдерінде де толеранттылық идеялары кездеседі. Даосизмде толеранттылық тұрғысындағы түсінік оның басты ұғымдарының бірі – у-вэйге (әрекеттенбеуге) негізделінеді. Моральдық тұрғыда ол билеушінің көнгіштігі, оның өз құзырындағы адамдарын жақсы көруі, күрес пен күш қолданудан бас тартуы, ал саяси жағынан алғанда – басқа мемлекеттердің егемендігін құрметтеу, мемлекеттік биліктің әлеуметтік өмірге араласпауы болып табылады.

Философия ауқымында әлеуметтік және діни толеранттылықты теориялық тұрғыда жете түсіну Ежелгі Греция жерінде жүзеге асқан болатын. Питтак, Фалес, Анаксагор, Сократ, Протагор, Аристотель және т.б. ойшылдар толеранттылық қатынас туралы өз пікірлерін білдірген болатын. Антикалық философияда толеранттылық адамдық қайырымдылық мағынасында көрініс табады. Ол гуманистік сипатқа ие және жоғары дәрежеде оң мағыналы. Тіпті, әділеттілік, зерделілік сияқты басқа адамдық қасиеттермен қатар тұрады. Толеранттылықтың мазмұнды мәнін ашқандар Сократ және софистер болған. Протогордың ойынша, құдайлар туралы ештеңе бейнеленбеген, сондықтан да адам өмірі қысқа, сонымен өмірдің барлығы ақиқат болады, сондықтан төзімділік әлемде міндетті түрде қажет. Осындай төзімділікке деген абсолютті риясыздық болған. Сонымен қатар Сократтың мен ештеңе білмейтінімді білемін деген ойы қазіргі толеранттылықты зерттеушілердің кейбіреуінде толеранттылық сананы қалыптастырудағы фундамент болып табылады.

Ежелгі Римде *tolerare* (төзу, апару, шығару, көңігу) төзімділікті білдірген. Цицерон Марк Тулий *tolerantia* ұғымын даналар рухына ұқсатқан, ол адамдардың іс-әрекетіне төзімді келеді деп есептеген [1]. Жалпы ежелгі дүниеахалықтарының барлығына тән политеизмнің болуы сол кездегі діни төзімділіктің болуының маңызды себебі болып табылады. Өйткені ежелгі мемлекеттерде көпқұдайлықтың болуы және оның кең таралуы мемлекет тұрғындарының әртүрлі діни наным-сенімдерге төзімділікпен қарауларына, жаңа сенімдерді қалыптастыруларына негіз болды. Көпқұдайлық басқа діни наным-сенімдерге төзімділікпен қарау идеясының қоғамдық өмірде орын алуына жағдай жасады.

Жаңа түрдегі діндердің, яғни көптеген мемлекеттердің саяси және қоғамдық өмірінің негізін қалаған әлемдік діндердің пайда болуы әлеуметтік-саяси жағдайды, дүниетанымды өзгертті. Өйткені монотеизмнің қалыптасуымен қатар қоғамдық санада діни ерекшелік, діни айрықшалық идеясы, ал әлеуметтік-саяси өмірде басқаша көзқарас және басқаша пікір орын ала бастады.

Алғашқы кезде Ежелгі Рим империясында христиан дінін ұстанушыларды қуғындау христиан дінін ұстанушылардың толеранттылықты сүйіспеншілік сезімі ретінде, ал сүйіспеншілікті толеранттылық ретінде танып-білуге көмектесті. Толеранттылықтың (төзімділіктің) христиандық тұжырымдамасының қалыптасуы адам бойында гуманизмге деген қажеттілік және нақты теңдікке жетуге деген үмітпен байланысты болды. Христиан діні өзіне дейін басқа діндер тұжырымдаған өзіне не тілесен, өзгеге соны істе деген «алтын қағиданы» барлық адамдарға таратуға тырысты. Алайда, христиан діни

ілімінде, басқа да ежелгі діни наным-сенімдерде «толеранттылық» деген терминнің қолданылмағанын ескеру керек. Оның орнына «төзімділік» ұғымы қолданылған болатын.

Ресейлік ғалым В.М. Золотухин христиандық төзімділікті азаматтық төзімділікке қарсы қоя отырып, «квазитөзімділік» деп атайды [2]. Оның пікірінше, христиандық төзімділіктің негізінде қоғамда пайда болатын қиыншылықтардан, мәселелерден бас тарту арқылы жаратушының жазымына мойынсұну мен келісуді білдіретін иррационалды сезім жатыр. Ал азаматтық төзімділік болса, тек адамның өзін ғана емес, жалпы адамзат қоғамын сақтап қалуға байланысты өзара келісімді шешімдер іздестіру болып табылады. Сонымен, христиандық түсінік бойынша, «төзімділік» адамның «өзіндігін» басып, ерік бермейтін жаратушыға бойынсұнудың құрамдас бөлігі. Христиан діні тұрғысында тұлғаның толеранттылығы Жаратушының адамды, адамның Жаратушыны, адамның адамды қастерлеуі, рақымшылықпен, мейіріммен, сүйіспеншілікпен қарауы. Осындай мағынада діни, соның ішінде христиандық, төзімділік пен толеранттылық нағыз діндардың ойы мен іс-әрекетінің, өмір салтының іргетасын қалайтын діни құндылықтар болып табылады.

Сонымен қатар, монотеистік дін болып табылатын христиандық ақиқатқа тек өзі ғана иелік етеді деп біледі. Өзін осындай айрықша, ерекше ақиқат ілім деп қабылдау, бір жағынан, ресми шіркеуге қарсы қозғалыстардың – еретиктердің пайда болуына негіз болса, екінші жағынан, діни төзімсіздік идеясын, әсіресе қарсыластарын – еретиктерді жоюды, жалпы діни сенімге байланысты күш қолдануды ақтауды тудырды.

Феодализм дәуірінде ресми діннің үстемдігі жағдайында діни төзімсіздікке реакция ретінде діни төзімділік идеялары қалыптаса бастайды. Олар шіркеудің қуғын-сүргініне ұшыраған, діннің ортақтығын, әртүрлі діни сенім өкілдерінің өзара келісімге келуін уағыздаған ортағасырлық ойшылдардың ой толғауларында көрініс тапқан. Христиан дінін ұстанушылардың өздері қуғын-сүргін көрген кездерінде тек көзін жеткізу, сендіру әдісін қолдана отырып, діни сенім еркіндігін жақтаған болатын.

Иоахим Флоренскийдің ілімінде діни ерекшелікке қарсы діни еркіндік пен дүниетаным еркіндігі туралы талапты негіздеуге талпыныс жасалған. Француз философы және теологы Пьер Абеляр иудей, христиан және пұтқа табынушы арасында болуы мүмкін бейбіт диалогты сипаттаған болатын. Христиандық гуманистер Фома Аквинский, Марселий Падуанский, Уильям Оккам және т.б. діни еретиктер мен диссиденттерге қарсы қандай да бір түрде күш қолдануға қарсы болып, діни диалог пен келісімді қуаттаған, мемлекеттің зайырлы болуын қолдаған.

Реформация дәуірінде толеранттылық идеясының қарқынды түрде дамуы орын алды. Өзара төзімділік, бөтенді шеттетпеу, толеранттық мінез таныту мәселесі XVI ғасырда Еуропада діни қозғалыстар мен діни жіктіктердің пайда болуымен байланысты туындаған болатын. Лютеран, протестант пен католиктердің бірін – бірі жатсынбау, өзге діни ілімдерді қудаламау, бір діннің үстемдік жүргізуіне тыйым салу мәселесі өзекті болды. Бірте-бірте діни конфессиялардың біржақты төзімділігі өзара діни төзімділікке, діни салт-жораларды еркін атқаруға, діни сенім еркіндігіне негізделе бастады. Өзге дінге рұқсат беруден оны сыйлауға бет бұру адамның діни сенім құқының маңызды тірегі ретінде мойындала бастады. Өзара сыйластық, толеранттық сананы әкімшілік, авторитарлық жолмен енгізуге болмайтындығына көз жеткізілді. Сөйтіп, дінді уағыздаушылардың билігіне шек қойыла бастады. Жалпы бұл құбылыс сол дәуірде антропоцентризмнің және сонымен байланысты адам тұлғасының абыройын, оның даралығын, зайырлылығын қалпына келтірумен байланысты болды. Осы кезеңде сенім еркіндігі ұраны (С.Кастеллио, С.Цвейг, Ж.Боден) қалыптасады.

Еуропа тарихындағы ағартушылық кезеңде толеранттық қағидасы анағұрлым маңызды және жалпылама сипат ала бастаған болатын. Ағартушылық кезеңде әлеуметтік-саяси өмірдің жаңа негізі – мемлекетті басқарудың либералды-демократиялық формасы мен құқықтық сананың қалыптасу үдерісі басталады. Бұл кезеңнің «төзімділік» категориясын қатысты ерекшелігі оны Жаңа дәуір ғылымы мен философиясына тән рационалистік тәсілдеменің ауқымында қарастырумен байланысты. Бұл түсінік тұрғысында қоғамдық өмірде субъектілердің тең құқылы болуынан адамды оның әлеуметтік жағдайы мен дүниетанымдық айқындамаларына тәуелсіз құрметтеу қажеттілігі туындап, алдыңғы қатарға шығады.

Ресейлік зерттеуші А.В.Перцовтың пікірі бойынша, толеранттық теориясының тарихы адамдарды бойынсұнуға, ал әртүрлі конфессиялардың өзара қарсыласушы өкілдерін бітісуге шақырған философ, ірі саяси қайраткер Ф.Бэконның ілімінен бастау алады [3]. Сонымен қатар ғалымдардың басым бөлігі танымал философтар Джон Локк, Иммануил Кант (табиғи-құқықтық тұжырымдама) және экономист,

қоғам қайраткері Джона Стюарт Милльдің (утилитаристік тұжырымдама) идеяларын толеранттылықтың «классикалық» идеялары деп есептейді.

Дж. Локк өзінің толеранттық теориясының негізгі идеяларын «Діни төзімділік туралы жолдау» атты еңбегінде тұжырымдаған болатын. Дж. Локк үшін төзімділік - доктриналды, салт-жоралғылық және басқа да маңызды емес болып табылатын айырмашылықтарға қарамастан христиандардың өнегелік-діни бірлігі [4]. Сенім еркіндігін Дж.Локк қандай да бір дінді таңдау еркіндігі деп түсінеді. Бұл біржақты және шектеулі түсінік еді. Алайда Дж.Локктың толеранттылық туралы түсінігінің өзіне дейінгі тұжырымдамалардан айтарлықтай айырмашылығы болды. Мысалы:

- шіркеу мен мемлекеттің функцияларының бөлінуі, ресми емес саланың саясатсыздануы. Саясаттың шегінен шыққан нәрсе ғана, төзімділік құқығына ие;

- кез келген қоғамда қандай төзімділік болса да, оны мемлекеттік институттар, әртүрлі әлеуметтік топтар, діни азшылықтар мен жеке азаматтар қамтамасыз етсе де, төзімділіктің бәріне ортақ құқықтық және заңды алаңын оның ең басты субъектісі – әмірші (билеуші) айқындайды. Адамдардың мемлекет үшін қауіпсіз болып табылатын барлық пікірлері, пайымдаулары мен іс-әрекеттеріне мемлекеттің бейтарап болуы толеранттылықтың қалыптасуының қажетті шарты болып табылады;

- сенімі үшін емес, іс-әрекеті үшін сотқа тарту саяси ұстаным ретінде;

- төзімсіздердің төзімділікке деген құқығын жоққа шығару;

- моральдық консенсус әдісінің арқасында қоғамның өмір сүру мүмкіндігін негіздеу. Бұл моральдық келісім қоғамдық өмір мен мемлекеттің бар болуының негізін қалайды және оған айырмашылықтардың маңызды емес екенін өзара мойындау арқылы қол жеткізуге болады [5].

Сонымен, Дж. Локктың пайымдауы бойынша толеранттылық өнегелік емес, саяси тұжырымдама болып табылады. Ол жеке дара құндылық емес, алайда мемлекеттің бар болуы үшін қажетті.

Р.Уильяме, П.Бейль, Э.Коллинз секілді ағылшын ағартушылары шіркеудің мемлекеттен бөлінуін, діни сенімді немесе атеистік көзқарасты таңдау еркіндігін, діни ұстанымына қарамастан азаматтардың тең құқылы болуын барынша қолдады, кез келген діни мәжбүрлеу, қыспақ көрсетуді сынға алып, сенім еркіндігін әрбір адамның табиғи құқығының бірі деп жариялады.

Алайда қоғамдық өмірде діни төзімділік пен толеранттылық идеяларын жүзеге асыруда қиыншылықтар орын алған болатын. Сол заманның көптеген ойшылдары бұл мәселеге ерекше мән берген еді. Мысалы, француз ағартушысы Ф.М.А. Вольтер Францияның саяси өмірін қарастыра отырып, барлық елдер мен құрлықтарда жүзеге асуы мүмкін әртүрлі діни сенімдерді ұстанатын халықтарды бейбіт түрде басқарудың негізгі жолы адамдардың жүректеріне зорлық жасамаудеп атап өткен. Оның ойынша, сонда ғана барлық жүректер оларды қолдайтын болады [6].

Д.Дидро, К.А. Гельвеций, П.Гольбах дін моральдың негізі болып табылады деген дәстүрлі көзқарасты жоққа шығарды. К.А. Гельвеций төзімсіздікті мемлекет тарапынан қатаң түрде басып-жаншуға шақырды, ал Д.Дидро төзімсіздік – Жаратушы адында да, адамдар алдында да ең жаман әділетсіздік деп түсіндірді. Ал Ш.Л. Монтескьенің көзқарастарында діни саладағы мемлекеттің тежеусіз билігі, саяси және діни еркіндік арасында байланыс орнату идеялары байқалады.

Толеранттылықты табиғи-құқықтық тұжырымдама шеңберінде қарастыратын И.Кант та осындай идеяларды ұстанған. И. Канттың толеранттық теориясы – толеранттылықтың утилитарлы тұжырымдамаларына қарама-қарсы болып табылатын нормативті рационализм. И.Кант тікелей «толеранттылық» категориясын қарастырмайды. Саясаттанушы С.Ильинскаяның пікірі бойынша, «игілікке қарағанда құқықтың басымдылығы айтылады, ал айыруға болмайтын жеке құқықтарды ұстану арқылы қол жеткізілетін әділеттілік ұғымы орталық рөл атқарады» [7]. Алайда Кант тұжырымдамасын талдай отырып, Кант бойынша төзімділік еркін субъектілердің қымыс көрмей қатар өмір сүру мүмкіндігінің құқықтың көрсеткіші болуынан туындайды.

Американдық Ағартышылық толеранттылық тұжырымдамасын тек теориялық тұрғыда қарастырып қана қоймады, сонымен қатар оған бірте-бірте заңды мәртебе беруге ұмтылды. Діни және саяси толеранттылықты тәжірибие жүзінде іске асыруға АҚШ президенті Т. Джефферсон үлкен үлес қосты. Ол 1786 ж. Вирджиния штатының заң шығарушы жиналысы қабылдаған «Діни еркіндікті орнату туралы актінің» авторы болып табылады. Ол құжатта ешкімді құлшылық ететін орындарға баруға немесе кез келген діни рәсімге қатысуға мәжбүрлеуге болмайды және ешкім өзінің діни көзқарастары немесе ұстанымдары үшін зиян шекпеуі қажет, керісінше барлық адамдар өздерінің діни сенімін ұстануға және пікірталас барысында діни көзқарастарын қуаттауға еріктіболуы керек және бұл ешбір түрде олардың азаматтық құқықтарына ықпал етпеуі тиіс делінген.

1789 жылы АҚШ Конгрессіне қандай да бір дінді мемлекеттік деп тануға немесе оны еркін ұстануға тиым салған АҚШ Конституциясына енгізілген бірінші өзгеріс осы актінің идеяларына негізделген. Бұл шіркеуді мемлекеттен бөлу бағытындағы алғашқы нақты қадам болып табылды.

XIX ғасырда толеранттылық теориясында нағыз төңкеріс британдық либерал философ Джон Стюарт Милльдің «Еркіндік туралы» атты эссесінің жарық көруімен байланысты болды. Оның еңбегінің басты идеясы «ұжымдық орташалықтың» немесе бұқараның қоғамдық пікірінен, «әдет-ғұрыптың деспотизмінен» индивидуалды – жеке дара еркіндіктің басымдылығын пайымдау болып табылады [8]. Еркіндік тек қоғамның басқа азаматтарының тіршілігіне тікелей зиян келтіру қауіпі туындаған кезде ғана шектелуі мүмкін.

Дж.С.Милльдің басты жетістігі – индивидуалды автономия қағидасын пайымдауы. Ол толеранттылықтың қазіргі кездегі түсінігіне қарай қадам басуға себеп болды.

Өз тұжырымдамасын негіздеу үшін Дж.С. Милль тұлғаның жеке тәуелсіздігі мен қоғамдық бақылауды үйлестіруге тырысады. Егер И.Канттың пайымдауынша, еркіндікті мемлекет пен азаматтық қоғамды бөлу арқылы ғана қамтамасыз етуге болатын болса, Дж.С.Милль азаматтық қоғам ішіндегі үкімет билігін шектеу қажеттілігі туралы мәселені көтереді. Ол өз шығармасында индивидуалды еркіндікті, яғни адам өмірінің индивидтің өзіне тікелей қатысты саласын айтарлықтай кеңейтуге назар аударады. Адам өмірінің индивидтің өзіне тікелей қатысты саласы, біріншіден, ең кең көлемдегі сенім еркіндігін, ойлар мен сезімдердің, пікірлердің абсолютті еркіндігін қамтиды. Екіншіден, қандай да бір мақсатты таңдау және соған жету еркіндігін, өзінің жеке басының түсінігі бойынша өмірін қалыптастыру еркіндігін білдіреді. Үшіншіден, ол қауымдастықтардың еркіндігі. Осыған орай, жеке адам өзінің мүдделері мен қажеттіліктеріне сәйкес таңдау жасауының нақты мүмкіндігін сақтаған жағдайда еркіндікке ие болатынын көруге болады. Сонымен қатар еркіндік өзгешелік бар кезде ғана қажетті түрде бар болады, сондықтан ол оң, жағымды және оның Дж.Локктың еркіндігінен, яғни діни қуығын-сүргіннен еркін болудан айтарлықтай айырмашылығы бар.

Дж.С.Милльдің теориясы өз заманының алдыңғы қатарлы, озық тұжырымдамасы болса да, оның жағымсыз жақтары да болды. Ресейлік саясаттанушы С.Ильинская атап өткендей, «Милльдің толеранттылық тұжырымдамасының өзіндік ерекшелігі оның теориясына тәнкі белгі – прогрессизм және эксперттікпен байланысты. Біріншісі Милльдің прогресске деген табанды, берік сезімінде көрініс тапса, екіншісі – философтың кім кемелденген тұлға, ал кім ондай емес екені туралы пікір айту құқығын иемденуімен байланысты. Нәтижесінде оның тұжырымдамасы деспоттық босқару, интервенция секілді толенатты емес феномендерді ақтайды»[9].

Дегенмен, Дж.С.Милльдің ілімінің бүгінгі таңдағы өзектілігі оның утилитаристік сипатта болуында. Сонымен қатар толеранттылықтың басты мақсатын прогресс пен қоғамның тұрақтылығына ықпал ету деп негіздеу оның жаңашылдығы болып табылады. Дж.С.Милльдің түсінігі бойынша, интолеранттық өмірдің қызықсыз біркелкілігін тудырады.

Қазіргі кезде Дж. Локктың «Діни төзімділік туралы жолдау» еңбегі мен Дж.С.Милльдің «Еркіндік туралы» шығармасы өз заманындағыдай сұранысқа ие болмаса да, толеранттылықтың негіздері мен шекаралары туралы жалпы мәселелерге байланысты өз өзектілігін сақтауда.

Сонымен қорытындылай келе, Ежелгі дүниеде-ақ діни жүйелер ауқымында діни төзімділік мәселесі көтеріліп, оның іс жүзінде жүзеге асқанын атап өту керек. Діни толеранттылықтың іс жүзінде қажетті болуы діни сенімі әртүрлі халықтар қатар өмір сүрген Ежелгі Греция мен Ежелгі Римде қалыптасты. Сенім төзімділігінің тарауына антикалық демократия өз ықпалын жасады. Алайда діни таңдау еркіндігінің құқықтық мәртебесі болмады. Ол тек Ағартушылық дәуірінде ғана теориялық тұрғыда пайымдалынған болатын.

1 П.Грималь. Цицерон. - М., 1991. - С. 54.

2 Золотухин В.М. Две концепции толерантности. - Кемерово: Кузбас. гос. техн. ун-т, 1999. – С.9.

3 Перцев А.В. Современный миропорядок и философия толерантности // Философские и лингвокультурологические проблемы толерантности: коллективная монография / отв. ред. Н.А. Купина и М.Б. Хомяков. - М.: ОЛМА ПРЕСС, 2005.-С. 29-50.

4 Капустин Б.Г. Мораль и политика в западноевропейской политической философии // От абсолюта свободы к романтике равенства (из истории политической философии) / отв. ред. М.М. Федорова, М.А. Хевеши.-М.: ИФРАН, 1994.-С. 13.

5 Локк Дж. Опыт о веротерпимости // Сочинения: в 3-х т. - М.: Мысль, 1988. - Т.3. - С. 68.

6 Вольтер. Трактат о веротерпимости в связи со смертью Жана Каласа // Собр. соч.: в 3-х т. / пер. с франц. - М.: Литература РЖ Русанова, «Сигма - Пресс», 1998. - Т. 2 - С. 587.

7 Ильинская С.Г. Толерантность как категория политической теории: дис. ... канд. полит, наук: 23.00.02. -М., 2006. - С.38.

8 Милль Дж.Ст. О свободе // Утилитарианизм. О свободе.-С.-Петербург: Издание книгопродавца И.П. Первозникова, 1900. - С. 321, 330.

9 Ильинская С.Г. Толерантность как категория политической теории: дис. ... канд. полит, наук: 23.00.02. -М., 2006. –С.57.

Резюме

Этико-религиозные и политико-правовые концепции толерантности

Мадалиева Ж.К. – кандидат философских наук, доцент общеуниверситетской кафедры политологии и социально-философских дисциплин КазНПУ имени Абая, zhanna_madalieva@mail.ru

В статье рассматриваются этико-религиозные и политико-правовые концепции толерантности. Анализ различных религиозных систем Древнего мира дает представление об истоках идеи толерантности, которая проявлялась в той или иной форме религиозной терпимости и ее важнейшей причиной был единый для всех народов политеизм. С формированием монотеизма меняется характер религиозной терпимости. И только в эпоху Просвещения идея толерантности превратилась в одну из главных ценностей гражданского общества, она стала основой в укреплении понятия свободы слова, свободы выбора.

Ключевые слова: толерантность, терпимость, религия, человек, общество, государство, свобода совести.

Summary

Ethical-religious and politico-legal concept of tolerance

Madaliev Zh. K. – PhD, associate professor of political science and university socio-philosophical disciplines in K azNPU named after Abai, Zhanna_madalieva@mail.ru

The article deals with ethical and religious, political and legal concepts of tolerance. Analysis of the various religious systems of the ancient world gives an idea about the origins of the idea of tolerance, which manifested itself in some form of religious tolerance and its major cause was the same for all the peoples of polytheism. With the emergence of monotheism is changing the character of religious tolerance. And only in the Enlightenment idea of tolerance has become one of the main values of civil society, it has become the basis to strengthen the concept of freedom of speech, freedom of choice.

Keywords: tolerance, toleration, religion, man, society, the state, the freedom of conscience.

ӘОЖ 94(574)1991 / 2016

ТӘУЕЛСІЗДІК ҚАЗАҚСТАН 25 ЖЫЛ – ТӘУЕЛСІЗДІК КЕЗЕҢДЕРІ

С.С. Жанкадыров – Абай атындағы ҚазҰПУ жалпыуниверситеттік саясаттану және әлеуметтік философиялық пәндер кафедрасының аға оқытушысы, әлеуметтік ғылымдар магистрі

Мақалада Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуы, заң және сот билігін реформалау, әлеуметтік және экономикалық жүйені жаңғырту, нормативтік базаны айқындайтын стратегиялық міндеттерді жүзеге асыру, саяси реформалар, қоғамның саяси кемелденуі, демократиялық құндылықтарды өмірге орнықтыру бағытында ғасырларға белгісіз кезеңдеріне көңіл бөлінді. Сонымен қатар біздің басты жетістігіміз – тәуелсіз Қазақстанды құрғанымыз, шекарамызды заңды тұрғыдан ресімдедік. Елде қайтадан өндірістік байланыстар орнығып нығаюы, тұтастандырылған экономикалық кеістіктердің құрылуы, барлық өнірлерде бір - бімен ажырамас байланыста елдің болашағына жұмыс істеліп жатқандығы, еліміздің жаңа заманауи қаласы Астананың бой тізеуі, біздің жетістіктеріміз болып табылады.

Түйін сөздер: мемлекет, тәуелсіздік, құндылық, тарих, президент, халық, конституция, декларация, саясат, заң.

Жат елдің, жат өркениеттің уысына ілінген ұлттар мен ұлыстар үшін азаматтық даяр күйінде әлдеқайдан келе қалмайды. Қазақ халқының отаршылдық саясатқа, үстемдік пен жүгенсіздікке қарсы күресі XVIII ғасыр аяғында Сырым Датұлы көтерілісімен басталып, XIX ғасырда Исатай мен Махамбет, Кенесары мен Жанқожа бастаған ұлт-азаттық қозғалыстары арқылы жалғасын тапты. Ол 1916 жылғы ұлы дүрбелеңге ұласты. XX ғасыр аяғында 1986 жылдың Желтоқсан оқиғасымен тарихқа енді. Ендеше 1991 жылдың 16 желтоқсанында жарияланған Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздігі әділеттің, ақиқаттың, имандылықтың салтанаты.[1]

Тәуелсіздік – ең басты құндылығымыз. Қазақстанның тәуелсіздік алуы ел өмірінде тарихи түбірлі өзгерістердің жүзеге аса бастауына негіз болды. Тәуелсіздіктің арқасында тарихымыз түгенделіп, тіліміз, дініміз қайта оралды. Мемлекеттің ұлттық рәміздері қабылданып, ұлттық салт-дәстүрі жандандырылды.

1991 жылы желтоқсанның 16-да Қазақстан өз тәуелсіздігін жариялады. Осылайша әлем картасында Тәуелсіз Қазақстан атты жаңа мемлекет пайда болды.

Еуразия қос құрылығының жапсарына қанатын кере жайып, жүздеген ұлттың еркін дамуына жол ашылды. Тәуелсіздік жолына бет бұрған халықтар бірінші кезекте өздерінің саяси жүйелерін анықтап алуға ден қоя бастады. Бұл үрдіс барысында “Қазақ КСР Президенті қызметін дайындау және Қазақ КСР Конституциясына (Негізгі заңына) өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы” Заңына сәйкес 1990 жылы 24 сәуірде Республика Жоғарғы Кеңесі Қазақстанның тұңғыш Президенті етіп Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевты сайлаған соң, Қазақстанда саяси және экономикалық дербестігін түбегейлі нығайтуға бағытталған белсенді қадамдар басталды. Кешікпей-ақ, сол жылдың 25 қазанында мемлекет басшысының бастамасымен елдің жоғарғы заң шығарушы органы Қазақ КСР-інің мемлекеттік егемендігі туралы декларацияны қабылдады. Декларацияның алғашқы баптарының өзінде-ақ Кеңестік Одақтан Қазақстанның еркін шығу хақы өзінде сақталып қалатыны, сондай-ақ Қазақстанның ұлттық мемлекеттігін сақтау, қорғау және нығайту жөнінде шаралар қолданатыны тайға таңба басқандай, нық сеніммен жазылған және “Мемлекеттік егемендік туралы Декларацияда” Қазақстан аумағының біртұтастығы мен оған жат көзқарас, қарсы әрекеттер болмайтындығы бекітілді. Декларациядағы осы ұстанымдар 1991 жылы 16 желтоқсанда ҚР Жоғарғы Кеңесі қабылдаған “Қазақстан Республикасы мемлекеттік тәуелсіздігі туралы” Конституциялық заңында толығымен сақталынады.

Тәуелсіз Қазақстанның ең жаңа тарихындағы аса маңызды қадам болып табылатын осынау тарихи шаралардан кейін демократиялық ұстанымдарға және адам хақы мен еркіндігін сыйлауға негізделген тегеурінді президенттік билік мемлекеттің саяси жүйесінің тұғыры бола бастады. Тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш президенті болып Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев сайланды. Н.Ә. Назарбаев қол қойған алғашқы жарлықтарының бірі – 1991 жылғы тамыздың 29-ындағы “Семей полигонын жабу туралы” Жарлық болды. Елбасының осы тарихи шешімі, батыл қадамы дүние жүзіне мәлім тарихи фактіге және Тәуелсіз Қазақстанның ұлттық мақтанышына айналды.

Кешікпей-ақ, Қазақстан халықаралық аренаға шыға бастады. 1992 жылы 3 наурызда Қазақстан Республикасы Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше болды. Мемлекеттің тәуелсіздігін қамтамасыз ету мақсатында 1992 жылғы қаңтарда Қазақстан елінің ішкі істер әскері құрылды. Бүкілхалықтық талқылаудан кейін 1992 жылғы маусымда Жоғарғы Кеңестің сессиясы Республиканың жаңа мемлекеттік Туы мен Елтаңбасын бекітті. Осылай ша, Н.Ә. Назарбаев 1992 жылы 4 маусымда “Қазақстан Республикасы Мемлекеттік туы туралы”, “Қазақстан Республикасы елтаңбасы туралы” және “Қазақстан Республикасы Мемлекеттік әнұранының музыкалық редакциясы туралы” Заңға қол қойды. Сол күні Президент резиденциясы мен Қазақстан Республикасының Жоғары Кеңесінің алдына мемлекеттік ту тігіліп, елтаңба ілінді. 1992 жылдың 11 желтоқсанында Мемлекеттік әнұранның мәтіні бекітілді, ал 2006 жылдың 10 қаңтар күні Қазақстанның тарихына еліміздің жаңа әнұранының туған күні ретінде кірді.

1993 жылғы қарашада “Ақша жүйесін тұрақтандыру жөніндегі шұғыл шаралар туралы” Президент жарлығы шықты. Сөйтіп, төл теңгеміз 1993 жылдың 15 қарашасында айналымға түсті. [2]

Тәуелсіздіктің әр күні, әр айы тарихи мән-маңызы айрықша жауапты шешімдерге толы болды. Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасу мен дамуын айқындау, президенттік басқару нысанына тән мемлекет құрылысын саралау, заң шығару және сот билігін реформалау, әлеуметтік және экономикалық жүйені жаңғырту, ол үшін нормативтік базаны айқындайтын стратегиялық міндеттерді жүзеге асыру сияқты тарихи толымды істер ерекше құлшыныспен және тәуекелі мол табандылықпен қолға алынды. Әсіресе, саяси реформалар, қоғамның саяси кемелденуі, демократиялық құндылықтарды өмірге орнықтыру бағытында ғасырларға бергісіз кезеңдер артта қалды. Әлемдік өлшемдерге жауап беретін Тәуелсіз Қазақстанның Ата заңы 1995 жылы 30 тамызда қабылданды. Көппартиялық жүйе дүниеге келді. Идеологиялық бірізділік пен монополияның не екенін бүгінгі жас ұрпақ бұқаралық ақпарат құралдарынан ғана біледі. Есесіне олар “сөз бостандығы”, “шығармашылық бостандық”, “адам хақы”, “пікір алуандығы” тәрізді құндылықтарды жазбай таниды. Елбасын бүкілхалықтық сайлау арқылы анықтау әлеуметтік санаға біржола сіңді. Шекарадағы перде ысырылып, адамдардың таяу – алыс елдерге сапар шегуі күнделікті үйреншікті тіршілікке айналды.

Тәуелсіздік тұсындағы Қазақстанда ұлтаралық келісім мен ынтымақтың тамаша үлгісі орнықты. Конституцияның баптарын мүлтіксіз сақтау және Президент Н.Ә.Назарбаевтың қажырлы еңбегі арқасында әрбір этностың емін-еркін күн кешуіне, өз тілін, мәдениетін, салт-дәстүрін, ұлттық ерекшеліктерін құрметтеуге мүмкіншілік туғызылуда. Жүздеген ұлттық-мәдени орталықтар жұмыс істеуде, газет-журналдар жарық көруде, тарихи отандарымен байланысы нығаюда. Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде ғана 80-ге жуық ұлт өкілдері білім алуда. Қазақстан халықтарының татулығы мен ынтымағы еліміздің халықаралық абыройын арттырып, оған деген сеніміне қуат беріп отырғаны сөзсіз.

1997 жылы қазан айында Президент Н.Ә. Назарбаев “Қазақстан-2030” стратегиялық жолдауы жарияланды. Жолдауда болашаққа болжам, қазіргі жағдайға талдау жасалып, сыртқы және ішкі саясаттың ерекшеліктері айтылды. Бұл бағдарламада еліміздің саяси, әлеуметтік-экономикалық дамуының жақын арадағы және стратегиялық ұзақ мерзімдегі даму жолдары көрсетілген. 2030 жылы Қазақстан күрделі жолдан ойдағыдай өткен және дамудың келесі кезеңіне нық қадаммен аяқ басқан ел болады.

Бүгінгі таңда Қазақстан саяси және әлеуметтік әділеттіліктің, экономикалық еркіндіктің берік іргетасына негізделген Заңның күші үстем мемлекет болуға түбегейлі бет бұрған. Бүкіл қазақстандықтар болашаққа қарай ойдағыдай алға басудың сенімді кепілі осы деп біледі. Сәтімен басталған ХХІ ғасыр Тәуелсіз Қазақстанның болашағын одан әрі нұрландыра түсері кәміл.

Қазақстан – Еуропа мен Азияның орталығында орналасқан егеменді, ірі ел. Мемлекеттік тәуелсіздік–ұлттық қауіпсіздіктің және қазақстандықтардың рухани әл-ауқатының, өз күшіне, еркіне, қуатына сеніп, бар мақсаттарын жүзеге асыруының, Қазақстандағы ұлттық келісім мен тыныштықтың кепілі. Қазақстанда 17 миллионнан астам халық тұрады, мұның ішінде 100-ден артық ұлт өкілдері бар. Тәуелсіз Қазақстан – көп ұлтты мемлекет. Бейбітшілік пен достастықта, татулықта бірлесе отырып, қызметтің әр түрлі саласында қазақтар мен орыстар, татарлар мен немістер, украиндер мен кәрістер т.б. ұлттар еңбек етуде.

Мемлекеттік тіл - қазақ тілі. Қазақстан Республикасы - демократиялық және біртұтас мемлекет болып табылады. Ел тұрғындары негізінен ислам және христиан дінін ұстанады. Басты қаламыз - Астана. Мемлекет басшысы - Президент. Заң шығарушы жоғарғы өкілді органы - Сенат пен Мәжілістен тұратын Парламент. Атқарушы билік органы -Үкімет. Ұлттық ақша-теңге. Тәуелсіз Қазақстанның 14 облысы бар.

1998 жылы бмамырда Президент Ақмола қаласын Астана деп атауға Жарлық шығарды. 1998 жылы 10 маусымда жаңа Астананың ресми тұсаукесері болып өтті. 1999 жылдың шілдесінде Астана қаласы ЮНЕСКО-ның “Әлем қаласы” сыйлығымен марапатталды.

Қазақстан жаңа мыңжылдыққа тек дербес қана емес, сонымен қатар қуатты мемлекет ретінде аяқ басты. Ел тәуелсіздік мемлекет ретінде дамыған жылдары құқықтық және азаматтық қоғам құру жолында елеулі табыстарға жетті. Елде бейбітшілік пен келісімге, тұрақтылық пен дамуға қол жеткізілді. Әлемнің 120-дан астам мемлекеттері ресми түрде таныған Қазақстан Республикасы БҰҰ, ТМД, ЮНЕСКО, ЕҚЫУ т.б. да 64 халықаралық ұйымдарға мүше. Қазақстан - ядролық қарудан бас тартқан ең алғашқы мемлекет.

Қазақстанда мемлекеттік марапаттар: жоғарғы деңгейдегі белгілері «Алтын қыран» ордені, «Халық қаһарманы» атағы, «Отан», «Даңқ», «Айбын», «Парасат», «Достық», «Құрмет» ордендері, Ерлігі үшін, Жауынгерлік ерлігі үшін, Ерен еңбегі үшін, Шапағат медальдары болып танылады. [3]

2001 жыл автомобиль жолдары жылы болып жарияланды. Трансевразиялық магистраль “Батыс Еуропа – Батыс Қытай” жобасы басталды. Еліміздегі жолдардың көп бөлігі жөнделіп, жаңа жолдар салынды. Әуежайлар мен Каспийдегі теңіз порты қайта құрылды. [4]

2002 жылы Евразияның кіндігі – Астананың төрінде Елбасы Н.Ә. Назарбаевтің идеясымен Елорданың символына айналған “Астана - Бәйтерек” монументі салынды. Оның биіктігі 97 метр.

2004 жылы Астанада Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентінің Музейі ашылды. Онда 100 мыңнан астам эспонаттар бар. Президент Н.Ә.Назарбаевтің жеке мұрағаты мен кітапханасы мемлекеттер мен халықаралық ұйымдар басшыларының тартулары, Елбасының бірегей марапаттар коллекциясы, жеке заттары, құжаттары көрермен назарына ұсынылып отыр. Осы жылдың 13 қаңтарында ҚР президенті “Мәдени мұра” мемлекеттік бағдарламасы туралы Қаулыға қол қойды.

Біздің басты жетістігіміз - тәуелсіз Қазақстанды құрғанымыз. Біз шекарамызды заңдық тұрғыдан ресімдедік. Елдің тұтастандырылған экономикалық кеңістігін құрдық. Елде өндірістік байланыстарды қайтадан орнықтырып, нығайттық. Бүгінде барлық өңірлер бір-бірімен ажырағысыз байланыста

жұмыс істейді. Билік тармақтарының бөлінуіне негізделген заманауи мемлекеттік басқару жүйесін жасаған тарихи маңызды конституциялық және саяси реформалар жүргіздік. Елдің жаңа елордасы - Астананы салдық. Бұл заманауи қала біздің бойтұмарымыз бен мақтанышымызға айналды. Біз еліміздің мүмкіндігін әлемге көрсету үшін оның әлеуетін пайдалана алдық. Дәл сол себептен де халықаралық қауымдастық Қазақстанды ЭКСПО-2017 Халықаралық көрмесін өткізу орны ретінде таңдады. Біздің еліміз кеңестен кейінгі кезеңдегі күллі кеңістікте Еуропадағы Қауіпсіздік және Ғылымға Ұйымдастық Ұйымға төрағалық еткен, осы Ұйымның Саммитін өткізген және ғаламдық ауқымдағы іс-шара - ЭКСПО-2017-ні өзінде өткізетін бірінші ел екенін айтсақ та жеткілікті.

Қазақстан 140 этнос пен 17 конфессияның өкілдері үшін туған шаңырағына айналды. Азаматтық татулық пен ұлтаралық келісім - біздің басты құндылығымыз. Көпұлтты еліміздегі татулық пен келісім, мәдениеттер мен діндердің үндесуі әлемдік эталон ретінде танылған. Қазақстан халқы Ассамблеясы мәдениеттер үндесуінің бірегей еуразиялық үлгісі болды. [5]

1 Тәуелсіздіккөмегі // <http://kazigurt-tinisi.kz/index.php/qogam/item/865-t-uelsizdikke-ta-zym>

2 Тәуелсіздікке 25 жыл: 2000-2001 жылдардағытарихишежіре // http://massaget.kz/mangilik_el/tauelsizdikke_25_jyl/42885/

3 Аяған Б.Ғ., Әбжанов Х.М., Махат Д.А. ҚазіргіҚазақстантарихы. — Алматы: Паритет, 2010-445 б

4 ТәуелсізҚазақстан // http://testent.ru/publ/studenty/kazak_tili_sabagi/t_uelsiz_aza_stan/3-1-0-7333.

5 ЫнтымағыжарасқанҚазақстан // <http://www.adilet.gov.kz/ru/node/45418>

Резюме

25-летние независимого Казахстана-период Независимости

С.С. Джанкадыров –*м.с.н. старший преподаватель общегуниверситетской кафедры политологии и социально-философских дисциплин КазНПУ имени Абая*

В статье говорится о развитии и становлении Казахстана как независимого государство, реформирование законов и судебной власти, модернизаций социальной и экономической систем, реализация стратегических задач определяющих нормативную базу, политические реформы, политическая зрелость общество, удалена внимание не известным периодом, направленных на создание демократических ценности в жизни. К тому же наше большое достижение – это создание независимого Казахстана. Развитие сформировавшихся промышленных связей в стране, образование объединенных экономических согласований, неразделимая связь окрестностей друг с другом и продвигающаяся работа, ради будущего нашей страны, процветание нашего нового современного города Астаны, считается нашим достижением.

Ключевые слова: государство, независимость, ценность, история, президент, народ, конституция, декларация, политика, закон.

Summary

25 years of independence of Kazakhstan-periods of independence

S.S. Jankadyrov – *Master of social sciences of department of Political Science and socio-philosophical disciplines at AbayKazakhNational Pedagogical University (KazNPU)*

The article describes the development and formation of Kazakhstan as an independent state, reforming laws and the judiciary modernization of social and economic systems, the implementation of strategic objectives of defining a regulatory framework, political reforms, political maturity of society, there are given attention to an unknown period aimed at establishing democratic values in life. In addition our greatest achievement is the creation of an independent Kazakhstan. Development of mature industrial relations in the country, formation of unification of economic coordination, indivisible link neighbor regions with each other and promotion of work for the future of our county, prosperity of our new modern city – Astana, is considered to be our achievement.

Keywords: State, independence, value, history, president, people, constitution, declaration, politics, law.

**ҚАЗАҚСТАН ЖӘНЕ ШЕТЕЛ ҒАЛЫМДАРЫНЫҢ ОРТАҚ ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУЛЕРІ
СОВМЕСТНЫЕ ИССЛЕДОВАНИЯ УЧЕНЫХ КАЗАХСТАНА И ЗАРУБЕЖЬЯ**

УДК 316334.3(574)

ЧЕЛОВЕЧЕСКИЕ ЧУВСТВА, ЭМОЦИИ, РАЗУМ: СИСТЕМНО-СОЦИАЛЬНЫЙ АНАЛИЗ

Абсаттаров Р.Б. – член-корреспондент НАН РК, доктор философских наук, профессор, заведующий кафедрой политологии и социально-философских дисциплин КазНПУ имени Абая;

Рау И.А. – доктор философских наук, профессор Академии ведущих кадров Бундесфера (Гамбург)

В статье рассматриваются актуальные вопросы человеческих чувств, эмоции, разума, которые еще недостаточно изучены в научной литературе. В статье уделено внимание их особенностям и проблемам. Вместе с тем уделено внимание и дискуссионным вопросам.

Ключевые слова: человек, чувство, эмоция, разум, теория, ощущение, тело, телесность, ситуация, поведение, рациональность, когнитивизм.

Прежде всего следует сказать, что вопросы человеческих чувств, эмоции и разума еще недостаточно изучены в научной литературе. Естественно, что все аспекты этой темы в одной статье невозможно охватить. Поэтому, мы в статье рассмотрим только некоторые аспекты человеческих чувств, эмоции и разума в общественном развитии.

Теория чувств (feeling-theory) У.Джеймса признаётся и оспаривается представителями различных направлений по сей день [1]. Наиболее явственно это проявляется в непрекращающихся дискуссиях о рациональности или даже разумности человеческих чувств и эмоций. Возникают ли такие чувства как страх или печаль вследствие протекания определённых процессов в теле. То есть независимо от нашей воли и сознания, с необходимостью. Или же речь идёт об *оценке* (пусть и невольной) предметов, людей, ситуаций? Иногда эмоции много быстрее и лучше чем наш рассудок показывают нам, что есть хорошо и что плохо для нас в данный момент [2]. В особенности это касается эмоций эстетического характера поскольку эстетика лежит в основе этики (И. Бродский)

Имеется древнее суждение согласно ощущения и эмоции не ошибаются потому, что они не делают суждений и умозаключений, потому, что они просто фиксируют то, что происходит в нашем организме. Суждения, умозаключения и другие логические операции сознательно или полубессознательно, или даже бессознательно делает наш рассудок. И именно он, а не наши ощущения и эмоции, часто ошибается. Мы уважаем древних, но, может быть, их оценки безошибочности ощущений и эмоций ошибочны? [3]. Попробуем проверить эти наши сомнения с точки зрения современных (последних десятилетий) оценок нашей чувственности.

The article addresses the issues of human freedom as a value and as the internal structure of consciousness of each individual. The problem of human freedom and its possible justification has never been so vague and acute, as in our days. Modern realities the political-economic and socio-cultural life has made the problem of freedom is particularly

relevant at the present time, because have a major impact on the intellectual and moral process of human identification, the nature and the modalities of his existence in a complex changing world, are of fundamental importance for the formation of the spiritual space, in which the realization of the common history of mankind.

Key words: the problem of freedom, people, responsibility, the concept of freedom, free will, free choice, rights and freedoms of citizens, independence.

ӘОЖ: 297(09)(574)

ИСЛАМДАҒЫ АҚША РӨЛІ: ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖӘНЕ МҰСЫЛМАН ЕЛДЕРІНДЕГІ ИСЛАМИ БАНКТЕРДІҢ ЭТИКАЛЫҚ-САЛЫСТЫРМАЛЫ АНАЛИЗІ: ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АЗИЯ ДАМУ БАНКІНІҢ КЕЙСТІК ЗЕРТТЕУІНЕ НЕГІЗДЕЛГЕН

М.Тұрмағанбет – *Абай атындағы ҚазҰПУ,*
БМ020600 – Дінтану мамандығының 2-курс магистранты
Ғылыми жетекші – с.ғ.д., профессор Н.А. Абуева

Бұл мақалада Исламдағы Банктік қарым-қатынасындағы ақшаның рөлі, маңыздылығы және ақшалай қарым-қатынастардың ерекшеліктері қарастырылады. Бұл тұрғыда Ислам Банктерінің басқа банктерден айырмашылығы сипатталады. Қазақстандағы банктердің жұмыс жасау реті және исламның этикалық негіздерімен ұқсастықтары сараланады.

Түйін сөздер: ислам, банк, Қазақстан, ақша.

Ислам мен банк туралы айтпас бұрын нарықтан бастау алған дұрыс болар. Бүгінгі өзара байланысы тым жоғары және халықаралық айырбастық заңына негізделген қарым-қатынастар бүкіл әлем бойынша кеңінен таралған. Қасиетті Құран бұл операциялар бойынша сенім мен шыншылдыққа негізделсе ғана бүкіл қауым, ортаға пайдалы болатынын қайталайды. Банк, Мұдариб ретінде, салымшылар табысын тіркеу мақсатында инвестициялық тәуекелді жабу резерві ретінде жалпы инвестициялық пұлдың салымшылар мен акционерлеріне тиесілі таза кірістен белгілі бір пайызды алу құқығын өзіне қалдырады. Осындай қаражаттар тек қана Банк Кеңесінің алдын ала мақұлдауымен ұсталып, сақталып, үлестіріледі. Ислам принциптеріне негізделген бизнес, тауар айналым әрқашан да ғалымдар назарынан тыс қалмаған-ды. Өз өнімдерінің белгілі кемшіліктерді жасыру үшін сатушы өтірікке баруына қатаң тыйым салынады. Ислам қағидасы бойынша заттың шын мәнінде шынайы, таза күйінде сатып, тауарды міндеттемеу керісінше, қорғау керек деген идеяны алға тартты. Қазіргі таңда 1,43 млрд мұсылмандар көптеген елдің түкпір-түкпірінен зат, тауар алмасып, банктік, қаржылық жүйені қалыптастыруда [1, 10 б] .Мәселен, миллиардтаған халқы бар Үндістан елінде мұсылмандар саны миллионнан асады. Қазіргі таңда шамамен бұл процесс құндылығы жылына АҚШ-тың 670 миллиард доллары шамасында бағаланады. Халал нарығының, бүкіл әлем мөлшері млрд жыл сайын 15 пайызға өсіп келе жатыр. Ол біздің планетамыздағы ең жылдам дамушы нарықтың бөлігі болып саналады. Кез келген мемлекеттің экономикасында ірі кәсіпорындар,шағын және орта кәсіпкерлікпен қатар мемлекеттің дамуының негізі – банк жүйесінің қалыпты жұмыс істеуі екенін әлемдік практика көрсетуде.

Нарық экономикасы, шаруашылық жүйесі интеграциялану кезеңінде қаражат құрау мен оны пайдалану үрдісі әртүрлі экономикалық тұлғалар арасындағы әр-қилы қарым-қатынастарға сәйкес дамиды. Ондай тұлғалар – халықтың өзі, одан кейінгісі: мемлекет және банк, басқа қаржылық делдалдар. Исламдық Банкингтің тұжырымдамасы бойынша, бұл – Құран мен Сүннеттің бағыт-бағдарынан тараған, Ислам дінінің барлық аспектілерін, соның ішінде сенім мен қолданыс тәжірибесін сипаттайтын ислам құқығы болып табылады. Шарифаттың банк саласындағы ұстанымдары мен ережелері өте кең көлемді талқылауды қажет етері анық, алайда, төменде келтірілген мәлімет Сізге бұл салада жалпылама түсінік беруі тиіс. «Өсім алмау» мәселесі Исламдық банкингтегі жалғыз ғана тұжырымдама емес. Ол Исламдық банкингтің тірегі болып табылатын Ислам экономикасының негізгі тұжырымдамасы мен идеологиясының маңызды бөлігі. Ислам банктерінің ерекшеліктеріне бірден-бір өсімдіктің болмауы жатады. Өсімақы алуға тыйым салынады. Сауда рұқсат етіліп, дәріптеледі. Алайда дүниедегі қорлар Алланың қолында және олар адамның пайдалануына сеніммен тапсырылған делінеді. Адам өз істері үшін Алланың алдында жауап береді. Байлық бай адамдардың арасында ғана шоғырланбай, барлық адам арасында бірдей берекет таралуы тиіс, Зекет тұжырымдамасы мен мирас

құқығы арқылы адал таралуы тиіс, байлар мастанбай, кедейлер тастанбауы қажет. Алыпсатарлық пен қаражаты орынсыз ысырапшылдық жасау заңсыз деп есептеледі. Біреудің ұтуын, екіншісінің ұтылуын болдыратын істерге тыйым салынады. Теңдік, әділдік, адалдық, ашықтық пен қарапайымдылық қоғамдағы тең мүмкіндіктердің өркендеуіне жол ашады. Ақша – бұл айырбастау құралы ғана. Бақыт кілті емес. [2, 23 б] Қаржыландыру активтермен қамтамасыз етіледі. Сарандық пен пайдақорлық қатарлас адамдардың құқықтарының жаншылуына әкеп соғады. Бұдан мынадай қорытындыға келуге болады. Сонымен, Исламдық банкинг деген – бұл Исламның жоғары этикалық және моральдық құндылықтырана негізделген қазіргі заманғы жүйе. Бұл жүйе неғұрлым тиімді болса, Ислам экономикалық жүйесінің мақсаттары мен міндеттері оңай жетілетін болады. Аталған тұжырымдамаға сәйкес барлық қаржыландыру операциялары «активтермен қамтамасыз» етіледі. Осы тұжырымдама негізінде Исламдық банкинг Мұрабаха, Мұдараба, Мұшарака, азаятын Мұшарака, Ижара, Истисна, Салам, Сукук, Уакала және басқа да әр түрлі қаржыландыру құралдары арқылы материалдық активтер мен қызметтерді сатып алуға, лизингке беруді, және құрылыс жүргізу шарттарын жасауға мүмкіндік береді. Банктің мазмұны мен атқарылымы оның экономикадағы маңызын көрсетеді. Банктің маңызы оған жүктелген міндеттермен айқындалады. Банкке жүктелген міндеттер мыналарды қамтамасыз етеді:

- өндірістің үздіксіздігін және оны жеделдетуін қамтамасыз етуге керекті, бос ақша капиталды, ресурстарды шоғырландыру;

- ақша айналымын тәртіпке келтіріп, оны рационализациялау болып табылады. Банк -өзінің жарғысы бар, толық шаруашылық есеп және өзін өзі қаржыландыру негізінде қызмет жасайтын заңды тұлға. Ол ақша қараатын тарту, орналастыру және басқа банктік операцияла жүргізетін мекеме. Ислам мен қаржылық жүйені талқылауда мынадай терминдер өте көп қолданылады. Мәселен, Мұдараба, негізінде, капиталы бар мен тәжірибесі бардың бірлігіне негізделеді: олардың бірініші тарабы капитал ұсынса, екіншісі тәжірибесі мен басқаруды ұсынады. Бұның себебі «халал» (заңды) пайда табуда; аталған пайда олардың арасында алдын ала жасалған келісім бойынша үлестіріледі, сонымен бірге шығындарды капиталдың иегері тартады. Капитал салушы Раб-эл-Мәэл, ал банк Мұдариб деп аталады.

Иджара

Жалға беру – бұл активтерді сату емес оның пайдасын немесе пайдалану құқығын сату не белгілі бір сыйақыға айырбастау. Ол шарт ретінде белгіленуі мүмкін, яғни жалға беруші біреудің пайдалануына белгілі бір дүниеден немесе қызметтерден түсетін пайданы келісілген жалға беру төлемдерге айырбастап белгілі бір мерзімге ұсынады. Банктік тәжірибесінде бұл екі ірі категорияға бөлінеді:

Операциялық лизинг.

Бұнда жалға беруші активін келісілген мерзімге және жалға беру құнына біреуге жалға береді; жалға алушы аталған мерзім бойы активтің жалғыз иегері болып есептеледі. Лизинг мерзімі аяқталысымен, актив жалға берушіге қайтарылады.

Истисна

Бұл сатып алушы (Мустасни) сатушыдан (Сани) болашақта келісілген мерзімде дайындалатын немесе салынатын активті белгілі бір бағаға (Истисна құны) сатып алуы туралы Шарт. Истисна құны алдын ала немесе бірнеше кезеңмен активтің жасалуы кезінде немесе жеткізілу кезінде не жеткізілгеннен кейін төленуі мүмкін.

Мұрабаха

Тауарды өзіндік құнына келісілген пайда мөлшерін қосып сату. Пайда мөлшері тауардың өзіндік құны немесе жалпы сомманың белгілі бір пайыздық көлемі ретінде есептелуі мүмкін.

Мұшарака

Бұл екі немесе одан да көп тараптардың инвестициялауға капиталмен қатысуға келісетін шарты. Пайда түскен жағдайда, пайда қатысушылар арасында келісілген пайыз бойынша есептеліп, үлестіріледі. Кез-келген шығын туындаған жағдайда, шығын қатысушылар арасында олардың капиталдық үлестеріне сәйкес бөлінеді.

Уакала

Банктер Уакаланы ірі салымдар үшін жиі қолданады. Капиталы бар клиент өз атынан инвестициялар жасауға Ислам банкін өз агенті ретінде тағайындайды яки өз қорын басқару жарнасын төлейді немесе төлемейді.

Уақытша бос ақша ресурстарды шоғырландыру атқарымынан, бір жағынан банк уақытша бос ақша ресурстарын жинаушы, екінші жағынан, оларды басқа уақытша қосымша қаражатқа мұқтаж

шаруашылық жүргізуші субъектілерге беруші. Банктердің ақша қаражатын шоғырландыру, кейіннен оларды қайта бөлу, өндіріс пен айналымның үздіксіздігін қатамасыз етіп қана қоймай, бүкіл ұдайы өндірістің процессін жеделдетеді[3]. Банк ісінің ерте сатысының өзінде банктер ақша қаржысын сақтауды, оларды, ішкі және сыртқы экономикалық, айналымдардан сауда операцияларына сәйкес аударуды қатамасыз еткен және олар елдің ақша белгісін, екінші елдің валютасына айырбастаушы болып көрінген. Одан бері банктің ісінің технологиясы айтарлықтай өзгерген. Ислам Өркениетінің қолдауымен арабтан шыққан Мұсылмандар Римдіктер қолданысқа енгізген банктік істі қабылдап қана қоймай, оны жетілдіре түсті. Мұның барлығы Шариғатының ұстанымдары мен ережелеріне сәйкес жасалған болатын. Ерте кезеңдерден-ақ салым (депозит) сенімді бір тұлғаға сақтауға берілген ақша болып табылатын. Бұндай банктік тұжырымдама Исламның қалыптасу дәуірі тұсында қабылданды. Ол кезде адамдар өз ақшаларын Пайғамбарымыздың (салаллаху ғалейхи уәсәлләм) жоғары мәртебелі серігі Әл-Зұбайыр бен Аууамға (ради Аллаху аһу) сақтауға беретін. Ол мұнысын: «Мен сіз үшін кепілдік бере алатын қарыз беріңіз»,- деп түсіндіретін. Содан кейін ол салымдарды саудаға салатын.

Одан көп ұзамай мұсылман қауымы ақша аударымдары және чектерді қолданумен танысты. Тарихта Алеппо Ханзадасы Саиф Аддаулах Алхамадани Бағдатқа қарапайым адамың киімімен келіп, Бани хақан тайпасының арасында бір түн болып, ертесіне Бағдатта бір мың динар көлемінде ақша айрбастау туралы өзі қол қойған хабарламаны бергені туралы деректер кездеседі. Шетелдік коммерциялық (өсімқорлық) банктердің көптеген мұсылман елдерінде таралуы банк ісінің Исламдық баламасын құру қажеттілігін тудырды. Мұсылман ғалымдарының көбі шетелдік коммерциялық (өсімқорлық) банктердің және олардың күнәлі операцияларын ешқандай баламасын ұсынбайды деп сынға алады. Уақыт өте, коммерциялық банктердің үлкен басымдылығын ескеріп, ғалымдар өз күштерін Шариғаттың ұстанымдары мен ережелеріне сәйкес келетін шешімдерді іздестіруге салды. 1963 ж. Мысырдың Гамр қаласында Ислам Банкін құру бойынша алғашқы әрекетті доктор Ахмед Әл-Наджар жасады. Банк 85 000 салымшысы бар 53 бөлімше құрды. Банк адамдарға инвестициялық, әлеуметтік және білім беру қызметтерін ұсынды. 1971 жылы Мысыр үкіметі Nasser Social Bank банкін құру үшін заң қабылдады. [4] Оның пайда табуының 3 көзі болды: 1) Зекетті басқару, 2) мемлекеттік сақтандыруды басқару, және 3) мемлекеттік қарызды басқару. 1975 жылы БАӘ-нде бірінші ислам банкін құру туралы жарлық шықса, дәл сол жылы Сауд Арабияның Джиддада қаласында Исламдық даму банкі (Islamic Development Bank) құрылды.

Бастапқыда Исламдық банкинг өте қарапайым болған. Мұрабаха қағидасы өзінің қарапайымдылығы және тәуекел факторының төмендігі үшін қолданысқа алынды. Исламдық шектелген және шектелмеген Мұдараба шарттары инвестициялау мақсатында депозиттерді жинау үшін қолданылды. Ислам банкингі саласындағы жаңа өзгерістерге капиталдың Араб және Ислам өңірлеріне келе бастаған кезінде пайда болды және халықтың қажеттіліктері мен сұранысын қанағаттандыратын Шариғатқа сәйкес қаржыландыру мен инвестициялар құралдарының ислам заңнамасы негізінде қайта зерттелуі талап етілді. Кәдімгі коммерциялық банктердің Исламдық банкингке кіруіне байланысты бұндай тез өсіп келе жатқан нарықта бәсекелестік те күшейіп келеді. Соның әсерінен Истисна, іргелес Истисна, Мұшарака, азаятын Мұшарака, Салам, іргелес Салам, операциялық Ижара, қосалқы жалға беру, қаржылық Ижара, Мудараба мен инвестициялық Уакала және басқа да көптеген жаңа қаржыландыру құралдары қолдануға енді. Инвестициялық қорлардың әр түрі және Сукук те дилерлерге ақшалай емес тауарлар мен қызметтерді сату арқылы қаржы тартудың жақсы көзі ретінде қолданысқа енді. Егер коммерциялық банктер бір шарттың негізінде жұмыс жасайтын болса, Ислам банкингінде әр құралдың оны басқа құралдан өзгеше ететін өзіндік мәні мен айрықша сипаты бар. Қазіргі кезеңде нарықтық типпен дамыған едердің барығында дерлік екі деңгейлі банк жүйесі құрылып, белсенді түрде одан әрі өрістеуде.

Қазақстан Республикасында «Қазақстан Республикасы банктер және банк қызметі туралы» республика Президентінің 1995 жылғы 31 тамыздағы заң күші бар жарлығында «Қазақстанның екі деңгейлі банк жүйесі бар бірінші деңгейдегі мемлекеттің Ұлттық банкі, ал басқа банктердің барлығы екінші деңгейлі яғни коммерциялық банктер» делінген[6]. Банк және тауарлы, ақшалай қарым қатынастардың даму тарихы тұрғыдан қатарлас жүреді және өзара тығыз байланыста болады. Банктік шаруашылық өмірдің орталығы барлық эконмиканың негізгі түйіні болып табылады. Бастапқыда Исламдық банкинг өте қарапайым болған. Мұрабаха қағидасы өзінің қарапайымдылығы және тәуекел факторының төмендігі үшін қолданысқа алынды. Исламдық шектелген және шектелмеген Мұдараба шарттары инвестициялау мақсатында депозиттерді жинау үшін қолданылды.

Егер коммерциялық банктер бір шарттың негізінде жұмыс жасайтын болса, Ислам банкингінде әр құралдың оны басқа құралдан өзгеше ететін өзіндік мәні мен айрықша сипаты бар. Ислам қағидасы бойынша өз сенушілеріне, дін ұстанушыларына іскерлік іс-шараларға қатысуға мүмкіндік береді. Қасиетті Құран мен Сунны берген сауда-саттық шектеулер мен принциптері мен тұжырымдамасы ұйытқыларына қарама-қайшы келмейді. Харам және Халал қағидалары міндетті түрде назарға алынуы тиіс. Демек, Исламда сауда өмірлік процесс ретінде қарастырылады нәрсебірлесіп жұмыс істеу бойынша ислам нұсқаулар ғана береді. Ислам қағидаттарын импульс, иджтихада көрінісіндегі халал және харам фиксаторлар бейнеленген заңды жағдайына қатысты барлау мен талабы бойынша алға жылжыту негізделді. Олардың басшылық ролі мемлекет берген үлкен өкілеттіліктермен анықталады. Орталық банк елдің эмиссиялық, резервтік және кассалық орталығы, сондай-ақ ол норма шығару, басқару құқықтарына ие «банктердің банкі», «соңғы сатыдағы несие беруші» ролін атқарады, ақша-несиелік және валюталық саясатты анықтайды, оның негізгі мақсаты пайда табу емес, ақша-несие саясатын жүзеге асыру және елдің несиелік жүйесін басқару болып табылады [5]. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, мемлекеттің Орталық банкіге кең өкілеттік беруі екінші деңгейлі банк жүйесінің тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз етеді. Ал біздің елімізде орталық банк мемлекет берген эмиссиялық құқығы негізінде экономиканы жалпы мемлекеттік тұрақтандыру саясатын, тауар-ақша тепе-теңдік саясатын жүргізеді. «Банктік кредит беру мақсатында, қабылдау білдіреді немесе талап ету бойынша өтелетін халықтан ақша салымдарының инвестициялық, немесе өзгеше түрде, және chesque, жобасына, бұйрықты немесе өзгеше түрде арқылы алады қайтарып алуға құқылы. (Банктік компаниялар қаулысы, 1962, бөлім 5B). Банктер мұндай ақша айналысатын сияқты функцияларды орындауға түрлі және шетел валютасын және нарықтың бизнес мәмілелерді құндылықтар, бизнесін мәмілелерді агенттігі қызметтер көрсететін құралдар, Жылжымайтын мүлік Бизнес актерлік қатысатын кепілдік және өтеу, қорғаншының және орындаушы ретінде. Ислам банкингі негізделген қызығушылық балама болып саналады дәстүрлі банктен айырмашылығы осында. Ислам экономика және бизнес үшін нормалар мен ережелерді қамтамасыз етіп қана қоймай, басқа салалар үшін де нұсқау береді. Ислам толық жиынтығын ұсына отырып, онда адамгершілік принциптері мен өмір кешенді коды деп саналатын бәріне ортақ нұсқауларды қамтиды. Әлеуметтік, экономикалық, саяси, құқықтық, экологиялық үшін директивалар, технологиялық, этикалық және оған өмірдің барлық басқа факторларын да қамтамасыз етеді. Орталық банк тарапынан ақша-несиелік реттеудің негізгі объектісіне экономикадағы қолма-қол және қолма-қолсыз ақша массасы жатады, оның динамикасына төлеуге қабілетті сұраныстың әр түрлі компоненттерінің өзгерісі тәуелді болады [3]. Қазіргі даму сатысында ақша несиелік сипат алады, яғни ақша массасы негізінен банктердің несие-депозиттік қызметіне байланысты пайда болады, сондықтан да тәжірибе жүзінде кассалық резервтердің барлығы Ұлттық банкке шоғырланады және олардың шаруашылық айналымға түсуі Ұлттық банкінің мекемелері арқылы коммерциялық банктердің кассаларын толтыру негізінде жүреді. Барлық банктер қолма-қолсыз есеп айырысуларды Ұлттық банктердің мекемелері арқылы жүргізеді, ал қажет жағдайда Ұлттық банкіден несие алады. Осының нәтижесінде қолма-қол және қолма-қолсыз есеп айырысу айналысы Ұлттық банкіде және оның мекемелерінде шоғырланады.

Ұлттық банк — ақша резервтерінен, алтын валюта резервтерінен, басқа да материалдық құндылықтардан тұратын жекеше мүлкі бар заңды тұлға. Мүліктің құралу көздеріне — банк ісінен түскен табыстар, бағалы қағаздардан түскен табыстар және сәйкес бюджеттерден түскен дотациялар жатады.

Заңның 9-бабына сәйкес, Ұлттық банк жарғылық қорын 10 млрд. теңге көлемінде мына қаражаттар есебінен құрайды: республикалық бюджеттен бөлінген қаражаттар, мемлекеттен алынған негізгі қорлар және Ұлттық банк тапқан пайдадан аударымдар.

Әлемдік тәжірибеде, нарықтық экономика жағдайында Орталық банкінің жұмысын ұйымдас-тырудың әр түрлі құқықтық формалары бар:

- оның капиталының қалыптасуы 100% мемлекеттің қаражаты есебінен болатын унитарлық банк;
- акцияларының бөлігі мемлекетке тиеселі (немесе мемлекеттің қатысуынсыз) акционерлік қоғам;
- бірлестік типтес ұйым (мемлекеттің қатысуымен немесе қатысуынсыз); .

Орталық банкінің қызметін бірігіп атқаратын тәуелсіз банктер жүйесі.

АҚШ-та орталық банктердің капиталына мемлекет қатыспайды, олардың капиталы Федералды резервтік жүйенің (ФРЖ) мүше банктерінің жарна пұл төлемдерінен тұрады.

Негізі Ұлттық банк унитарлық орган болып табылады. Мемлекет — жарғылық қордың жалғыз иесі. Негізгі қор -ғимараттардан, құрылғылардан, көлік және басқа да құндылықтардан тұрады, ал

айналым қаражаты — банкіге тиеселі ақша қаражаттарынан тұрады [6]. Ұлттық банк резервтік және басқа қорлар құрады. Резервтік қор жарғылық көлемінде құрылып, ол өзіндік табыс есебінен толтырылады және осы қорға байланысты нормаларға сәйкес жүргізілетін операциялар бойынша шығындарды жабуға арналады.

Ұлттық банкінің қаржылық жылдағы пайдасы сол жылға жатқызылатын табыстар мен шығындардың айырмасы ретінде анықталады [7]. Ондай шығындарға: активтер амортизациясы, оның ішіндегі банкноттар мен монеталардың құндарының бір бөлігі жатады.

Пайданың жарғылық, резервтік және басқа қорларды құрғаннан қалған бөлігі республикалық бюджетке аударылады. Ұлттық банк және оның мекемелері барлық салықтар мен төлемдерден босатылады.

Ислам банкінің және қаржыландыру дамып келеді. Мысалға алар болсақ, Азия Даму Банкі келтірсек болады. Азия даму банкі (АзДБ) 1965 жылы құрылған. Оның мүшелері болып Азиядағы дамушы елдермен қатар, Жапония, Австралия елдері де кіреді. 1980 ж. Азияның 29 елі банктің аймақтық мүшелері ретінде банк мүшелерінің жиналысында 66,6% дауыс алса, оның ішінде Жапония үлесі — 26,2% дауыс, Австралия -11,1% дауысқа ие болды. Кешірек АзДБ мүшесі болып, тағы 14 тәуелсіз дамыған ел қосылды. Олардың дауыс үлесі 33,4% құрайды. Бұған Жапония мен Австралияны қосқанда басқарушылар кеңесінің жиналысында алған үлесі 70%-дан астамын құрады. АзДБ-нің жарғысы бойынша банк, тек мүше болған елдерге қаржы бөледі. Штаб-пәтері Филиппиннің астанасы — Манила қаласында.

АзДБ өз операцияларын ЕКДБ сияқты жүзеге асырады. 1980 жылы банктің негізгі капиталы 9,5 млрд. доллар болды, оның 8,9 млрд. долларына қол қойылды. Банктің ереже-сі бойынша капиталының 20% төленуі қажет, ал қалған 80% керек болса кез келген кезде талап етіле алады. Құйылған қаржы кепілдік қоры ретінде мүшелерінің қолында болады. Оның 81% алтын немесе конвертация жасауға болатын валютадан, ал қалған бөлігі ұлттық валютадан тұрады. АзДБ-нің мүше болған елдердің банкілерінің капитал жұмсалымдар бойынша түсімдерден аударған және өз еркімен қосқан жарналардан арнайы қоры бар. Осы қор қара-жаты нашар дамыған елдердің экономикасын және әлеуметтік инфрақұрылымдарын жақсартуға жеңілдікпен несие беру үшін пайдаланылады.

АзДБ облигация шығару арқылы өзінің қаражаттарын әлемдік-қаржы нарығынан тартады. АзДБ несиенің көп бөлігін мынадай 5 елге берді - Индонезия, Оңтүстік Корея, Филиппин, Пакистан, Тайланд. 1980 жылдың басында 8,7%-ға 5 млрд. доллар несие берді. Оның қайтару мерзімі 10-30 жыл. Бірінші қайтарым — 2-7 жылдан кейін. Берілген несиенің 1/3-і жеңілдетілген несие, яғни жылына 1%-дан 4% мөлшерлемесімен 40 жылға дейін беріледі.

Несие беретін негізгі бағыттары — экономикалық және әлеуметтік инфрақұрылымдар, агро-өнеркәсіп объектілері, ауыл шаруашылығы, өндіретін және қайта өңдейтін өнеркәсіп. Банкінің несиесі ең алдымен барлық жеке секторға, жекешелендірілген мемлекеттік бірлескен кәсіпорындарға, әсіресе дамып келе жатқан елдердің үкіметтеріне — сенімді қарыз алушы ретінде бағытталады. Бұл банкілердің және қаржы тұжырымдамасы Құран және Суннаға негізделген. Адамдарға қызғаныштық пен риба тыйым салынған.

Сондай-ақ, пайда мен шығындар алмасу ретінде белгілі және қаржыландыру бөлісу әдісін тәуекелге алып, салымшылар /сақтаушылар дәстүрлі кез келген тәуекел көтермейді дейді. Алайда исламдық қаржыландыру бөліктерінде PLS (profitloss деп аталады басқа шешімдерге келіп жатады [8]. Қазақстанда АДБ бағдарламасы несиелер, гранттар және ел экономикасын өседі және адамдардың өмірін жақсарту үшін техникалық көмек, әсіресе кедей, әйелдер, балалар мен басқа да осал топтарын қамтамасыз етті. АДБ 1994 жылдан Қазақстан үшін егемен және nonsovereign қарыздар астам \$ 4,4 млрд бекітті. Қазақстанда АДБ операциялар ел, көліктік бағдарларды ашу, жеке кәсіпкерлік жәрдемдесу, әлеуметтік теңдікті қолдау, энергетикалық қауіпсіздікті негізінде жатыр, және білім алмасу өнімдерін дамыту арқылы, оның көршілеріне жету көмектеседі. Орталық Азия Өңірлік Экономикалық Ұнтымақтастық (ОАӨЭЫ) бағдарламасы бойынша аймақтық ұнтымақтастық Қазақстанда АДБ операцияларын ажырамас аспектісі болып қалады. тұрақты және инклюзивті өсуі үшін жолдары ретінде, АДБ әртараптандыруды жеделдету және экономикалық бәсекеге қабілеттілігін арттыру үкіметтің даму стратегияларын қолдау көрсетеді. жыл сайын жаңартылады. Крекинг экстремалды температураның өзгеруін елдерде ортақ болғандықтан, ол жұмысын әлсіретуі немесе ұзақ барабар ағымдық жөндеу жүзеге асырылады ретінде актив мерзімін қысқартуын қажет етпейді.

- 1 Ньедхаль Гьедссон, «Ақша мен ислам қарым-қатынасы», «Рутледж» басылымы, 2 том, 2012, 166 бет.
- 2 Элья Маллон «Банк пен Ислам қағидалары», Тэйлор мен Фрэнсис басылымы, 3 басылым, 89 бет,
- 3 Сейтахметова Н. Шығыс философиясы. Әлемдік философиялық мұра. Алматы – 2009. – 345 б.
- 4 Егемен Қазақстан, 3 басылым, 6 бет, 2012 жыл
- 5 Алматы Ақшамы, 5 басылым, 7 бет, 2012 жыл
- 6 Аль-Вазни, «Ислам тақырыбында», Сандэй Таймс, 3 тарау, 22 бет, 2014 жыл
- 7 Нурпейісов Ә. Төрт томдық шығармалар жинағы. Үшінші кітап: Күйреу.- Алматы: Жазушы, 1981. 350 б.
- 8 World bank. Әлемдік банк www.worldbank.org. Қазақстан бөлімі
- 9 Asian Development Bank, Азия Даму Банк www.adb.org Қазақстан бөлімі

Резюме

Роль денег в исламе: Сравнительный анализ этических и мусульманских стран, исламских банков в Казахстане: на основе тематического исследования Азиатского банка развития

*Меруерт Турмаганбет - магистрант 2 курса по специальности 6М020600 –
Религиоведение, КазНПУ им.Абая*

Эта статья посвящена современному анализу операций банков в соответствии с правилами религии Ислама. В нем обсуждаются дилеммы и сравнительное толкование между немусульманских и мусульманских банковских секторами и отраслями в разных точках мира. Данные были проанализированы с информацией от Всемирного банка и Азиатского банка Развития. Банковская система Казахстана адресована, а также тематические исследования относящиеся к этим темам разрабатываются в дальнейшем.

Ключевые слова: ислам, банк, Казахстан, деньги.

Summary

The role of money in Islam: Comparative analysis of ethical and Muslim countries, Islamic banks in Kazakhstan: based on a case study of the Asian Development Bank

*Meruert Turmaganbet – 2nd year master student, specialty of Religious Studies 6M020600,
Abai Kazakh National Pedagogical University*

This article is devoted to long-lasting discussion of banks operations in accordance with the Islam rules. It discusses dilemmas and draws comparisons between non-Muslim and Muslim bank sectors and branches. The data were analysed with the information from World Bank and Asian Development bank. The banking system of Kazakhstan is addressed as well as the case studies relevant to the topics are elaborated.

Keywords: islam, bank, Kazakhstan, money

УДК32.323

ИНДУСТРИАЛДЫ-ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУДЫҢ НЕГІЗІ РЕТІНДЕ

Қ.Е. Юсупов – Абай атындағы ҚазҰПУ PhD докторанты Алматы қ.,
Қазақстане-mail: yke_81@mail.ru

Бұл мақалада Индустриалдық-инновациялық даму стратегиясы елімізде инновациялық дамудың негізін құраушы және бағыттаушы тетігі ретінде сипатталады. Сонымен қоса, елдің инновациялық саясаты болашақ ұлттық сәйкестік, бәсекеге қабілеттілік, азаматтардың әл-ауқаты мен экономикалық өміршеңдігі үшін іргетас ретінде қаралады. Себебі, қазіргі уақытта экономикасы дамыған елдер өздерінің даму жолы ретінде осы инновацияларды басшылыққа алып отыр. Автормен жүргізілген нақты әлеуметтанулық зерттеу нәтижелері берілді. Соның негізінде, Қазақстанда индустриалды-инновациялық дамудың тетіктері анықталды. Инновациялық салаға қолдау көрсетудің бағыттары көрсетіледі. Инновациялық даму жолында тұрған мәселе – бұл ғылым, технологиялар мен инновациялар саласындағы мемлекеттік саясатына талдау жасалды.

Түйін сөздер: инновация, стратегия, индустрия, сарапшы, инновациялық процесс.

XXI ғасырда индустриалды-инновациялық даму Қазақстанның басты бағыттарының біріне айналып отыр. Мұндай жолды таңдау, мыңжылдық тоғысуында жас мемлекеттің алдынан шығып отыр. 90-шы жылдары экономикалық және әлеуметтік дағдарыстан сәтті өткеннен соң, (әсіресе посткеңестік елдермен салыстырғанда) Қазақстан қоғамдық және экономикалық өмірінің барлық салаларында түбегейлі реформалар жасалды. Әлемдік тәжірбиені есепке ала отырып нарықтық экономиканы құруға жағдайлар жасалынды, елде меншік иелерінің класы пайда болып, орта және шағын

бизнес дамыды. Осы жасалынған реформалардың арқасында ел экономикасы динамикалық қарқынмен дамып отырды.

Міне, соған байланысты Президент Н.Ә.Назарбаев Қазақстанның дағдарыстан кейінгі дамуының жаңа принциптерін ұсынып, индустриалды-инновациялық даму бағытын алға тартып отыр: «Барлық мемлекеттер өткен ғасырдың басында индустрияландырудан өтті, Қазақстанда ол 30-жылдары болды. Бірақ мұндай индустриялизация бізге жарамайды, біз инновациялық индустриялизация туралы айтып отырмыз және ол бүгінгі күнгі әлемдік экономиканың тәртібіне сәйкес келуі керек» [2, 60 б.].

Бастапқыда инновациялық даму мәселелері 2010 жылға дейінгі стратегиялық жоспарда, содан кейін 2003 – 2015 жылдарға арналған Индустриялық-инновациялық даму стратегиясында, Қазақстан Республикасының ұлттық инновациялық жүйесін қалыптастыру және дамыту жөніндегі 2005-2015 жылдарға арналған бағдарламада көрініс тапты. Инновациялық қызметті құқықтық реттеу 2006 жылы «Инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау туралы» Заңның қабылдауынан бастау алды.

Соған байланысты, индустриалды-инновациялық саясат пен оның негізгі құрамдас бөліктерінің сараптамалық бағасы өте маңызды болып отыр. Қазақстан Республикасының индустриалды-инновациялық даму стратегиясының әлеуметтік аспектісін сараптамалық бағалауды зерттеу барысында, анкеталық сауалнама мен терең сұхбат алынды. Зерттеу барысында барлығы 33 сарапшы сұралып, оның 25 анкеталық сауалнама алынып, 8 адаммен жеке сұхбаттастық. Сарапшылар ретінде саясаттанушылар, әлеуметтанушылар, мемлекеттік орган жетекшілері, журналисттер мен қоғам қайраткерлері инновациялық мәселелермен айналысатын мамандар қатынасты. Сарапшыларды таңдауда басты критерилер ретінде, олардың индустриалды-инновациялық даму мәселесіне қатысы бар, осы тақырыпқа байланысты зерттеу тәжірибесі немесе инновациялық қызмет секторында тікелей жұмыс жасайтын адамдар тартылды. Ендіге жерде біз, сарапшылардың индустриалды-инновациялық даму түсінігі мен рөлі туралы көзқарастарын қарастырамыз.

Сарапшылардың пікірлері бойынша, кең мағынада индустриалды-инновациялық даму – бұл экономикалық жүйенің жедел түрде дамуы, ғылыми білімдерді инновацияларға және өндірістік қызметке айналдыру процесі. Оның ажырамас бөліктері ретінде сарапшылар жаңа технологиялық құралдарды енгізу, ұлттық ғылыми-техникалық әлеуетті дамыту, ғылым мен өндіріс арасындағы алшақтықты жою, инновациялық қызметті ынталандыру, алдыңғы қатарлы технологиялар мен халықаралық стандарттарды енгізуді қамтамасыз етуді атап отыр. Яғни, бұл ең алдымен мемлекеттің және оның институттарының жан-жақты экономикалық жүйесінің модернизациясына бағытталған іс-шаралар кешені. «Индустриалды-инновациялық даму» терминінің өзі арнайы түсіндіруді талап етеді. Сарапшылар көрсетіп отырғанындай, дамудың индустриалды кезеңінен Қазақстан кеңестік кезеңде өтіп қойған. Сондықтан, индустриалдық пен индустриалды-инновациялық дамуды нақты түрде өзара арасын ажыратып алу керек. Егер алғашқысы экономикалық жүйенің кәсіптік және өндірістік негіздерін қалыптастыру процесін білдірсе, екіншісі сол қалыптасқан өндірістік-кәсіптік базаны жақсарту, оны жаңа жағдайларға байланысты қайта құрылымдау дегенді білдіреді. Кейбір сарапшылар инновация түсінігін экономикалық шеңберден шығарып, оны адамгершілік-мінез-құлықтық құрамдас бөлігін алғашқы орынға шығарып жібереді. Яғни, бұл мағынада инновация ішкі өзгерістерді білдіріп, уақыт қажеттілігіне байланысты адамдар санасының «реформасын» көрсетеді.

Келесі міндет, ол инновациялық даму шеңберінде шешуді талап ететін – әлемдік экономикалық дағдарыстың салдарынан тиімді өту. Әлемдік дағдарыс айқын түрде көрсеткеніндей, мемлекеттің барлық экономикалық құрылғыларының әлсіз жақтарына әсер етеді. Бұл тек қана өңдеуші салалардың дамымағандығы мен экономиканың шикізаттық бағыттылығы емес, ол сонымен бірге экономиканың бөлек секторларының әлсіздігінен. Дағдарыс жағдайында, алып сатарлық капитал негізінде өскен экономикалық «көпіршіктер» жарылғанда, жаңа нарықтар мен инновациялық өнімдерді іздеу қажеттілігі туындады.

Үшіншіден, маңызды мәселелердің бірі, инновациялық дамумен байланысты – бұл адам капиталының сапасын көтеру. Жаңа индустриалды-инновациялық саясат шеңберінде жоғары кәсіби білікті мамандар класын қалыптастыру жоспарлануда, ол өз кезегінде елде заманауи өнеркәсіп орындарын ашуға, жоғары қосымша құны бар өнім өндіруге және өндірістен қол үзбей ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге мүмкіндіктер ашылады. Ол үшін елімізде білім беру саласын қаржыландыру көлемі ұлғайтылуда, студенттерді шетелде тәжірибеден өткізу жүйесі белсенді түрде жүргізілуде, орта кәсіби білімі бар мамандарды даярлау мәселесі қарастырылуда. Соған байланысты, индустриалды-инновациялық экономикаға өту сарапшылардың бағасы бойынша дамудың қалыпты кезеңі ғана емес, ол сонымен бірге Қазақстан мемлекеті үшін таңдаусыз жол және өз кезегінде таяу жылдарда Азия

елдерінің, сонан соң әлемнің мейлінше бәсекеге қабілетті ел ретінде ортаға шығуды мақсат қойып отыр. Осыдан келіп біз, Қазақстан қоғамының инновациялық даму деңгейінің ағымдық бағасына тоқталамыз.

Бізге белгілі, инновацияларды енгізу – үлкен еңбекті қажет ететін процесс және тек қана мемлекеттік институттардың күшін ғана емес, сонымен қатар кең түрде қоғамның белсенді қатынасуын да талап етеді. Ақиқатында атқарылып жатқан шараларға қарамастан, Қазақстанда инновацияларды енгізу деңгейі салыстырмалы төменгі деңгейде қалып отыр. Сарапшылардың елдің әлеуметтік және экономикалық өмірінің түрлі секторларында инновацияларды енгізу дәрежесін қалай бағалап отырғанын қарастырып көрейік. Бағалау үшін барлығы 7 сектор ұсынылды. Олар: шағын бизнес, орта бизнес, ірі бизнес, ұлттық компаниялар, ғылыми-зерттеу институттары, жоғары оқу орындары мен мемлекеттік басқару саласы. Сауалнама нәтижелері көрсетіп отырғанындай, инновацияларды енгізу қарқыны сарапшылардың көзқарасы бойынша қанағаттанарлықсыз деңгейде қалып отыр. Жоғары білім, мемлекеттік басқару мен шағын кәсіпкерлік салаларында инновацияларды енгізу бәрінен де баяу жүруде. Жалпы алғанда, сарапшылардың 80% ойынша бұл салаларда модернизация қарқыны төмен және өте төменгі дәрежеде. Әсіресе жоғары білім саласындағы жағдай алаңдатарлықтай, сұралған сарапшылардың 63% пікірінше инновацияларды енгізу деңгейі өте төменгі дәрежеде қалуда.

Орта кәсіпкерлікке байланысты да сарапшылардың пікірлері сын көтермейтін баға беруде. Тек қана сарапшылардың 5% инновацияларды енгізу бұл салада жоғары қарқынмен орындалуда деген пікірде.

Ұлттық компанияларға байланысты жағдай біршама өзгеше сипатқа ие болып, мұнда сарапшылардың пікірлері бөлінуде. Яғни, сарапшылардың 37% инновацияларды енгізу баяу жүруде деп пікір білдірсе, 30% сарапшы осы жағдайға қарама-қарсы пікірлерін білдірген. Осыған қоса 1/3 бөлігі «орта қарқынмен» деген жауапты таңдаған.

Ғылыми-зерттеу институттарына байланысты сарапшылардың пікірлері екіге, яғни, инновацияларды енгізу деңгейі төмен және бұл өзгерістерге орташа деп баға бергендер болып бөлінді.

Сонымен қоса, Қазақстанда негізінен алғанда шетел компаниялары басқаратын ірі кәсіпкерлік саласында біршама салыстырмалы жағымды жағдай байқалды. Соған байланысты сарапшылардың берген бағасына қарағанда, қызметтері бұқаралық сипатқа ие салаларда модернизациялау деңгейі төменгі дәрежеде қалып отыр. Аталған әрбір сала, көптеген құрамдас бөліктерден тұратыны және өзімен күрделі әлеуметтік және экономикалық құрылымы бар екені, оларды модернизациялау үшін қомақты қаржылық, уақыттық және саяси ресурстарды қажет ететіндігі белгілі. Орта кәсіпкерлік, ұлттық компаниялар, ғылыми-зерттеу институттары және ірі кәсіпкерлік – бұл құрылым көлемі бойынша салыстырмалы шағын, көбіне ұйымдасқан түрді білдіреді. Сондықтанда модернизация мұнда өзінің нәтижесін жылдам көрсетеді.

Сұхбаттасу барысында, сарапшылардың басым көпшілігінің Қазақстанда инновацияларды енгізу деңгейінің төмен екендігімен келісті. Сарапшылардың бір бөлігі бұл жағдайды елімізде «ақылды» экономиканы құрудың дайындық кезеңі енді ғана аяқталғанын, ал инновацияларды жүзеге асыруға біз енді келгенімізді түсіндіреді. Басқабір сарапшылар, инновацияларды жаппай енгізуге қажеттілік жоқ деп ойлайды. Өйткені қалыптасқан салалар мен дәстүрлі технологиялық процестер бар, ол жерде модернизация қалыптасқан жағдайды қиратып, өнімділік деңгейін төмендетіп жіберуі мүмкін деген ой айтып отыр. Сондықтанда бұл сарапшылар инновациялық саясат үшін «ұрандаудан» қашып, нысандарды таңдау әдісімен жанасу қажет екенін ұсынып отыр.

Қазақстанның индустриалды-инновациялық дамуына кедергі келтіретін негізгі факторларға келсек, эксперттік сауалнама көрсетіп отырғанындай, ел экономикасының индустриалды-инновациялық дамуына кедергі келтіретін қандайдабір жеке проблеманы немесе бір себепті бөліп көрсету қиын болып отыр. Бұл жерде әсер ететін кешенді факторларды көрсету керек, солардың ішінде барынша маңызды болып отырғаны, жоғары кәсіби білікті техникалық мамандардың тапшылығы. Сарапшылардың 74% оның өзектілігі туралы атап көрсетті. Шын мәнінде, кәсіби білікті техникалық мамандардың жетіспеушілігі себебінен елдің экономикалық әлеуетін айтарлықтай шектеуде. Тәжірибе көрсетіп отырғанындай, қаржылық және саяси тұрғыдан қолдау тапқан кез келген мықты идея болса да, оның соңғы нәтижесінде жүзеге асыруда маман мәселесіне келіп тіреледі. Бұл проблема көп жағдайда объективті өзгерістердің нәтижесінде, қазақстан қоғамында соңғы 20 жыл көлемінде жүруде. Тұрғындардың эмиграциясы, жақсы мамандардың шетелге кетуі, білім сапасының төмендеуі, жастар арасында техникалық мамандықтар мәртебесінің төмендеуі және осы сияқты көптеген себептердің нәтижесінде кәсіби мамандар тапшылығына алып келді.

Инновациялық даму жолында тұрған екінші мәселе – бұл ғылым, технологиялар мен инновациялар саласында мемлекеттік саясатты жүзеге асырудағы кезеңділіктің жеткіліксіздігі (58%). Бұл жағдайда сын, инновациялық саясатты кезеңімен атқармаған тікелей мемлекетке айтылады. Мүмкін мұнда әңгіме, жоғары мінберлерде айтылып жақан сөздермен инновациялар саласында атқарылып жатқан нақты істер мен декларациялар арасындағы сәйкессіздіктерге байланысты болуы ықтимал. Сарапшылардың баға беруі бойынша, кәсіпорындардың бастапқы технологиялық және басқарушылық деңгейінің төмендігі мәселесі де өзектілікке ие. Бұл мәселеге де объективті мінездеме тән, өйткені, адам капиталы сапасының төмендігіне байланысты болып отыр.

Сарапшылардың пікірлері бойынша, осы салада қабылданып жатқан нормативтік құжаттардың жалпы кемшіліктері, олардың қазақстан жағдайына бейімделмегендігінен. Яғни, бұл Бағдарламалар батыс елдерінде қабылданған осы сияқты құжаттарға ұқсас. Сондықтанда оларды жүзеге асыру туралы сөз қозғалғанда, Бағдарламалар қалыптасқан өндірістік-технологиялық жағдайдың ерекшеліктерін есепке алмайды екен. Жалпы алғанда, сарапшылардың барлығы да бұл бағдарламалар мен заңдар модернизацияның негізін қалады деген пікірмен келісті. Пайда болған технологиялық парктер инновациялық саясатты жүзеге асырудың алғашқы нәтижелері болып табылады. Тағы бір оң нәтиже – қазір ғалымдарға барлық құқықтық жағдайлар жасалып, соның нәтижесінде өз зерттеу жұмыстарын инновациялық идеяларға айналдыруға мүмкіндіктер алды.

Инновациялық салаға қолдау көрсетудің тағы бір бағыты – бұл түрлі конкурстар мен іс-шаралар өткізу. Соңғы бірнеше жылдың көлемінде дөңгелек үстелдер мен семинарларды айтпағанда, тұрақты түрде Инновациялық форумдар, инновациялық жобалардың Республикалық конкурсы өткізіліп келеді. Аталған шаралардың басты міндеттері, қазақстан қоғамының инновациялық әлеуетін көтеру мен осы идеялардың әсіресе жастар арасында қызығушылығын туғызуда болып отыр.

Жоғарыда баяндалғанды ескере отырып, Индустриалдық-инновациялық даму стратегиясы елімізде инновациялық дамудың негізін құраушы және бағыттаушы тетігі болып табылады. Сонымен қоса, елдің инновациялық саясаты болашақ ұлттық сәйкестік, бәсекеге қабілеттілік, азаматтардың әлауқаты мен экономикалық өміршеңдігі үшін іргетас ретінде қаралады.

1 Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі инновациялық даму Тұжырымдамасы. <http://www.edu.gov.kz>

2 Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық дамуының 2003-2015 жылдарға арналған стратегиясы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 17 мамырдағы №1096 Жарлығымен бекітілген // «Юрист» анықтамалық құқықтық жүйесі, версия 4.0-60 б.

3 Есенова Г.Ж., Зиядин С.Т., Ибраева А.К. Қазақстанда инновациялық іс-әрекеттің даму мүмкіндіктері. http://www.rusnauka.com/8_NND_2011/Economics/4_81587.doc.htm.

4 Е.Әмірбекұлы. Қазақстан аймақтарын индустриялық-инновациялық дамыту тетіктері. «Елорда және аймақтар: өзара байланыс негіздері» Халықаралық ғылыми конференцияның баяндамалар жинағы. Астана, 2010.

Резюме

Стратегия индустриально-инновационного развития как основа инновационного развития

Юсупов К.Е. – PhD докторант КазНПУ им. Абая по специальности социология uke_81@mail.ru

В статье описывается стратегия индустриально-инновационного развития в стране как основа и направляющий механизм инновационного развития. А также инновационная политика страны рассматривается как фундамент национальной идентичности, конкурентоспособности, благосостояния граждан и экономической жизнеспособности. Так как в сегодняшнее время страны с развитой экономикой руководствуются инновациями как способ своего развития. В статье представлены результаты социологического исследования проведенного автором. На основе этого были определены механизмы индустриально-инновационного развития в Казахстане. Рассматриваются основные направления поддержки инновационной отрасли. Был проведен анализ государственной политики в науке, технологии и инновационной отрасли, которая является основной проблемой инновационного развития страны.

Ключевые слова: инновация, стратегия, индустрия, эксперт, инновационный процесс

Summary

Strategy of industrial-innovative development as the basis of innovative development

Yussupov K.E. -Doctoral Student specialty of Sociology KazNPU named after Abai

The article describes the strategy of industrial-innovative development in the country as the basis and the guide mechanism of the innovative development. Innovative policy of the country is considered to be the basis of national identity, competitiveness, welfare of citizens and economic viability. Because nowadays countries with the developed

economy are guided by innovations as a way of their development. The article contains the results of the sociological research done by the author. Mechanisms of the industrial-innovative development in Kazakhstan were identified on the basis of this research. The main directions of the support of innovative branch are also considered in the article. The analysis of the state policy on the science, technologies and innovative branch was carried out, which is the main problem of the country's innovative development.

Key words: innovation, strategy, industry, expert, innovative process

ӘӨЖ:2(100:574):008

ДІНИ БІЛІМ – ҚАТІГЕЗДІК СЕЗІМДІ ЖОЯТЫН НЕГІЗГІ ІЛІМ

А.Алимбаев – *Абай атындағы ҚазҰПУ, дінтану мамандығы 2курс магистранты*

Г.Беркінбаева – *Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік Университеті, қазақ тілі және әдебиеті Ікурс докторанты*

Бұл мақалада бір затқа немесе біреуге деген өзгермелі қатынастың, мәселен дін, саясат, өнер, мәдениет сияқты құндылықтарға деген немқұрайлық көзқарас пен елемеушілік, бұларға деген сыни баға беру, оң және теріс ұғымдардың қалыптасу мәселесі жөнінде сөз етіледі. Толеранттылық-төзімділіктің кері сипаты – қатігездік, яғни өзге нәрселердің не болмаса тіпті ешқандай пікірдің, құндылықтың іс-әрекеттің қабылданбауы, сан алуан зұлымдық пен зорлыққа әкеп соқтырар мәселесі қаралады. Екі жақты қатынастың, адамзат баласының ұлты, санаты, діни ұстанымы әр түрлі болуы қатігездік пен толеранттылықтың қатар жүру мәселесін көтереді.

Түйін сөздер: дін, құндылық, қатігездік, саясат, өнер, толеранттылық, мәдениет, зұлымдық, зорлық.

Бүгінгі таңда түрлі конфессиялар өкілдерінің бейбіт қатар өмір сүруі және өзара тиімді қарым - қатынас жасауы үшін елімізде қолайлы жағдайлар жасалған. Сонымен қатар, Қазақстандағы конфессияаралық қатынастар басқа елдер үшін үлгі болып табылады.

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан – 2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауындағы: «Біз елдің дәстүрлері мен мәдени нормаларына сәйкес келетін діни сана қалыптастыруымыз керек» [1] деген сөзін діни білім берудің негізгі мақсаты деп белгілеп алсақ, осы мақсатқа жету үшін не істеу керектігін пайымдауға болады. Бұл ең алдымен қазіргі діни жағдайды саралап, діни сауаттылықтың деңгейін айқындауды қажет етеді. Қазақстан Республикасындағы діни білім беру жүйесі республикамыз тәуелсіздік алғаннан кейін біртіндеп дами бастағандығы жалпыға мәлім.

Осы орайда қоса айтарымыз, діни білім туралы мұсылман дінтанушысы Абу Хамид Мұхаммед ибн Мұхаммед Әл-Ғазали (1059-1111) былай деген: “Пайдалы біліммен шұғылдану бүкіл басқа істерге қарағанда әлдеқайда жақсы. Пайдалы білім – дүниенің жамандығын, ақыреттегі жағдайдың қауіптілігі мен қорқыныштылығын түсіндіретін білім. Дүниеге беріліп, ақыреттен бет бұрған адамдардың надандығы мен ақымақтығын, олардың бойындағы өркөкіректік, күншілдік, екіжүзділік, өзін-өзі сүюшілік, атакқұмарлық пен мансапқұмарлық, дүниеге құштарлық сияқты жүрек дерттерінің дауасы не екендігін білдіретін білім – пайдалы білім” [2]. Әрине бұл пікірді құптай келе, адамзат баласының парасатты да, инабалы, иманды болып өсіп жетілуінде діннің алар орны ерекше.

Өскелең ұрпақтың діни сауаттылық деңгейін арттыра отырып, халқымыздың мұра етіп қалдырған салт дәстүрімізді дәріптеп, пайдалы білім алуына мүмкіндік жасауымыз керек. Дегенменде, алынған білімнің қаншалықты пайдалы екенін, оның халыққа тигізер сауабын жете түсіндіруде қиыншылықтар туып жататыны жасырын емес. Діни біліміміздің дәрежесінің төмендігінен, біздің жастардың әртүрлі діни ағымдардың жетегінде еріп бара жатқанын көрудеміз. Теріс пиғылды кейбір діни ағымдар жастар санасын улап, бұғымы қатпаған жастарда психологиялық ауытқушылық, өзгеріс, қоғамға деген көзқарастарын әртүрлі түсінікте қалыптасуына жол берілуде.

Бұған дәлел келтірсек, Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев өзінің «Тарих толқынында» атты кітабында: «Біз бұқара санасындағы діншілдіктің артуына әзір болуымыз керек, онда тұрған қатерлі ештеңе жоқ. Жалпы дін өздігінен өнегелі ақиқаттан бөтен ештеңе үйретпейді. Жалғыз – ақ, бізге қауіп төндіретіні діни біліміміздің деңгейі онша жоғары болмай отырғаны» - деп жазады [3]. Елбасымыздың алдыңғы қатарлы елдермен терезе теңестіру кезегінде озық тұруды міндеттеуі де заман талабынан туындап отыр. Сондықтан еліміздің тарихы мен мәдениетін және діни мәдениет негіздерін танып, біліп, өзге

мәдениет өкілдерімен озық дәрежеде өзіндік, қоғамдық пікір қалыптастыра алғанда ғана отанын сүйгіш, ұлтжанды, қоғамға пайдалы жеке тұлға тәрбиелеуге болатыны анық.

Қазақстан тәуелсіздік алған алғашқы жылдардағы діни ахуал туралы Халифа Алтай былай деп жазады: «...діни медресе, діни баспасөз болмағандықтан да мұсылмандар діннен, діни мінез-құлықтан махрұм қалды. ...Сондай-ақ діни баспа-сөздерге тыйым салумен тұрмай, дінге қарсылық, дін дұшпандығы жүргізіліп, әртүрлі жолмен денді қорлайтын, дінді төмендететін үгіттер жүргізілді. Сондықтан, мұсылмандар діни үгіттерге жүргізілді. Сондықтан, мұсылмандар діни үгіттерге аса ынтық, өте құштар» [4]

Елімізде діни білімнің жүйелі жолға қойылмауына байланысты қалыптасқан діни сауатсыздық тәуелсіздіктің алғашқы жылдары дін саясатына қатысты қабылданған құқықтық-реттеушілік құжаттардың әлсіздігінен жат діндерді насихаттаған миссионерлік жұмыстардың жандануына негіз болды. Қоғамдық-әлеуметтік дамудың бұндай бағыты елде діни ала-құлалық пен діни төзімсіздікке негіз болып, қоғамның саяси тұрақтылығына қауіп төндіретіндей ахуал қалыптастырды. Кейінге жылдары мемлекеттің зайырлы дін саясатында діни ахуалды сауықтыру бағытында үкіметтік шешімдер қабылданды. Діни тағаттылық пен конфессияаралық келісімді орнықтыруға бағытталған мемлекеттің зайырлы дін саясатын іске асыру шараларының бірі - жоғары оқу орындарында осы саясатты іске асыруға қабілетті және білікті мамандар дайындау екендігі айқындалып отыр [5]

Соңғы кездері экстремисттер бейбітсүйгіштікке, ұстамдылыққа баулитын және өзге діни көзқарастарға түсіністікпен қарауға тәрбиелейтін ислам дінін ушықтыруға, басқа өркениеттермен қақтығыстыруға талпынуда, осы арқылы тек дінаралық татулықты емес, сонымен қатар мұсылмандар арасында да іріткі салуда.

Шындығында, дін зайырлы қоғамымыздың ажырамас бөлігі болып табылады, сондықтан құзырлы мемлекеттік мекемелер еліміздегі діни қатынастарды одан әрі дамытуға әрқашанда мүдделік танытады. Алайда, кейбір дінге сенушілер агрессия мен діни радикализмнің қауіпті формаларына бой алдырып, азаматтардың қауіпсіздігі мен мемлекеттің тұрақтылығына қауіп төндіруде. Осы орайда, агрессия сөзінің мән-мағынасына үңілсек, К.Изард бойынша «агрессия – қатыгездікке толы әрекет және мінез- құлық. Бұл кей кездері түрлі эмоцияларда көрінуі мүмкін бұрқ етпе әрекет және қатыгездіктің құрам бөлігі. Ол біреуге нұқсан келтіруге, қорқыныш, үрей тудыруға бағытталған» Күнделікті өмірде агрессия дегеніміз: «Жағымсыз қатынас туғызатын ашық түрдегі өшпенділік, ал агрессивті бұл күш салу, зиян келтіру әрекеті» ретінде түсіндіріледі. Ал осындай қорқыныш сезімдерді діннің қағидалары туғызуы мүмкін бе? Әрине, мұндай агрессивті әрекеттер кез келген дін үшін жат нәрсе.

Шетелдік және отандық көптеген зерттеушілер агрессия мәселесін әр жақты зерттеп қарастырған. Агрессияның туындауына биологиялық және әлеуметтік орта әсері болуы мүмкін деген тұжырым айтады.

Саутгемптон университетінің ғалымдары аталған мінез-құлықтың орын алуы мидағы ауытқушылыққа байланысты дейді. Мидың ауытқушылығын тудыратын басты себеп - өмірдегі қайғылы жағдайлар мен ми жаракатын тудыратын сәттер. Әсіресе, балалық шақта алған ми жаракаты өз кезегінде мінез-құлықтың бұзылуына алып келеді – деп [6], адам баласының агрессивті әрекеттерге баруына көп жағдайда айналасындағы адамдар ықпалының зор болатындығын ерекше атайды.

Қазақ халқының ұлы ойшылы Абай Құнанбаев өзінің қара сөздерінде: «Адам баласын заман өсіреді, кімде- кім жаман болса, оған замандастарының бәрі кінәлі» [7] деп ұлағатты сөз айтты. Бұл жағдаят адам, қоғам, мемлекет дамуының маңызды қырларын ашып көрсетеді. Сондықтан, мемлекеттің жастарды тәрбиелеуге, діни сауаттылығы терең, тәні сау және рухани бай жастар ортасын қалыптастыру үшін қолайлы жағдайлар жасауға ерекше көңіл бөлуі өте маңызды.

Дін – мәдениетімізді, салт-дәстүрімізді, санамызды, жан сарайымызды қалыпқа салатын жол. Қазақ халқының сан ғасырлар бойы қалыптасқан тарихының, ұлттық болмысының мәдениетінің негізінде ислам діні жатыр. Сондықтан бүгінгі таңда дінді тек ғибадаттық, психологиялық тұрғыдан емес, онтологиялық (болмыстық) ғылыми тұрғыдан жан-жақты талдап, қарастыру қажет. Сонда ғана қоғамдағы тарихи сана мен діни білім артып, еліміздің береке бірлігі мен халқымыздың табиғатына жат шетелдік экстремистік ағымдар мен секталарға қарсы тосқауыл болады [8].

Тәрбиенің діндегі дінде екенін ұйғара отырып, келер ұрпаққа айтарымыз «дініңді сақта, салтыңды сатпа, сенімді ақта!» дей келе, мына мәселелерді бірлесе жүріп іске асыруды мақсат етуіміз керек дегім келеді: діни экстремизмнің алдын алу бойынша жастардың діни сауаттылықтарын ашу; терроризм мен діни экстремизмнің алдын алу және онымен күресудің жолдары, елімізге келтіретін

зардаптарын жан - жақты талдап, жастарға ой салу; қатер төндіретін жат діни ағымдардан сақ болуға, жастарды Отан сүйгіштікке тәрбиелеу; қазақ халқының діни ұстанымы мен салт - дәстүрлерін қастерлеп сақтауға, ұрпақтар сабақтастығын нығайтуға ат салысу

Соңғы сөзімізді Елбасымыздың сөзімен қорытындылағымыз келеді: «Діни экстремизмді алатын болсақ, ол адамдар арасына ірткі салуға, өшпенділік отын тұтатуға, қантөгістер ұйымдастыруға жол ашады. Пиғылы бөтен, қазақтың болмысына жат ағымдарға қазір тосқауыл қоймасақ, онда ертең бірлігімізге сызат түседі. Егер елімізде нағыз таза мұсылман, Құранның жолымен жүретін халық көп болса елде береке, бірлік тыныштық болады»

1 Қазақстан Республикасы Дін істері агенттігі «Діни білім беру және ағарту діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу факторы ретінде» республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары. – Астана, 2013. – Б.170.

2 Рухани мұра. 2-том. Ислам дінін уағыздайтын қазақ хиссалары / құраст. Қ.Саттаров. – Алматы: Жазушы, 2007. – 496 б.

3 Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. - Алматы: Атамұра, 1999, - 279 б.

4 Халифа Алтай Ғақыпұлы. Таңдаулы Хадистер аудармасы. – Алматы: «Берен» ШҚ., 1993.-112 б.

5 Тәжікова К.Х. Ислам: дүниетаным, идеология, саясат.- Алматы: Қазақстан, 1989-176 б.

6 Sociology. Fundamentals of general theory. Moscow, 2009.

7 Құнанбайұлы А. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. Өлеңдер мен аудармалар. - Алматы: Жазушы, 2002. -Т.2. -146 б.

8 Есім Ф. Бостандықтың бағасы //Егемен Қазақстан. -2002, ақпан-27. -Б.2.

Резюме

Алимбаев А. –магистрант 2курса по специальности религиоведение 6M020600, alimbayev2004@mail.ru

Беркинбаева Г. –докторант 1курса по специальности Казахский язык и литература 6D011700, guzi86@mail.ru

В данной статье рассматриваются проблемы проявления лояльных отношений к чему-либо или к кому-либо, безразличия или игнорирования объекта, (например, религии, политики, искусства, культуры), способность критически оценить его значение и роль в обществе, выявить положительные и отрицательные черты. Обратной стороной толерантности можно считать агрессивность -непрятие ничего иного/другого (мнения, ценностей, направлений деятельности и т.п.), что неизбежно приводит к различным насильственным и деструктивным действиям. Правомерно говорить о двух сторонах, аспектах поведения человека, класса, этноса, религиозной общности и т.п. - агрессивности и толерантности, об их диалектическом единстве.

Ключевые слова: Религия, агрессия, история религии, глобализация, поведение, толерантность, период доисламский,

Summary

Religious knowledge - the doctrine of overwhelming sense of aggression

Alimbayev Askhat – 2nd year master in religious studies 5M020600, alimbayev2004@mail.ru

Berkinbayeva Gulzat – 1st year doctoral candidate in Kazakh and literature 6D011700, guzi86@mail.ru

This article considers the problems of manifestation of the loyal relations to something or to someone, indifferences or ignorings the object, (for example, religions, politicians, arts, cultures), a capability of critically estimation value and a role in society, to reveal positive and negative lines. The back of tolerance can be considered as aggression - acceptance of nothing other/another (opinions, values, activities, etc.) that inevitably leads to various violent and destructive acts. It is lawful to speak about two parties, aspects of behavior of the person, a class, ethnos, a religious community, etc. - aggressions and tolerances, about their dialectic unity.

Keywords: Religion, aggression, history of religion, globalization, behavior, tolerance, period pre-Islamic,

ИСЛАМ ДІНІНІҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІН КОНСТРУКТИВИЗМ ТҰЖЫРЫМДАЛЫҚ ҮЛГІСІНДЕ САРАПТАУ

М.Тұрмағанбет – Абай атындағы ҚазҰПУ,
БМ020600 – Дінтану мамандығының 2-курс магистранты
Ғылыми жетекші – с.ғ.д., профессор **Н.А. Абуева**

Бұл мақалада ислам дінінің философиялық тұжырымдамалары конструктивизм негізінде сарапталады. Қазіргі заманғы жаһандану, мобилизациялану тұрғысында ислам негіздеріне қарама-қайшы келуі мүмкін трансформациялану түсініктері қарастырылады. Исламдағы рационализм уақыт дименциясында есептеледі.

Түйін сөздер: ислам, философия, конструктивизм, рационализм.

Жаһандану процесі негізінде әлемдік тенденциялар өзгеріп, жаңа діни, мәдени, өркениеттің даму бағыттары пайда болғаны күмәнсіз. Капитализм идеологиясы негізінде ақпараттық тоғыстар ағымы дүниеге келді. Кең көлемдегі урбанизация, модернизация және саяси-дипломатиялық процесстер мен әрекеттер жайыла бастады. Әлемнің кез келген нүктесінде болған оқиғаларды қысқа мерзімде сезіне отырып біз әлем ұсынған өзара және мемлекетаралық бейбітшілік, түсінушілік деген ұғымдар шұбарланып келе жатыр. Ксенофобиялық, сонымен қатар этно-национализм негізінде өзгеше түсініктер пайда болып, идеологияның трансформациялануы да пайда болып жатыр. Көпқырлы адам-сүйгіштікті дәріптеп, насихаттайтын қағидаттарды еңсергісі келмейді. Дәл осындай жағдайда қазіргі таңда Батыс пен Шығыс – өмір сүру философиясында, этикада, психология мен өнерде т.б. қалып отыр. Барлық тарихи дін туындау контекстінде діни плюрализм және, кейде, үскірт конфессияаралық бәсекелестікті жою ешбір қауымдастықтың қолынан келмеді. Заманауи дәуірде оны түсіну және кереғар әрекеттерді жою дәстүрлі проблемаға айналып кеткен-мыс. Білім мен тәжірибе нәтижесінде, мұсылман құқықтанушылары және саяси көшбасшылар мен діни ойшылдарының, жалпы жұрттың ой-пікірлері негізге алына отырып осы мақаланың методологиялық құрылымы жасалынған. Басқа конфессиялар, мұсылмандар ұйымының қазіргі уақытта дәстүрлеріне қатысты инклюзивті және эксклюзивті ағымдары пайда болды. "

Мәдени, тарихи және концептуалды рационализм түкпірінен жалпы адамгершілікті, барлығымыз қажеттілігіміз бір адамбыз, бір континенттің, әлемнің, Ғаламшардың тұрғынымыз деген ойды іздеудің орнына қарама-қарсы орналасқан оппозициялар өз мәдениеттерінің жоғалып кетуінен қорқып, өз мәдениетін өзге мәдениетінен артық санап, адам деген атаудың тұтас қажеттілігін түрліше түсіну салдарынан бөлініп кету ахуалдары пайда болуы да күмәнсіз. Экономикалық және саяси салыстырмалы зерттеулерге қарағанда, мұсылман жерлерінде көпшілігі үлкен ислам жаңғырту орнықтыла бастағанда, басқаша айтқанда, (sahwa) «ояту» процесстерінің жаңғыру себептері пайда болды. Киссинджердің конструктивті талқылау анализіне сүйене отырып, діни өмір сүруінің түсіну мен практикасы, бірнеше талқыламалары мен түсініктемелері жасалуы әбден ықтимал. Мәселен, танымал аспирациялық қоғамдық-этикалық компас деңгейінде демографиялық көшу күшейтілді. Әсіресе бұл мұсылман қауымында бірден байқалады, the Muslim world ақпараттығына сүйенсек. Бұл аспектіде Африкада және Таяу Шығыста, ең жоғары туу қарқынының кейбір әлемдік көрсеткіштері соңғы 40 жылдары, 200 қалада халық санының 300% өсуі де ислам дінінің таралуына үлкен септігін тигізді. Егер де қала арасында имобилизация процесі кезінде халық саны шамамен 35-55 пайызға өсіп отырса, жаһандану процесі бұл көріністі түбірімен өзгертен-ды. Нәтижесінде, көптеген елдерде өмір сүру стандарттарын жақсарып, жұмыссыздық азайып, кедей мемлекеттер саны азайған. Мұндай жағдайға Батыстың өркениеті күшейгенімен, соңғы уақыттарда оның құлдырауға жақын қалғанын ғалымдар айтып кетеді. Ал шығыстың бір тармағы ретінде ислам дінін ала отырып, бұл дінге деген Батыс зерттеушілерінің көзқарастары көбіне-көп өздерінің көзқарастары бойынша, колониялық немесе өзіндік гуманитарлы білім тұрғысынан т.б. болды. Сонымен қатар ислам интеллектуалды әлемін тануда батыс зерттеушілерінің де жұмыстарын теріске шығаруға болмайды, араб және тағы басқа ислам өркениетінің тілдерін меңгере отырып, олар – ортағасырлардағы ислам өркениетінің гүлдену шағындағы кітаптарды жүйеледі, кереметтей аударма жұмыстарын жасады, әйтсекте, ислам мәдениетінің түбегейлі мәнін тануға арналған еңбектері өте сирек. Дегенмен батыстық ғалымдар ислам мәдениетіндегі философиялық мәселелерді де зерттеді. Әрине олардың назарын ең алдымен

ислам ойлау мәдениетіндегі арғыаристотельдік, антикалық перипатетиктердің идеялары қызықтырды, әсіресе Ф. Аквинскийдің еңбектері арқылы. Мәселен, Л. Массигнон, А. Гойчон, Луис Гардет сынды ғалымдар христиан философиясының неотомистік өкілдеріне жатса да, ең алдымен назарларын мұсылмандық перипатетизмге аударған. М. Штейншнайдер, Саломо Мунк, Игнац Гольдзихер, А. Дж. Венсинка, Симона ванн дер Берга және т.б. сынды еврей ғалымдары назарларын перипатетизмнің араб тілді еврей философиясының болғанын дәлелдеп бағып, XI-XIII ғғ. Маймонид, Леви бен Ибраһим бен Хаимом, Леви бен Герш т.б. зерттеген. Аңғарып отырғанымыздай аталмыш еврей және христиан ғалымдары батыстық зайырлы білім алып шыққандар немесе батыстық философиялық парадигма өкілдерінен шыққандар, олар өздерінің алдына Ислам философиялық өлшемдерін мұсылмандардың түсінігіндей етіп көрсетуді мақсат етпеді, олардың еңбектерінен өз діни және дүниетанымдық сенімдерін аңғарамыз. Тағы бір топ батыс зерттеушілері исламды зерттеуде діни дүниетанымдық критерийлеріне мән бермей кез келген дінге үстемдік ететін модернизмді дәріптейді. Бұл бағыттың көрнекті өкілдеріне кеңес және батыс интеллектуалдары Л.Гаусьер мен Э.Ренан жатты. Академик Ә. Нысанбаев басқарған ислам философиясын зерттеуші отандық ғалымдар атап өткендей «Алғы КСРО кеңістігіндегі философияның дамуы атеизм шеңберінен аса алмады, сонымен қатар көптеген зерттеулер танымдық-логикалық бағыт алып, философияның ғылыми аспектілеріне көп көңіл бөлінді, ал философия шын мәнінде дүниетанымнан жоғары тұратын рефлексия ретінде дүниеге деген адамгершілік, эстетикалық, діни қатынастары баршылық болатын» [1]. Сондай-ақ, аталмыш топ атап өткендей: «КСРО-да міндет саналған марксистік-лениндік философия философияның этикалық, тарихи-мәдени, тарихи-діни және т.б. бағыттарының ғылыми емес тұстарын бақылап отыруға және болашақ ғылыми атеизмнің үстемдігін арттыруға барлық назарларын аударып отырды» [2]. Профессор Н.С. Қирабаев та бұл пікірге жақын өз ойын – мұсылман философиясы осы уақытқа дейін өз құндылықтық дүниесімен зерттелінбегенін және «тек діни идеологиялық, көркем-дік-философия аспектісі аясында, дінтану және тарихи-арабистика тұрғысынан қарастырылғанын» айтады» [3]. Әрине үдерістің мұндай көріністері отандық көптеген зерттеушілердің көңілінен шыға бермеді. Мәселен, әл-Фараби мұрасын зерттеуші профессор А.Х. Қасымжанов ислам мәдениетіне тән өз пікірін былайша сипаттайды: «мәдениеттің спалылығы – алғы өткен негіздерін ұмытпау, олардың жаңа талаптарға бейімделуі және болашақ дамуы, бұрын-соңды болмағандай жаңаның туындауы» [3].

Ислам философиясын философиялық компаративистика тұрғысынан зерттеген ғалымдар да болған. Мәселен, Тошихико Исудзу, Норико Ушида, А. Корбэн сынды ғалымдардың зерттеулерінде мұсылман интеллектуалды активтілігі компаративистикалық сараптаманың нәтижесінде мәні жоғалыңқыраған және «өзге» мәдениетті дәл сол қалпында қарау қағидасы бұзылған. Яғни батыс білімінен нәрленген зерттеушілер батыстық ойлау мәдениетіндегі тарихилық пен релятивизм көзқарастарынан алыс кете алмаған. С.Н. Қирабаев атап өткендей: «стериотип мәселесі жайлы айтатын болсақ, мұсылман өркениетін зерттеудегі түрлі бағыттарды қоса алғанда және кең көпшіліктің санасын жалған мәдени-философиялық, саяси-идеологиялық стериотип жетекшілік етуде. Мәселен Фазлұр Рахман, Абдрахман Бәдәуи, Шібілі Щумеййіл, Зәкі Нәджіб Махмұт, Абдұллах Лароуи, Садық Дж. әл-А'зм және т.б. ғалымдарды атап өтуімізге болады. Жаһандану үдерісінің де позитивті жемістер бергенін атап өткен жөн – ислам философиялық ойлау мәдениетін зерттеуде және олардың объективтілікке жақын болуы үшін бастыстық ғалымдарды ислам мемлекеттеріне барып бірнеше жылдарын сарп етуге мәжбүрледі – олар Герман Ландольд, Джеймс Моррис, Уильям Читтик и Джон Куппер. Сонымен қатар Рене Генон, Ананда К. Кумарасва, Фритхоф Шуон сынды Батыс ғалымдары мұсылман философиясының және оның батыс ойлау парадигмасы алдындағы тереңдігін көрсетті. Исламды тарихилық ыңғайымен зерттемеген және ислам ойын зерттеу барысында заманауи рухани мәселелерге ерекше мән бергендер: Бернерд Карра де Вокс, Макс Хортон, Гилберт Дуранд т.б атап өтуге болады.

Батыстық ойлау парадигмасының ислам болмысын объективті түрде танудағы, онымен мәдени сұбатқа түсудегі кедергілер немен түсіндіріледі және олардың мәні неде? Мәселенің мәні заманауи модернистік мәдениеттің сипаттамалары және оған жататын зерттеуші шығыстанушылардың пікірлері, соның ішінде ислам мәдениетін зерттеушілер болмыстың жоғарғы қағидаттары мен ұстындарын бұрмалау, оларды мәнсіздендіру, трансформациялау болып табылады. Яғни профессор Н.С.Қирабаев атап өткендей: «Мұсылман мәдениетінің философиялық сараптамасы немесе мұсылман мәдениетінің философиялық негіздемелері оның тарихи дамуы парадигмасында тұрақты және өзгермелілікті көрсету болып табылады... Тәртіп бойынша ислам дамуында батыс модельдерін қолдану осы уақытқа дейін сәтсіздіктерге соқтыртты, себебі мұсылмандықтың рухы болып

табылатын дәстүрлі негіздемелері тарихи тұрғыда еңсеріледі деп күтілді» [2, 321 б.]. Шығыстық дүниетаным жағдайында, жекелей алғанда ислам дүниетанымдық жүйесінде антропоморфизм жоқ, ал білім кеңістігі адамның парасаты емес, бірақ Құдіретті, Әмбебап Интеллект, ол адамның ішкі күйі мен «сенім» арқылы қолжетімді. Мұндай көзқарасқа сәйкес әлемнің шынайы ғылыми көрінісі адамның интеллектісіне емес, Жоғарғы Интеллектке негізделуі тиіс, себебі адамның интеллектісінен жоғары және онтологиялық өлшемі кең. Тіпті Декарттың «*cogito ergo sum*» («Мен ойлаймын, демек, мен өмір сүремін») европалық ойлау дәстүрін Жоғарғы Интеллектке деген талпынысты төмендетті [4]. Адамның табиғаты тұрақсыз және әлдененің метафизикалық ұстыны болуы мүмкін емес, адамгершілік кеңістігінде, саясат пен экономикада мінсіз ұстындарын, болмыстың әмбебап ережесін сезіне алмайсың. Қазіргі таңда белгілі болғандай эмпиризм, индукциямен тексеру, сенсуалдылық – мұның барлығының нәтижесі адамзаттық болмыстың әмбебап және бұлжымас заңдарын өңдей алмайтынын көрсетуде. Эпистеманың бұл мектептерінің барлығы өз деңгейлерінде ғана дұрыс және олардың барлығы сол немесе өзге жаңалықтарды ашудағы құрал болып табылады. Дегенмен олар бізге өзгеріссіз ұстындарды бере алмайды. Жасампаздық пен ашулар әлемді жақсартпайды; жоғарғы ұстындарды дәріптеуді терістеген модернизм қағидасының зардаптары азамануи адамзат кезігіп отырған экологиялық, экономикалық, саяси, әлеуметтік, психологиялық апаттарға әкелуде. Ақиқат пен жалғанды, өтірік пен шындықты өлшейтін «метафизикалық» таразының болмауы салдарынан әлем көпқырлы мүмкіндіктерге жүктеліп кетті – ақиқат ұғымының абсолютті қатынастылығы, кез келген қалаудың абсолютті дұрыстығы, «шынайы сенім», «жоғарғы идеал», «идеялық өмір», «әсемдік», «парасат», «қаһармандық», «адамгершілік», «даналық» түсініктеріне деген мардымсыз көзқарас басым болып кетті.

Басқаша айтқанда, ислам философиясы бойынша шынайы білімге адамның парасаты мен сезімдері жете алмайды. Ал Құран дүниетанымы бойынша білімнің үш қайнары жайлы айтуымызға болады:

1. **«әл-Хавасс ас-Салимат»** – сау, кереметтей жұмыс жасаушы сезім мүшелері (эмпиризмді нақыштауы мүмкін);

2. **«әл-‘Акл ас-Салим»** – зердемен шектелмеген, заттарды таза, абстрактылы түрде қабылдай алатын және сараптайтын «сау», «еркін» парасат (жалпы мағынасы рационализм). Сонымен қатар парасат зердеге бағынуға бейім келгендіктен және адамның келеңсіз әрекеттерін қорғағандықтан өзіне жеткіліксіз, оның қатесін түзетіп отыратын әлдене «жетекшіге» мұқтаж; мұндай «жетекші» «әл-хабар әл-мутауатир» деп аталады.

3. **«әл-Хабар әл-Мутауатир»** – (олардың бір мезетте алдай алатын, бірақ елестетуге қиын көптеген адамдардың бергені) [5]. Мысалы, біз өз әкеміздің әкеміз екеніне сенеміз немесе туылғаннан кейін көптеген адамдар біздің анамыздың ол кісінің әйелі болғанын куәландырады.

Отандық ғалымдар Ә.Нысанбаев, Ғ.Кұрманғалиева, Г.Қоянбаева, А.Кенисарин және Н.Сейтахметова тілдерімен айтқанда «Адамның танымы үш тәсілмен жүзеге асырылады: эмпиризм, рационализм және діни. Білімнің шынайылығы жоғарғысы арқылы анықталады, үшінші тәсілмен – діни» [1]. Және профессор Н.С. Қирабаев атап өткендей, «ортағасырлық мұсылман мәдениеті бір және тұтас, кешенді білім идеалынан шықты және бағытталды» [2, 318 б.]. Сондай-ақ, тағы атап өтетін жайт, құран философиясы құран мәдениеті немесе өркениеті ретінде өзінің кемел шағына тек білімнің трансцендентті қайнары арқылы ғана жетті. Сол себептен де парасат пен қисын жарықтың қайнарына айналды, қоршаған ортаға білім сәулесін шашты, қоғамға өмір нәрін сыйлады. Мұндай білім қандайда болмасын қоғам тарапынан теріс реакцияға ұшырамады, керісінше барлықтарының тараптарынан құдіретті жолдау ретінде қабылданып, ғылым адамдары рухани-діни экстаз деңгейінде тәжірибеленді.

Р.Арнальдез, Х.Корбин, Баусани, әл-Худейри немесе И.Мадкур – бізге аутқыған ислам философиясы жайлы объективті және толықтай түсінік береді [6]. Сондай-ақ, түрік зерттеушісі М. Байрақдар атап өткендей, «ислам философиясы» түсінігіне «практикалық философия» деп танылатындардың барлығы енуі мүмкін, олар адамдардың өміріне әсер ететін идеялар, мәтіндер мен пайымдар да болуы мүмкін. Ол этикалық, экономикалық, саяси, философия тарихы (мысалы, ибн Халдун идеялары), сондай-ақ, сол немесе өзге философиялық идеяларды сынаған ойшылдар өндеген идеялар (мысалы, ибн Таймия немесе әл-Ғазали) [7]. Н.С. Қирабаев атап өткендей, «мұсылман мәдениетінің философиялық реконструкциясы мен түсініктемесінің білімі – (хайдеггерлік мағынада) әлем мен адамның толық болмысын айқындады. «болмыстық не» деңгейіне жету, мәдени феномендерді тарихи-философиялық және сол дәуірдің идеологиялық көрінісін болжау болып табылады». Зерттеушінің пікірінше «классикалық мұсылман мәдениетінің ерекше сипаттамаларының бірі оның негізгі

құрылымы ретінде ғылым емес (батыстық мағынадағы емес), әлемнің танымдық бейнесін нақыштайтын құндылықтық-идеологиялық ағымдар болды. Бұл ағымдардың өзіндік парадигмалары белгілі деңгейде адамның әлемге қатынасы және космоспен байланысы мен өзіндік табиғаты ислам дүниетанымы тұрғысынан жүзеге асырылды... Мұсылман Ортағасырларында барлық философиялық және қоғамдық-саяси ағымдар – танымның пәндік құрылымымен шектелмеді, саяси мәселелерде саяси теория ретінде, философиялық мәселелерде – философиялық тұрғыда, құқықтық мәселелерде – заң тұрғысынан, адамгершілік мәселелерде – этикалық тұрғыда т.б. орын тепті» [2, 317-318 б.].

Қазақстандық философ ғалым, белгілі фарабитанушы Н. Сейтахметова Мәдени мұра мемлекеттік бағдарламасы аясында жарық көрген «Шығыс философиясының» мұсылман философиясы бөлімінің беташарында ортағасырлық араб-мұсылман философиясын зерттеудегі әдіснама мәселесіне тоқтала келіп, «Бүгіндері көптеген зерттеушілер кеңестік емес тәсілдерді жасақтауға тырыса отырып, ойлаудың қазіргі бейнесін дамыту үшін осы кездері креативті және когнитивті әлеуетке ие болған маргиналды философиялық дискурстардың кеңестік дәуірде де дамығанын ұмытып кетеді. Мұндай дискурстар қазіргі диалогиялық шығыс-батыстық философияның дамуы үшін зор мүмкіндіктер ашады» – дейді [8, 234 б.]. Кеңестік ғылым мен философияның зор мүмкіндіктерін сол кезеңнің белгілі философ, шығыстанушы ғалымдарымен қатар қазақстандық фарабитанудың көш басында тұрған Ақжан Жақсыбекұлы Машанов, Ағын Хайруллаұлы Қасымжанов мұраларынан көруімізге болады. Мысалы, А. Машани өзінің «Әл-Фараби» атты деректі романында араб-мұсылман философиясы жөнінде айта келіп, әл-Фарабидің философияны үйренбестен бұрын нені білу керек, мінез-құлқындағы нені түзеткені жөн туралы айтқандарын қорытып, оның ілімінің мәнін: «Адамдық адал ниетпен айналаңдағы табиғат дүниесін зертте, онан тапқаныңды ақыл таразысына салып өлшеп ал, логиканың қисыны мен геометрияның (есептің) айнымас дәлдік үлгісіне сал. Осылардың сынынан өткен нәрсе шындық жолға апаратын нысана болмақ. Философия атты, ақиқат табуға арналған ұлы ғылымға сол нысаналар алып барады. Фараби философиясының негізгі бейнесін осылардан аңдауға болады» деп ойын түйіндейді [9, 241 б.]. Сондықтан олардың еңбектерін қазіргі заманғы қоғам, ғылым, философия, мәдениет дамуының жаңа биіктерге көтерілген, өз арнасын салып, болашақ бағдарын анықтаудағы дәл бүгінгі тұсында, қазіргі көзқарастар тұрғысынан зерделеу бүгінгі қоғамдағы қордаланған кейбір мәселелер төңірегінде ғылыми-философиялық көзқарас қалыптастыруымызға тың бағдар болмақ. Осы ретте Н.Сейтахметова Құран және оның фәлсафа дамуындағы рөлі туралы: «Гректердің бастауды іздестіруі де түпнегізді табумен байланысты болатын. Бірақ ислам интеллектуалдары үшін бастау исламда, Құран мәтіндерінде еді. Рухани надандық джахилия дәуірі тұтастықтың, бірліктің болмауымен ерекшеленетін. Құрандағы концептуализм бүкіл онтологиялық және экзистенциалдық болмысты Таухид (Бірлік) ұғымымен белгіледі және бұл басты ислами ниетті және адамзат тарихының мәнін білдірді» дей келе, Құран тұжырымдамасының Мұсылмандық Ортағасыр әлеміндегі әлеуметтік, гуманитарлық, саяси, құқықтық, философиялық, ғылыми, этикалық, эстетикалық, теологиялық рефлексияның негізін қалағанын айтады [8, 240 б.]. Тарихи сабақтастық, сұхбат тұрғысынан келсек, академик Ә. Нысанбаев ортағасырлық мұсылман философиясы, арабтілді перипатетизм, оның шыңы әл-Фараби философиясы, ондағы Батыс пен Шығыс сұхбаттастығы жайлы айта келіп: «Бұл мәдениеттердің іштей философиялық және дүниетанымдық негіздерінің сұхбатынан басқа олардың тарихи жағдайлары да болды. Гректің классикалық дәуірі де, иудаизм де, ортағасырлық арабтілді және еуропалық мәдени дәстүр де Жерорта теңізінің әртүрлі аймақтарына жатады және оларға жақын территориялардағы жалпы өркениетті-географиялық кеңістікке шоғырланған болатын. Ислам мен христиан діндерінің иудаизмде ортақ тамырлары болды және олардың классикалық грек философиясы мен жаңа платонизмге ортақ тарихи-философиялық негіздері болғанына» – назар аударады [10, 69 б.].

Ортағасырлық араб-мұсылман философиясының негізгі проблемасы сенімнің ақылға, зердеге қатынасынан туындайтын болмыстың бірлігі мәселесі болғандығы белгілі. Ислам монотеистік дін ретінде бір Құдайға, демек, болмыстың бірлігіне деген сенім ұстынын ұстанады. Бұл мұсылман философиясындағы негізгі тақырыптардың бірінен саналатын сенім мен ақылдың қатынасы мәселесінің қойылуына әкелді. Ислам әлеміндегі алғашқы философиялық ойлар әуелгіде әлем туралы, Құдай туралы, олардың бірлігі жайлы рефлексия ретінде VIII ғасырда теологиялық ілім – каламда, мистикалық ілім – сопылықта пайда болды. Бұл ілімдермен қатар антикалық философиялық мұраны игеру, діни, философиялық, ғылыми ғана емес, қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық, тұрмыстық мәселелерге, заң, қорғаныс істеріне байланысты да өзекті, мемлекет, оның ішкі және сыртқы саясатының стратегиясы ретінде де маңызды мәселелерге қатысты пайда болған ортағасырлық араб-

мұсылман философиясының классикалық кезеңі саналатын шығыс немесе исламдық перипатетизм философиясы дамыды.

Ұзақ жылдар бойы араб-мұсылман философиясының тарихын, сенім мен білім мәселесін, рационалистік сипатының ерекшелігін зерттеген Е.А. Фролова «Ортағасырлық араб-ислам философиясының тарихы» еңбегінде Ислам дінінің араб-мұсылман философиясының іргелі идеялық базасы, айналасына жаңа әлеуметтік қауымдастықтар шоғырланған рухани «ядро» болғанын атап өтеді. Исламның жергілікті рулық идеологияға айналған пұтқа табынушылықпен күрестегі жеңісі арабтармен қатар ұланғайыр территорияны мекендеген елдердің қоғамдық өмірін ұйымдастырудың жаңа формасын енгізгенін, бірақ бұл жағдайдың кейіннен исламның өз ішінде, жергілікті халық менталитеті, әдет-ғұрып, салт-дәстүрі т.б. байланысты түрлі секталардың пайда болып, алғашында білімнің жаңа формасы, ғылыми, философиялық ойдың қозғаушысы, тұтас идеология ретінде пайда болған ілімнің жіктелуіне әкелгенін айтады [11, 13 б.]. Исламға дейін арабтарда адамның шығу тегі жайлы ортақ түсінік болмады. Зерттеушілер көрсеткендей ол кезең джахилия, яғни надандық жайлаған кезең болған. Ол уақытқа дейін көшпенді және жартылай отырықшы арабтарда білімнің рационалдық емес, эзотериялық және экзотериялық білімге негізделген мистикалық (құпия) түрлері тарады. Адамдар дуалау, сикыр сияқты рационалды түсіндіруге келмейтін қабілеттерге сенді. Арабтардың поэзиясы мен этнонимдерінде де адамның, тұтастай әлемнің жаратылысы жайында мифологиялық түсінік кездеспейді» [11, 16 б.]. Ислам дінінің келуімен адамзаттың бір атадан тарайтыны, олардың ортақ тарихы бар екені айтыла бастады. Мұны Е.А. Фролова: «Мұхаммед рулық топтардың әрбірінің өзінің тегі, өткенінің сансыз формаларының орнына жалпыға ортақ адамзат тегі, ортақ тарихи уақыт жайлы түсінік қалыптастырды» – дейді [11, 17 б.]. Құран бойынша наным-сенімдері әртүрлі болғанымен бір атадан тараған адам біртұтас адамзат қауымын құрайды. Оларды мұсылмандар, христиандар, иудейлер деп – қасиетті мәтіндерге байланысты, буддашылар, зороастризм дініндегілер және пұтқа табынушылар деп (араб халықтарының наным-сенімдеріне де қатысты) – екі топқа бөліп қарауға болады.

Е.А. Фролова осы кезеңдердің бәрінде, гректерден әдебиет болсын, жаратылыстану ғылымдары, философия болсын, ислам дініне қайшы келмейтін жаратылыстану (математика, астронмия, физика, медицина), поэтика (поэзия емес!), логикаға байланысты еңбектердің іріктеліп алынғанын айтады [11, 54 б.]. Сонымен қатар, халифаттағы дін мен мемлекеттік биліктің кейінгі, атап айтқанда халиф әл-Мамун кезінен бастап аражігінің ажырап, аймақтардағы билеушілердің сарайларында ғалым-философтар ұстағаны, перипатетизм өкілдерінің дерлігінің уәзір (Ибн Сина, Ибн Баджжа), кеңесші (әл-Кинди, әл-Фараби), хатшы (Ибн Туфейль), қади (сот) (Ибн Рушд) қызметтерінде болғандығына назар аударады. Ғылым мен философияға деген құрметтің кейде саяси қитұрқылық салдарынан сұрапыл індетке айналып оқымыстылардың өлімі мен қудалануына себепші болып отырғанында атап өтеді [11].

Протагонистік философиялық ағымның жақтаушылары переннифалистік философия ұстанушылары, мәселен, (Сейед Хосейн Насыр) түскен зайырлы модернизм (Первез Худбой) үшін, ислам этикалық ғылым (Зияуддин Сардар және Джималис), әмбебап ғылым (Мұхаммед Абдус Салам), және исламшыл ой мектептерде кең спектрін қамтыған білім ұстанушылары (Исмаил Р. Әл-Фаруқи және Сейед Нақиб Әл-Аттас). ойшылдар мен пікірталастар түйіндері Нидхаль Гиддеус Ұлыбритания және Америка Құрама Штаттары американдық жер шарының астрономия және физика профессоры, Малайзия және Пәкістан болып саналса, электрондық поштаны және интернет алдында дәуірінде өмір сүрген, бұқаралық ақпарат құралдары әлі болмағанда мұсылмандық ренессанстың себеп-салдарларын жаһандануға алып келер деген ойға алып келе отырып зерттейді.

Бірақ О қандай дебаттар, олар кітаптар мен мақалалардың арқылы өндірілген! (Жалпы) білім және (атап айтқанда,) қазіргі заманғы ғылымның табиғаты және философиясы ең алдымен тарих және ғылым философиясы және қандай бір («Ислам гносеология қоңырау мүмкін, соның ішінде Құран түсіндіру бастап постмодернизм дейін, әр түрлі құралдармен бөлшектенген болды тарға»). «Жаңа интеллектуалдық бағдарламалар (мысалы, ислам) және жобалар (İjmalі жобасы) және жаңартылған дүниетаным (және т.б. қасиетті ғылым, қазіргі заман,) созып және жарнама шексіз талқыланды.

Академик Ә.Нысанбаевтың: «Философиядағы жекеге қарағанда жалпыға тән мағыналар рөлінің артуы жаңа көзқарастардың пайда болуынан гөрі бұрыннан бар пифогоризм, платонизм және аристотелизм сияқты жүйелер үлгілерін дамыту бағытында өрбіді» – бірақ ол жай ғана қайталау да емес еді, «Бұл кезінде болмаған, бастамасын Аристотель жасаған, кейін Платон мен Аристотельдің көзқарастарының ортақ жақтарын көрсетуге арнайы трактат арнаған әл-Фараби жалғастырған тарихи

сабақтастық пен мұралау идеясына сәйкес келетін. Тарихи сабақтастық пен мұралауды философияда осылайша түсіну шын мәнінде бұрынғы мен кейінгі көзқарастар жүйелерінің арасында сұхбаттық қатынастарды орнатуды пайымдау болатын» дегені, философияның қандай дәуірде болмасын – дүние болмысын, заттар мен құбылыстар табиғатын адам ақыл-ойының мүмкіндігі шеңберінде танып білуге үйрететін өнер болып қала беретінін көрсетеді [10, 68 б.]. Ортағасырлық араб-мұсылман философиясының онтологиясы дүниенің рационалистік тұрғыдан түсіндірілетін философиялық көрінісін және ондағы адамның орнын бейнелеуге бағытталған еді. Кәламфилософиясының жоғарғы айтыстық рухы, исмаилиттер ілімінің мистикасы басым болғанымен моральдық, рухани адамгершіліктік терең мәні, рационалисті қоғамдық санада жаппай қабылданған исламның бірқұдайлық сенімі негізінде қалыптасып орныққан. Бұл перипатетизм философиясына да қатысты айтылған, өзінің орнын нық басып шыққан тұжырым болып саналады.

Құранда ғылыми мазмұн «Н.Сейтахметова «Ортағасырлардағы фәлсафа немесе философия дейді, – тарихты, адамгершілікті, адам онтологиясын түсінудің құрандық парадигмасы аясында дамыды. Құран мәтіндері бойынша адамның міндеті бұл – қайырымдылық пен төзімділік көрсету міндеті. Бұл екі нәрсе бүгінгі біздің «постмодернистердің» түсіне де кіріп-шықпаған мәндер мен мағыналарға толы. Бұл Ұлы Мәтінді қалай оқу керек, оны қалай пайымдауға болады, Құдайдың Сөзіндегі түсіну шарасын өзара сұхбат шарасына қалай айналдыруға болады? Бұл адамның ақыл-ойын жаулап алған мәселелер. Оның үстіне, біздің зерделі түсінуіміздің шектері қандай? Бұл Кант заманынан әлдеқайда бұрын айтылған. Алдын ала жазылған өмірде өз өміріннің мәнін қалай айқындауға болады? Барлық осы сұрақтар Құранда қойылды, айтылды».

1 Нысанбаев А.Н., Құрманғалиева Г.К., Коянбаева Г.Р., Кенисарин А.М., Сейтахметова Н.Л. *Аль-Фараби и развитие восточной философии*. – Астана: Елорда, 2005, С. 8.

2 Қирабаев Н.С. *О философских основаниях мусульманской культуры / Homo philosophans. Сборник к 60-летию профессора К.А. Сергеева. Серия «Мыслители», выпуск 12.* – СПб.: Санкт-Петербургское философское общество, 2002. – С. 316

3 Касымжанов А.Х. *Аль-Фараби*. – Москва: Мысль, 1982. – С. 24.

4 Nasr S.H. *The Need for a Sacred Science*. London: Curzon, 1993, p. 15–23.

5 Gülen F. *Prizma*. – İzmir, 2002. – S. 55-59.

6 Mehmet Bayraktar. *Islam felsefesine giriş*. – Ankara, 1997. – S. 5

7 Mehmet Bayraktar. *Islam felsefesine giriş*. – Ankara, 1997. – S. 7.

8 Сейтахметова Н. *Шығыс философиясы. Әлемдік философиялық мұра. Алматы – 2009.* – 345 б.

9 Машанов А. *Әл-Фараби (тарихи-деректі кітап)*. Алматы – 1970. – 245 б.

10 Нысанбаев Ә. *Ұлттық тәуелсіздік және қазақ философиясы. Әл-Фараби философиясы туралы. Алматы – 2011.* – 69 б.

11 Фролова Е.А. *История средневековой арабо-исламской философии*. М., – 1995. – 175 б.

12 Мейрманов А.Д. *Қазақ даласының ойшылдары. Зерттеулер жинағы*. Алматы – 2004. – 91 б.

Резюме

Анализ философских основ конструктивизма концептуальной модели ислама

Меруерт Турмаганбет - магистрант 2 курса по специальности 6М020600 -

Религиоведение, КазНПУ им.Абая

Статья посвящена философскому анализу ислама в рамках конструктивной модели по методологии сравнительного анализа религиозного рационализма по временно-концептуальным промежуткам. Современные трансформации в виде урбанизации и мобилизации и, соответственно, глобализация могут иметь тенденции, которые будут противоположны концепциям ислама. В этом плане философия ислама рассматривается по концепции рационализма.

Ключевые слова: ислам, философия, конструктивизм, рационализм

Summary

Analysis of the philosophical foundations of conceptual model of Islam in constructivism realias

Meruert Turmaganbet – 2nd year master student, specialty of Religious Studies 6M020600,

Abai Kazakh National Pedagogical University

The article considers the philosophical analysis of Islam in the framework of the structural model for the methodology of comparative analysis of religious rationalism on the time-conceptual gaps. High urbanization and mobilization and, consequently, globalization have led to some controversial tendencies towards Islam's philosophy. In this regards, Islam is analysed in rationalism concept.

Keywords: Islam, philosophy, constructivism, rationalism

**ОҚЫТУШЫЛАРҒА КӨМЕК
В ПОМОЩЬ ПРЕПОДАВАТЕЛЮ**

УДК (929)574:7

ТҮРКІСТАН ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ БОСТАНДЫҒЫ ҮШІН КҮРЕСКЕН ТҰЛҒА

Р.Б. Әбсаттаров – ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, философия г.д., профессор, Абай атындағы ҚазҰПУ-нің саясаттану және әлеуметтік-философиялық пәндер кафедрасының меңгерушісі;
Ә.Е. Шалтықов – саяси г.д., Абай атындағы ҚазҰПУ-нің профессоры

Мақалада Мұстафа Шоқайдың саяси көз-қарастары қарастырылған. Сондай-ақ мақалада Мұстафа Шоқайдың Түркістан халықтарының бостандығы мен тәуелсіздігі үшін саяси күресіне нақты жан-жақты көңіл бөлінген.

Түйін сөздер: мемлекет, империя, бірлік, идея, дүниетаным, ұлт, боль-шевик, шовинизм, дипломатия.

Біздің елімізде тәуелсіздіктің 25 жылдығын жоғары деңгейде аталып өтуіне үлкен мән берілуде. Өйткені, Қазақстан тәуелсіздікке және жиырма бес жылдыққа оңай келген жоқ. Осы үрдісте болған қиыншылықтарды әрдайым еске алып, біліп отырмасак, тәуелсіздіктің бүгінгі кол жеткен жетістіктердің қадір-қасиетін біле алмай қалуымыз мүмкін. Біз тәуелсіздік құсының елімізге қонып отырғанын, ол ұшқаннан кейін емес, қазірден жіті білуіміз керек.

Әрине, осы атап өтулерде тарихи оқиғалар мен тұлғаларға басты орын берілуі тиіс деп ойлаймыз.

Тарихтан белгілі, бізге тәуелсіздіктің оңай келмегені шындық. Ресей патшалығы мен Кеңес Одағы кезінде қазақ халқының тәуелсіздік арманына жету үшін жанқиярлықпен жасаған ерліктерін ортаға салып, халқымызға, жастарға, тіпті бүкіл әлемге паш етуіміз керек. «Ұлы тұлғаларын білмейінше, бірде-бір дәуірді дұрыстап тану мүмкін емес. Адам тарихының айнасынан біз тарих көшінің жүрісін ғана аңдап қоймаймыз, оның рухын, тынысын сеземіз. Сондықтан халқы мен елінің алдындағы өздерінің перзенттік парызын айқын да анық түсінген, қандай да қиын-қыстау жағдайда оны адал орындаудан жалтармаған адамдар қай дәуірде өмір сүрсе де, әрдайым жұртының азаматы болып қала бермек. Тарихтың қай кезеңінде болсын, олар өз ұлтының бетке ұстар мақтанышы болып келген» [1] -дейді Елбасы Н.Назарбаев.

Қазақтың осы жеткен тәуелсіздікке дейінгі кезеңде халқының жарқын келешегі үшін күрәлқы мен елінің ес жүргізген тарихи тұлғалары жеткілікті деуге болады. Бірақ, әрбір кезеңнің символдық маңызды тұлғасы болады. Осы кезеңнің символдық тұлғасы Мұстафа Шоқай деп айтуға болады. Сондықтан басқа тәуелсіздік қайраткерлерінің арасында бұл есімді ерекше атап, бүкіл әлемге оны таныстыру біздің міндетіміз.

Тарихи тұлғалар арасында саналы ғұмырын Қазақстан және Түркістан халықтарының тәуелсіздігіне арнаған Мұстафа Шоқайдың орны бөлек. М.Шоқайдың саяси күресінің басты мақсаты – Түркістандағы кеңес билігінің орнына тәуелсіз ұлттық басқару жүйесін орнату болды. Сондықтан да Шоқай Кеңес өкіметі режиміне қарсы тұлға болды. Сондықтан Мәскеу оның өмірі мен идеялары туралы мәлімет таратуға тыйым салды. Кеңес идеологиясы бойынша, Шоқай «халық жауы» деп жарияланды. Сондықтан Шоқайға байланысты мәліметтер оқулық пен энциклопедияларға кірмей қалды.

Мұстафа Шоқайды «халық жауынан» халық қаһармандығына көтерген процесс қазақ зиялылығының батыл әрекеттерінің арқасында жүзеге асты. Еліміздің жазушылары мен әдебиетшілері, тарихшылары мен саясатшылары Мұстафа Шоқайдың шындығында кім екенін дәлелдеп, қалам тарта бастады. Мұндай күрделі өзгеріс еліміздің егемендік, мемлекетіміздің тәуелсіздік алуымен тығыз байланысты болғанына дау жоқ. Бүгінгі күні халқымыздың ұлы перзентінің атымен мақтанатын болдық.

Ал, енді Мұстафа Шоқайдың басқа тарихи тұлғалардан ерекшелігі неде?

Шоқай – Қазақстан ұлттық мемлекетінің тарихи тұлғаларының ішіндегі ең көрнекті есімдерінің бірі. Шоқайдың күресі мен идеялары Қазақстанның тәуелсіздік тарихының маңызды бір бөлігін құрайды. Кеңестік Қазақстанның ресми тарихында тыйым салынған тек Шоқай мен ол құрғысы келген Түркістан автономиясы ғана емес, Алашорда қозғалысы мен жетекшілерінің қызметтерін айтуға да тыйым салынды. Алаш қозғалысының жетекшілері билік большевиктер қолына өткеннен

кейін М. Шоқай секілді шетке шығып күрес жүргізген жоқ. Олар большевиктермен бір жолды таңдап, Қазақстанда кеңестік басқару жүйесінің ұлттық сипатын алуына маңызды үлес қосты. Алашордашылар, әсіресе, оқу-ағарту, ғылым және өнер салаларында үлкен еңбек сіңірді. Соған қарамастан 1925 жылдан бастап, Алашорда мүшелері кеңестік әкімшілік органдарының қудалауына ұшырай бастады. 1930-1932 жылдары Алашорданың белсенді мүшелері халық жауы немесе шетелдердің тыңшылары деген айыптармен жер аударылды немесе өлім жазасына кесілді. Бұл нәулеттен аман қалғандары 1937-1938 жылдары репрессияға ұшырап, қырылды. Алашорда қозғалысы мен оның жетекшілері туралы зерттеулер жүргізіп, еңбектер жазуға да 1935 жылдан бастап тыйым салынды.

Мұстафа Шоқай 1921 жылдан 1941 жылға дейін өз елінен жырақта, Батыс Еуропада өмір кешіп, саяси ахуал қыспағы зардабынан шет мемлекетке қоныс тепкен алғашқы қазақтан шыққан саяси тұлға болды. Қайда жүрсе де ол түрік халықтарының мүддесі үшін күреске ақыл-ой, күш-қайратын қалтқысыз жұмсаған қайраткер. Осы жолда ол қанша қиыншылық, таршылық көрсе де алған бетінен қайтпаған, атақ, мансап жайлы мекен, жақсы тұрмыс үшін ар-орданын, сенімін саудаға салмаған. Тағы бір Мұстафа Шоқайдың ерекше ерекшелігі – Орта Азиядағы қазақ, өзбек, қырғыз, түрікмен, қарақалпақтарды «түркістандықтар» деп атап, осы ұғымды дәйекті түрде қалыптастырған. Оның бұл өңірдегі халықтарды «түркістандықтар» деп, ортақ атаумен атауы тегін емес. Ресей империясының отары болып, бас еркінен айырылған халықтардың ежелгі тегі мен түбірін жаңғыртып, олардың тарихы да, тілі де, діні де тығыз байланысты екенін әйгілеген, сөйтіп, талай жандардың санасына түрікшілдік идеясын сіңірді деуге болады.

1910 жылы Санкт-Петербург университетіне оқуға түскен күнінен бастап, М.Шоқай дүниетанымының қалыптасуы, бір жағынан, түрікшілдік-мұсылмандық қозғалыстың, екінші жағынан, «батысшылдар» демократиялық-либералдық қозғалысының ықпалымен өтеді.

Атамекенінен ұзақ жылдар жырақта жүргенімен оны өз халқымен байланыстырған рухани тіндер жансебіл де берік болды. Мұстафа үшін атамекенді сүйу – оның тұтас мүддесіне қызмет ету, осы жолда... керек болса жанпия да қылуға дайын тұру болып табылады. Өзінің, не жеке топтың мүддесіне қызмет ететіндер жалпыұлттық деңгейдегі қайраткерлер сипатына жатпайтын, ой-өрісі шектеулі, пендешілікті медет тұтқан адамдар екендігін Мұстафа жақсы түсінеді. «Жалпыұлттық мүддесін жеке қожалықтар мен жеке топтардың мүддесінен жоғары қоя білген, өзінің белгілі бір түзімге белгілі бір себептермен қалыптасқан қатынасын, оған тәуелділігін жалпы ұлт мүддесі тұрғысына сәйкес, ұлттың жалпы жағдайына үйлесетін түзілім жолында құрбан ете білген адамдар ғана нағыз ұлттың патриот және ұлтқа пайдалы қызметші бола алады» [2] - дейді ол.

Мұстафа Шоқайды саяси сахнаға өскен ортасы, ел қамын ойлаған ата-бабасының бай дәстүрі, діни мектепте бойына дарытқан адалдық пен имандылық, қоғамның даму заңдылықтары туралы батыс елдерінің ілімінен алған таным-тағылымдары, отаршылдықтың зорлық-зомбылықтары алып шықты деуге болады. Оның жан дүниесі, дүниетанымдық көзқарасы дәстүрлі дала мәдениеті мен батыс мәдениетінің өзара тоғысында, ұлт-азаттық қозғалысының өрлеуі жағдайында қалыптасады. Өмірінің ақырына дейін Мұстафа үшін тәуелсіздік идеясы - басты мәселе, ұлттың бостандығы оған ең жоғары құндылық, өмірінің мән-мағынасы, халыққа қызмет ету жолындағы шығар биігі болып табылады.

Мұстафа Шоқай ұлт намысын, ар-ожданын бәрінен де жоғары қояды. Өз тарапынан да саяси күресте адалдықты жоғары ұстады. Түркістанның тәуелсіздігі үшін күресте оған апаратын жолдың да таза болуын қалайды. Ол ең алдымен түркістандықтардың бір халық ретінде жұмылуына, кейін барлық тағдырлас түрік халықтарының бастарын біріктіруге кіріседі. Түрік халықтарының араларындағы мәдени байланыс табиғи құбылыс деп қарастыра отырып, оны мүдделес басқа да халықтармен қарым-қатынаста болу идеясымен ұштастырады.

Мұстафа Шоқай философиясының өзегі - халықтардың біртұтас майданына түркістандықтардың пікір және іс бірлігімен, ұлт болып ұйысуға бет алаған қауым ретінде ену қажеттігі туралы ұғым болады. Осыған байланысты ол былай деп жазады: «Мына бір нәрсені естен ешқашан шығаруға болмайды: біздің ұлтты құтқару жолындағы күресімізде табыстарға жетуіміз бен өз тағдырымызды өз қолымызға алуымыз ұлтымыздың ауызбірлігіне байланысты. Оған біздің ұлтымыз шаруаның жерге мүдделігіндей мүдделік танытуы керек».

Мұстафа Шоқай түркістандықтардың ішкі бірлігін қанша қолдаса, грузин, әзірбайжан, украин халықтарының да өз іштерінде талас-тартысқа, ынтымақтастық идеясына нұқсан келтіретін кикіл-жіңге жол бермеуін сонша қуаттайды, олардың қызметіндегі кемшіліктер мен түсініспестіктерге өкініш білдіріп, жетістіктеріне қуанады. Ол бодан халықтардың одағын құруды ұсынады. Осы

идеяны жүзеге асыру барысында М.Шоқайдың жеке тұлғалар, не болмаса саяси топтар арасындағы қайшылықтарды реттеуде этикалық нормаларды қатаң сақтай отырып, дау-дамайды дабырайтпай, нақтылы түрде шешу өнерінің шебері екендігі көрінеді. Мысалы, грузин қайраткері А.И.Чхенкелиге (1939, 30 маусым): «Акакий Иванович! Мен біздің әртүрлі көзқарастағы (мүмкін дүниетанымы, түсінігі), әртүрлі тәрбие алған адамдардан тұратын ортада ұшырасатын түсініспестіктерді жедел түрде жолдастық негізде реттеуді, сырт адамдарды, тіпті, ол ең жақын деген достар болса да, араластырмай-ақ, жөнге келтіруді жақтаймын» - деп жазады.

Біртұтас Түркістан тұжырымдамасының идеологиялық негізі – ұлтжандылық, «ұлтшылдық», оның қандай да бір қатыгездіктермен өшірілмейтіндігі, ұлтпен бірге жасайтындығы. Алайда Мұстафаның «ұлтшылдығы» отарлық жүйені «таптық», «интернационалистік» принциптерімен бүркемелейтін болшевиктер ұғымындағы ұлтшылдық емес, ол –халықтың, ұлттық этностың бірегейлігін сақтаудың кепілі болып табылатын, басқа мәдениет пен өркениеттердің экспансиясы барысында жұтылып кетпеуге мүмкіндік туғызатын қуатты күш. «Ұлтшылдық» идея - халықтардың жаны мен жүрегі [3].

Мұстафа Шоқайдың дүниетанымдылық көпқырларының бірі – ұлттың мәңгіліктігін мансұқтайтын интернационалистік, космополиттік ағымдарды мүлдем қабылдамайды. 1939 жылдың маусым айында Гаяз Исхакимен түрік бірлігі идеясы төңірегіндегі талас-тартыс барысында жазған мақалаларының бірінде космополитизмнің ұлттық идеяларға қарсы бағытталғандығына, оны Ю.Ақшораның «Үш теріс саясат» деген еңбегінде дәлелдеп бергеніне тоқталады.

„М.Шоқай Ақпан революциясынан кейін, жастығына қарамастан, Орта Азияның саяси өміріндегі жетекші тұлғалардың бірі болды. Қазақ автономиясы үшін Алаш қозғалысына да ат салысты, бірақ көбіне ол күш-жігерін Түркістанның автономия алу жолына жұмсады”-жазады Хокайдо университетінің (Жапония) профессоры Уяма Томохико.

Мұстафа Шоқай тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін ұлттық мемлекет құру керек, себебі ұлттық мәдениет мемлекетте ғана өсіп, өркендейді, гүлденеді деп есептеді. Бұл мәселелерде ол ұлттық санамен, ұлттық рухпен өзара байланыста қарастырады, біріне-бірінің ықпалын жеткізеді [4]. «Ұлт азаттығы – ұлттық рухтың нәтижесі. Ал ұлттық рухтың өзі ұлт азаттығы мен тәуелсіздігі аясында өсіп дамиды, жеміс береді» - дейді Мұстафа Шоқай.

Мұстафа Шоқайдың екі томдық таңдамалы шығармалары (Алматы, «Қайнар» баспасы, 1998 жыл) өзінің терең мазмұнымен, биік аңсарымен, асқақ рухымен ерекшеленеді. «Жас Түркістан» журналының алғашқы санындағы (1929) «Біздің жол» деп аталған басмақаласында Мұстафа Шоқай өзінің алдына қойған биік нысанасын тұжырымдап баяндаған. «Біз Түркістан тәуелсіздігін жақтаушылар еліміздің еркі үшін және жұртымыз Түркістанның бодандықтан құтылу үшін күресеміз. Түркістандықтарға бұдан басқа жол болмаған. Қазір де жоқ және бұдан соң да болмайды» [5]. Мақаланың бұдан кейінгі жолдарында Ресей отаршылдығына қарсы күрес бағдарламасы берілген. «Біздің мақсатымыз – Түркістанда түрі жағынан да, мазмұны жағынан да ұлттық болатын құрылымға қол жеткізу. Сонда ғана халқымыз өз жерінің нағыз қожасы бола алады» [6] – деп көрсеткен ол.

Журналдың әр санында дерлік жарық көрген мақалаларда осы бір асыл арман желі тартып, жаңа ойлармен толықтырылып отырады. Мұстафа Шоқай Түркістан халқын өзгеге кіріптар болмай шын мәніндегі ұлттық мемлекет орнатуға шақырады. «Біз өзіміздің ұлттық еркіміз бен тәуелсіздігімізді талап етеміз. Біз миллиондаған бауырларымыздың қаны төгілген, сүйегі жатқан ұлт азаттығы жолымызда орыс үстемдігі ұлы орыс шовинизмімен бетпе-бет келіп отырмыз. Біз осы үстемдікті аударып тастап, оның орнына түркістандықтардың билігін орнатуымыз керек» [7]- деп жазады М.Шоқай.

Осы «Жас Түркістанның» әрбір санында жариялаған мақаласында М.Шоқай бұл мәселені әр қырынан дәлелдеп, толықтыра түседі, ұлттық азаттыққа жеткізетін бірден-бір дұрыс жол – түрікшілдік жолы деп есептейді [8]. Одан әрі қарай ол Түркістан халқының алдындағы саяси міндетті анық та батыл тұжырымдайды. «Ең алдымен барлық күштерді бір мықты саяси ұйымның маңына топтастыру керек. Түркістан ұлт бірлігінің бүгінгі кезектегі міндеті және таяу арадағы мақсаты: 1. Түркістанды орыс пролетариаты үстемдігінен құтқару. 2. Түркістанда орыстың кез келген үстемдігінің орнауына жол бермеу. 3. Бәрінен бұрын тәуелсіз Түркістан мемлекетін құру болып табылады» [9]. Бұндай ашық бағдарламаны басқа ешбір зиялы қауым өкілі бұрын да, кейін де ұсына алған жоқ деуге болады.

Мұстафа Шоқай Түркістанның азаттығы, халықтың келешегі үшін ауадай қажет бірінші және негізгі шарт екенін айтумен қатар, мұндай асыл мұратқа жету барлық түркі тілдес халықтардың бір-біріне тілектестігі мен берік ынтымағына байланыстылығын ескертеді. «Ашығын айтқанда, өздерінің

тәуелсіздігі жолында күресіп жатқан Түркістан, Кавказ, Еділ –Орал, Қырым және қазақтардың жеке-жеке әрекетінен пәлендей бір нәтиже шықпайды. Барлық күшімізді біріктіріп, бірлескен шеп және бірлескен орталық құруымыз керек» [10] – деп, ол «Біздің саяси және ұлттық азаттығымыз ең алдымен біздің өз ісіміз. Біз осы ұлы мақсатқа өз ішіміздегі ынтымақты күшейте отырып, біздер сияқты ұлтының азаттығы жолында күресіп жатқан басқа да ұлттармен тізе қоса қимыладағанда ғана тезірек жете алатын боламыз» [11] - дейді.

Айта кету керек, М.Шоқай Ресей үстемдігінен құтылу майданын отаршылдық қамытын киген түрік халықтары көлемімен шектемей, зорлықшылар тепкісіне түскен басқа да ұлттармен бірлесе қимылдауға шақырады. Ол жалғыз Түркістан емес, әзірбайжан, грузин, украин, татар, башқұрт халықтарының ұлттық мүдделері туралы мәселені олардың жетекшілерімен бірге әлем сахнасына шығарысады. Сол себепті ол осы халықтардың мұң-мұқтажын жоқтаған ортақ тұлға болып табылады.

Мұстафа Шоқай шығармаларында бір ғана Орта Азия түріктерінің – Түркістанның тағдыры сөз болып қоймайды. Мұнда Еділ, Орал бойларындағы, Кавказ бен Қырымдағы және Шығыс Түркістандағы тілі бір, діні бір бауырластардың қал-ахуалы жөнінде де көптеген толғамды ойлар кездеседі. Ресей отаршылдығынан құтылудың маңызды шарты орысталған өңірлердегі түрік халықтарының бірлесе күресуіне байланысты деген тұжырымы М.Шоқайдың көптеген мақалаларында желі тартады. Ол осынау ұланғайыр атырапты жайланған түркі тілдес елдердің хал-жағдайын мейлінше нақтылы сөз етіп, әділ, жан-жақты талдау жасайды. Өзі Батыс Еуропада ел ауып кеткен болып жүріп, М.Шоқай Орта Азияны мекендеген туыс халық ұйғырлар жағдайына да көңіл бөліп, жанашырлық, бауырмашылдық сөзін айтып отырады. Шығыс Түркістандағы ұйғырлардың тәуелсіздіктен айрылу тарихы, бұл мәселеде ұсақ елдерге аузын арандай ашқан екі империя -Қытай мен Ресейдің ымыжымы бір болып, ортақ мүдделестік көрсетіп келгенін әшкерелейді. Шығыс Түркістанның азаттығын аңсап, ұйғырлардың кіріптарлыққа түсуінің себептерін ашып көрсеткені М.Шоқай туындыларында жан-жақты көрсетіледі. «Шығыс Түркістан ұлттық қозғалысын большевиктер тарапынан жапсырылған кемализм мен панисламизм туралы жалған жалалардан арашалауға тиіспіз», - деп жазады М.Шоқай. Шығыс Түркістан ұлттық қозғалысына кемализм тарапынан келетін «зиянкестік» туралы ертегілер қандай негізсіз болса, панисламдық зиянкестік туралы өсек-аяндар да сондай күлкілі, түкке тұрғысыз бірденелер. Шығыс Түркістан халқы да әлемнің басқа еркін, азат халықтары секілді өз тағдырын өзі айқындауын қалайды. Осы бір әділетті күреске көрсетіліп жатқан және көрсетілуі мүмкін кез келген көмекке біз шын жүректен алғыс айтамыз [12] – дейді Мұстафа Шоқай.

«Шығыс Түркістан Қытай отаршыл үстемдігін аударып тастап, тәуелсіз түрік мемлекетінің шаңырақ көтеруі қызыл орыс империализмінің Азиядағы мүдделеріне бүтіндей қайшы келетін. Сол себепті кеңестік Ресей әу бастан-ақ Шығыс Түркістандағы ұлттық қозғалысқа қарсы бағыт ұстады. Бұл қозғалысты жаныштау үшін большевиктер жергілікті Қытай үкіметіне алуан түрлі көмегін аямады» [13] – деп жазды ол. Мұстафа Шоқайдың бұл проблемаға осыдан жетпіс жылдан артық жыл бұрын берген сипаттамасы әлі өзінің өзектілігін жойған жоқ.

Мұстафа Шоқай «Түркістандағы жергіліктендіру қандай мазмұндарды қамтиды» деген мақаласында большевиктердің 1917 жылы ақпанда Ресей мұсылмандарына және түркістандықтарға өз қалауы бойынша өздерін басқару құқық беріледі деген уәдесінің жалған мәлімдеме болғанын бұлтартпайтын мысалдармен дәлелдейді. Түркістан тұрғындарының 94 пайызы түрік халықтары болса да бұлардың өзін-өзі билеу еркі мүлде ескерілмегенін зор күйінішпен атап көрсетеді. «Дәл орыстың отаршылдық саясатындай сұмдықтарды тарих әлі де көрген жоқ» [14] - деп ойын айқындай түседі. Патша генералы Куропаткиннің «Түркістандықтар өздерінің жергілікті және ұлттық мүдделерін Ресей және ұлы орыс халқының мүдделерімен қатар қоя алмайды... Орыс төңкерісшіл пролетариатының мүддесі бәрінен де жоғары» [15] дейтінінің арасында айырмашылық жоқ екенін көрсетеді ол.

Мұстафа Шоқай «Түркістан лениншілдеріне жауап» деген мақаласында Орта Азиядағы кеңестер құрылтайлары мен партия конференцияларында орыстың ұлы державалығы үнемі дәріптеліп отырғандығын, жергілікті халықты қорлаудың неше түрлі көріністері орын алғанын айыптайды. Соның бір мысалы ретінде кеңес үкіметі 1925 жылы Лениннің қайтыс болуына бір жыл толғанын еске түсіру рәсімі кезінде Ташкенттегі өзбектерді тізе бүгіп, аза тұтуға мәжбүр еткенін айтады [16]. Мұнда ол большевиктер саясатының түркістандықтарға мүлде жат екенін өз көзімен көріп, түңілгеннен кейін ғана оларға қарсы күрес жолына түскенін айтады. «Реті келген соң осы тұста мен өзім Түркістанды күшпен жаулап алып, сәт сайын басымызға әңгір таяқ ойнатып, қырып-жойып қанға бөктірген жат күшке қарсы өле-өлгенше күресетінімді тағы бір мәрте ашық мәлімдеуді ләзім табамын...

Мен, Мұстафа Шоқайұлы, Түркістан халқының өз қалауы, өз таңдауымен құрылған басқару аппаратына өз еркімен қызмет етуге әзірмін. Өз пікірлестерімді де осындай мекемелердің маңайына топтасуға шақырамын. Егер ол кезде Түркістан бұқарасы өздеренің ұлттық мемлекеттері үшін кенестік жүйені таңдаса, онда мен адал қызмет етуге уәде беремін...

«Түркістандықтардың өз ішінде Түркістанмен шекаралас Ауғаныстан, Иран және Шығыс Түркістанда Америка мектептерін ашуға ұрынып жүргендер бар. Біз мұндай пікірдің пайда болуын тек білместіктен деп қарай алмаймыз. Біздіңше мұндай пікірді шығарушылар арандату мақсатын көздеп отыр. Өйткені Иран, Ауғаныста және Шығыс Түркістанда Америка миссионер (американдықтар Азияда басқаша түрдегі мектеп ашпайды) мектептерінің ашылуы көрші отырған мұсылман елдерімен ара қатысты бұзуға апармай қоймайды» - дейді Мұстафа Шоқай. Оның асыл ойлары бүгінгі күнмен үндесіп жатыр деуге болады [17].

Мұстафа Шоқай Түркістан халықтарының азаттыққа қол жеткізетініне күмәнданып көрген емес. Қазақ, өзбек, қырғыз, түрікмен халықтарының ұлттық автономия емес, дербес мемлекет үшін күресуі керектігі туралы идеяны тұңғыш ұсынып, қозғалыстың түпкі мақсаты, әдістері, жаулары мен одақтастары жөніндегі қағиданы негіздеп берді. Ол егеменді ел болғаннан кейінгі уақытта түркістандықтардың өмірін қалай ұйымдастыру қажеттігі жөнінде аса құнды ой-пікірлерін, тұжырымдарын қалдырды. Оның ішіндегі маңыздылары: түркістандықтардың өзінің өмір сүру кеңістігін, жер-суын, байлығын, халықтарының бірлігін, тыныштығын сақтау, жастарының ұлттық тәрбие алуын қамтамасыз етуі т.б. мәселелер. Ол қазақ тілінің орыстандыру саясатындағы басты нысандардың болып отырғанына үнемі үлкен абыржушылық танытып кетті [18]. Бірақ Мұстафа Шоқай тәуелсіз Түркістанның томаға-тұйық өмір сүруін емес, әлем елдерінің барлығымен қарым-қатынаста болу саясатын ұстануын қалайды. А.Я.Шульгиннің айтуынша, ол алдына қойған мақсатын орындап, азат Түркістанға басшылық ету жазғанда М.Шоқай Ататүрік ізімен жүретін еді, бірақ оған түгелдей еліктемес те еді. Ол азат Түркістан өзінің ұлттық кескін-келбетін сақтай отырып, басқа мемлекеттермен бәселестікке қабілетті болу үшін батыс елдерінен көп нәрселерді үйренуі тиіс деп ойлайды [19].

1918 жылы большевиктер Грузияны басып ала бастағанда М.Шоқай Түркияға қоныс аударуына тура келеді. Онда саяси күресін тоқтатпай жүрген шағында Кеңес үкіметі Түркия басшылығымен қарым-қатынас орната бастаған соң, мұнда да жағдайдың қиын болатынын сезіп, Еуропаға эмиграцияға кетеді де Парижге барып, өмірінің соңына дейін жұбайы екеуі сонда тұрады. Парижде М.Шоқайдың өмірі мен қызметінің жаңа беттері ашылады. Әр елдің саяси қайраткерлерімен сөйлесіп, Парижде, Лондонда, Берлинде және Еуропаның басқа да астаналарындағы үлкен мінбелерден шығып сөйлеп, баяндамалар жасайды. Мұстафа Шоқайдың Еуропаға келуімен батыс әлемі алыстағы Түркістан елі бар екенін ғана біліп қойған жоқ. Ол батыс баспасөздерін жұмылдырып, ол арқылы әлемдік қауымдастықты түркістандық ұлттық қозғалысқа көңіл аударды. Еуропаның мүмкін болған барлық газет-журналдарына сансыз мақалалар жазады. 1928 жылдан бастап Парижде шыққан «Жас Түркістан» журналын басқарады; А.Ф.Керенскиймен бірге эмигранттардың «Дни» газетінде қызмет істейді. Бұл баспасөздерде ол КСРО –дағы, әсіресе, өзбек, қазақ халықтарына қатысты саяси-экономикалық ахуалды сипаттаған мақалалар жазды.

М.Шоқай Еуропа елдерінің астаналарын аралап, өзінің мақсат-мұраттарын үнемі насихаттап жүреді. Бұл арада қайраткердің еңбектері мен саяси қызметінің негізгі мән-мазмұнын ашып көрсетуіміз керек. Ең әуелі М.Шоқайдың сөзіне қарағанда, қазақ халқы ешқашан да социалистік революцияның қажеттілігін жете сезініп, түйсініп қабылдамады, 1917 жылғы Қазан оқиғасы және одан кейінгі Кеңес өкіметін орнатуға қатысты тарихи істерге араласқан жоқ. Ал, орыс халқы өкілдерінің қай-қайсысы да қазақтарды езгіге салушылар, Қазақстанда елеулі әлеуметтік зардаптар ізін қалдырған отарлаудың патшалық саясаты одан әрі жүргізілуде екенін ол дәлелдеп көрсетті.

Еріксіз эмиграцияда жүрген Мұстафа Шоқайдың қызметінің ең бастысы – Түркістан мәселесіне әлем жұртшылығының назарын аудару болды. Ол жиырма жыл батыс елдерінде жүріп, тәуелсіздік туын көтеріп, Кеңес Одағы құрамындағы қазақ, өзбек, қырғыз, түрікмен т.б. халықтардың өз алдына дербес өмір сүруіне құқылы екендіктерін, тәуелсіздікке жету жолдарын айқындаумен болды. Осы жолда ол бұрынғы Ресей Мемлекеттік думасының мүшесі, Грузия сыртқы істер министрі А.Чхенкелидің сөзімен айтқанда, «халықтық ұлттық көсемге айналды». Бүкіл түрік халықтары алдында сіңірген орасан еңбегін бағалаған жерлестері 1939 жылдың 28 тамызында М.Шоқайға былай деген болатын: «Сіздің барлық ізгі ниетті патриоттардың сүйіспеншілігі мен ризашылығына бөлене отырып, еш нәрсеге қарамастан алдағы уақытта да өзіңіздің адал және тура бағытыңызбен жүретініңізге сенеміз. Біз, барлығымыз, өзіміздің Отанымызда ортақ мұраттар үшін шын ниетпен күрес-

кендерге алғысымызды білдіретін уақыт алыс емес деп есептейміз». Ол жалғыз Түркістан емес, басқа да халықтардың ұлттық мүдделері туралы мәселені олардың жетекшілерімен бірге әлем сахнасына шығарып отырды. Сондықтан да біз Мұстафа Шоқайды жоғарыда аталған түрік халықтарының да мұң-мұқтажын жоқтаған ортақ тұлға болып табылады.

1940 жылы фашистік Германия әскері Францияның бір бөлігін басып алғаннан кейін немістер М.Шоқайды тұтқынға алады, бірақ көп кешікпей босатады. М.Шоқайдың Кеңес өкіметі саясатына қарсы екенін және оның халықаралық деңгейдегі беделін пайдаланбақшы болып, немістер оны өз жағына тартып, тұтқындардан «Түркістан легионын» құруды жүктеп, радио арқылы сол туралы сөйлеу үшін микрофон ұсынады. Бірақ Мұстафа радио арқылы сөйлеуден бас тартып: «Менің елден кеткеніме көп болды. Елде мен туралы өте теріс пікірлер де қалыптасып қалған. Ал тұтқындағы жастар мені түсінбеуі мүмкін. Сондықтан, мен тұтқын лагерьлерін аралап, сөйлесіп, пікірлерін білейін. Содан кейін бір шешімге келерміз» - дейді. Ол неміс басшыларына кеше ғана оқ пен оттан шыққан бейшараларды қайтадан оқ пен отқа салып, еліне, өз халқына қарсы оқ атқызу барып тұрған жауыздық болатынын да ескерткен-ді [20]. М.Шоқай шындығында о бастан «Түркістан легионын» құруға қарсы болғанын біздің тарихта дәлелденген. Осы легион құру мәселесінде М.Шоқай неміс министрі Розенбергке екі шарт қойғаны белгілі. Оның біріншісі – немістердің көмегімен келешек Түркістан мемлекетінің кадрларын Германияның зауыт-фабрикаларында, оқу орындарында оқытып, даярлауға, тұтқынға түскен жауынгерлерден әскери бөлімшелер ұйымдастырып, оларды әскери базаларды, мекемелерді қарауылдауға және әскери жүктерді қорғау үшін пайдалануға қатысты. Ал екіншісі – неміс әскері Орта Азия шекарасына жеткенше легионды Қызыл Армияға қарсы пайдаланбауға, әрі қарай шекараға жеткен соң соғыссыз – дипломатиялық келісім арқылы-ақ Орта Азия мемлекеттерін бағындыруға болатынына байланысты [21]. Мұнда М.Шоқайдың негізгі ойы легион құру емес, тұтқындарды ауыр жағдайдан, ажалдан құтқару болды. Әртүрлі деректерде жазылып жүргендей, М.Шоқай Түркістан легионы арқылы 300 мыңнан астам тұтқынның өмірін сақтап қалған [22].

Айта кету керек, тұтқынға түскен кеңес адамдарының көпшілігі, қай ұлттың өкілі болмасын, лагерьлердің адам төзгісіз жағдайына шыдай алмай, әртүрлі «армиялар» мен «легиондар» құрамына енуге мәжбүр болды. Олардың дені осындай жолмен қолына қару алып, фашизмге қарсы күресуді ойлады. Батыстағы 20 жыл саналы өмірін Кеңес өкіметіне қарсы бітіспес саяси күреске арнаған М.Шоқай Германияның жеңетініне сенді. Еділден әрі «Түркістан» мемлекетін құру жөніндегі фашистік жоспардың жүзеге асатындығына шүбә келтірген жоқ. Сондықтан, оның «Түркістан ұлттық комитеті» мен «Түркістан легионының» кадрларын сақтауға әрекеттенуі ғажап емес.

Мұстафа Шоқай Түркістан легионын құруға да, тіпті оны құру туралы идеяға да еш қатынасы болған жоқ. Ол батыс елдерінің агенті, басқа да арнайы қызметтердің агенті болған жоқ және өз халқына қарсы ешқандай шпиондық әрекеттер жасаған жоқ.

Мұстафа Шоқай - Франция елінің азаматы болды. Ешқашан КСРО азаматы болған емес. Мұғажырлықта саясаткер барлық түркі халықтарының ортақ екендігін көрсету үшін өзін Мұстафа Шоқай-Оғлы деп атаған.

М.Шоқай соғысып жатқан екі ел басшылығының саясатын өте жақсы білді. «Гитлер де, Сталин де – залым. Бірі – ұлтшыл – нацист, екіншісі - интернационалист болып көрінгеніне қарамастан, екеуінің саясаты мен залымдығы тең дәрежеде. Ал егер екеуі тіл табысып, бірігіп кетсе, дүниенің астанкестенін шығарар еді» [23] - деген ойын да Мұстафа көрегендікпен айтқан.

М.Шоқай қайтыс болғанда Украина Халық Республикасының сыртқы істер министрі болған (1917-1918 жж.), сол тұстарда бірнеше жыл Парижде тұрған Мұстафаның досы Александр Шульгин көрегендікпен: «Түркістан бір күндері жаңарып, өз батырларын еске алатынын, Мұстафаға Перовскіде, не Ташкентте ескерткіш қоятынын білмеймін. Бір ақ халық оған өз жүрегінен ескерткіш орнатынына кәміл сенемін» [24] деп - айтып кеткен болатын. А.Я.Шульгиннің бұл айтқан сөзі шындығында расқа айналды. М.Шоқай халық жүрегіне берік орын алып, оған арналған барлық мерейтойлары республикада кең көлемде аталып өтті, оның ескерткіштері туған жері Қызылорда жерінде, Францияда қойылды.

Мұстафа Шоқайдың тұтас Түркістанға бірігу идеясы күшеюдің, рухани есеюдің, ұлттық сана сезімнің ғажайып жетілуінің көрінісі деуге болады. Бұл идеяны кейбір түркі халықтарынан шыққан кеңес басшылары да қолдаған. Орта Азияда Тұрар Рысқұлов басқарған «Ирк» деген құпия ұйым болған, олар Түркістанды Ресейге тәуелсіз Тұран мемлекетінің орталығы [25] деп санаған. Мұстафа Шоқай Түркістан халықтарының аянышты халіне көзін ашып, Түркістан жастарын ұлттық рухта, ұлтжандық бағытында тәрбиелеу. Сөйтіп, ол екі бағытта, сыртқы және ішкі, үгіт-насихат, табанды

саяси соғыс ашуға бекінеді. Оның мақсаты, бір жағынан, Ресей саясатын әшкерелеп, сырттан Түркістанға дос табу болса, екінші жағынан, бүкіл Түркістан халқын саяси жетілдіріп, табанды ұлт-азаттық күреске әзірлеу болады. Сонда Мұстафа Шоқайдың түрікшілдігі Түркістандағы түркі тілді халықтарды бір елге біріктіру түрікшілдігі деуге болады [26].

«Өзінің әдеби қызметінде,- деп жазады Александр Шульгин, сондай-ақ, өзінің таза саяси сөздерінде Мұстафа би Түркістанның тәуелсіздігі идеясын Еуропа қоғамы алдында өзінің пікірін бүкпесіз жеткізе алатын жан екендігін көрсете алды. Ол өздерінің халқына қатысты мақсатты ұстанып, соның жолында жүрген Кавказ бен Украина өкілдерімен тығыз ынтымақтастықта болды. Мұстафа бимен бірлесе отырып, олар 1933 жылы «Кавказ, Түркістан және Украина халықтар достығы Комитетін» құрды. Олар өз елдерінің мүддесін қорғай отырып, бірлескен жағдайда ұлы державалар үкіметтеріне үндеу тастады, бірлесе отырып, ССРО-дан өз елдерін бөлініп шығуын және тәуелсіз Түркістан, Кавказ және Украина мемлекеттерін құруды талап етті» [27].

Сонымен, жоғарыда айтқандарымызды қорыта келе айтсақ, бүгінгі күні Мұстафа Шоқай халық жадында да, жүрегінде де берік орын алды. Оның негізгі өмірлік мақсаты тәуелсіз Түркістан мемлекетін құру болды. Ол сол идеясынан бірде-бір айнып көрген емес. Сол үшін күресіп, жанын пайда етті. Мұстафа өмір сүре білді, өмірден лайықты өте білді. Қазақ халқы оны бүгінгі көсемдері ретінде бағалап, өздерінің даңқты батырларымен қатар қоя отырып, Мұстафа Шоқайды қадірлейді, мақтан тұтады. Отанын жанындай сүйіп, өшпес ерлік көрсеткен оның өмірі келешек жастарымызға үлгі, өнеге екені анық.

1 Назарбаев Н.А. Жасай бер, тәуелсіз Қазақстан! Тәуелсіздік күніне арналған салтанатты мәжілісте сөйлеген сөзі //Егемен Қазақстан.-1998, 16 желтоқсан.

2 Есмағамбетов Қ.Л. Әлем таныған қайраткер//Алаш тарихи-этнеосаяси журналы. – 2010, №6.- 84 б.

3 Бұл да сонда. – 84-85 б.

4 Бұл да сонда.

5 Шоқай М. Таңдамалы шығармалары. 1- том.- Алматы: Қайнар, 1998.- 32 б.

6 Бұл да сонда. – 33 б.

7 Бұл да сонда. – 64 б.

8 Бұл да сонда. – 74 б.

9. Бұл да сонда. – 102 б.

10 Бұл да сонда. – 263 б.

11 Бұл да сонда. – 315 б.

12 Бұл да сонда. – 406 б.

13 Бұл да сонда. – 490 б.

14 Бұл да сонда. – 58 б.

15 Бұл да сонда. – 63 б.

16 Бұл да сонда. – 80 б.

17 Қараңыз: Рахманқұл Бердібай. Мұстафа Шоқай арманы // Парасат.- 2004, 8 тамыз.

18 Қараңыз: Есмағамбетов К.Л. Әлем таныған қайраткер //Алаш тарихи-этносаяси журналы.- 2010, №6 (33).- 85 б.

19 Шульгин Александр. Мұстафа Шоқай би Шоқайұлын еске түсіру // Ақиқат.- 2014, №7.- 58 б.

20 Қараңыз: Атабаев Базарбай. Елім деген ердің ерен ерліктері // Егемен Қазақстан.- 2016, 13 қаңтар.

21 Бұл да сонда.

22 Бұл да сонда.

23 Шульгин Александр. Мұстафа Шоқай би Шоқайұлын еске түсіру // Ақиқат.- 2014, №7.- 58 б.

24 Бұл да сонда.

25 Қодар Әуезхан. Мұстафа Шоқайдың тұтас Түркістан жөніндегі ілімі түрікшілдіктің үшінші кезеңі ретінде// Түркі әлемнің бүгінгі өзекті мәселелері. Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары (12-13 қараша, 2009 жылы).- Алматы, 2009.- 371-372 бб.

26 Қараңыз: Бұл да сонда.

27 Шульгин Александр. Мұстафа Шоқай би Шоқайұлын еске түсіру // Ақиқат.- 2014, №7.- 58 б.

Резюме

Личность – боровшийся за свободу народов Туркестана

Абсаттаров Р.Б. – зав. кафедры политологии и социально-философских дисциплин КазНПУ им. Абая, член-корреспондент НАН РК, доктор филос. наук, профессор;

Шалтыков А.И. – доктор политических наук, профессор КазНПУ им. Абая

В статье рассматриваются политические взгляды Мустафа Шокая. В статье более подробно уделено внимание политической борьбе М.Шокая за независимость и свободу народов Туркестана.

Ключевые слова: государство, империя, независимость, свобода, народ, автономия, родина, единство, идея, мировоззрение, нация, большевик, шовинизм, дипломатия.

Summary

Person who fought for the freedom of the peoples of Turkestan.

Absattarov R.B. – member-correspondent of NAS RK, doctor of philosophical Sciences, Professor, Head of department of political science and socio-philosophical disciplines of KazNPU named after Abay;

Shaltykov A.I. – Doctor of political Sciences, Professor of KazNPU named after Abay.

The article discusses the political views of Mustafa Shokay. In the article more attention is paid to the political struggle of M. Shokay for the independence and freedom of the peoples of Turkestan.

Key words: state, Empire, independence, freedom, people, autonomy, homeland, unity, idea, ideology, nation, Bolshevik, chauvinism, diplomacy.

УДК (929)574:7

ЕЛ МҮДДЕСІН ҚОРҒАҒАН ҚАЙРАТКЕР

Р.Б. Әбсаттаров – ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, философия ғ.д., профессор, Абай атындағы ҚазҰПУ-нің саясаттану және әлеуметтік-философиялық пәндер кафедрасының меңгерушісі;

Ә.Е. Шалтыков – саяси ғ.д., Абай атындағы ҚазҰПУ-нің профессоры

Мақалада М.Тынышпаевтың адамгершілік-патриоттық және саяси дүниетанымы қарастырылады. Сондай-ақ М.Тынышпаевтың қазақ халқының ұлттық мүддесі мен олардың құқығын, бостандығын қорғауы жайлы қызметтері нақты жан-жақты зерттелді.

Түйін сөздер: халық, патриот, тұлға, мемлекет, империя, шовинизм, саясат, экономика, мәдениет, әділетсіздік, заң, бостандық.

Адамзат әулетінің кез-келген ұрпағы өзінен бұрынғы өткен өмірдің рухани және материалдық мәдениетімен, адамдардың практикалық әрекеттері және психологиялық бітімдерімен сабақтасып жатады. Өткеннің тәжірибесін тал бойына дарытқан озық өнегелі дәстүрсіз, ұрапақтар сабақтасығынсыз тарихи процесті елестету мүмкін емес. Өкше басар ұрпаққа әлеуметтік мұра қалдырып отыру адамзат әулетінің ұлы миссиясы. Сол әлеуметтік мұра неғұрлым бай болса, алуан арналы болса, неғұрлым өткен мен бүгіннің байланысы берік болса, соғұрлым өміріміздің мән-мағынсы артып, идеалымыз айқындала түседі.

Тар жол, тайғақ кешумен уақытты алға сүйрей, бақыт жолына бастаған сұңқарлар ерлігі ешқашан ұмытылмай, халық есінде мәңгілік сақталады. Кешегі самарқау тірлік кешкен алып дала төсінде, жаз жайлау, қыс қыстаудан аспаған атамекен аузынан алтын бүркіп, адамға күн тіл қатқан сол жылдарға бүгінгі күннің биігінен қарар болсақ, көз алдыға ғажайып бейнелер елесі келеді. Олар – алып, біртуарлардың бейнесі.

Нарқасқалар бүкіл ел тығырыққа тірелген кезде ел мүддесі үшін қабырғалары қайысып, топтан іркіліп шығып, бой көрсетеді. Қандай қиындық болса да белді бекем буып, шыбын жанын шүберекке түйіп, жұрты үшін қасқайып қарсы тұрады.

Өз дәуірінің жыршысы, келешек заманның жаршысы, ұрпағына өлмес мұра, ұмытылмас даңқ қалдырған үлкен тұлғалардың өмірі мен ісіне көз салсақ, олар өз кезеңінің жемісі екендігін және олардың тарих сахнасынан алатын орындары да ерекше екендігін көреміз.

Әрбір ұлт, халық тарихында қатарынан үздік шығатын ғажайып таланттар болады. Ғасырларда ма, әйтәуір ұзақ сағындыртып дүниеге келер ондай перзентін қазақ халқы біртуар деп атайды. Қатарынан озып шыққан ондай таланттар өмірде аз жасай ма, көп жасай ма, әйтәуір халықтың азаматтық тарихын, оған сабақтас рухани тарихын олжаға кенелтіп, көркейтіп кетеді. Тұтас дәуірге, өз өмір сүрген ортаға айрықша ықпал етеді, өмірде өз ен-таңбасын қалдырады. Қазақ халқына көп іс тындырған, аз ғұмырында көп еңбек еткен Мұхамеджан Тынышпаев сондай біртуар перзенттерінің бірі.

Сол ұлы миссияны орындап, кең арналы, бай мұра қалдырған қазақ даласының перзенті – Мұхамеджан Тынышпаевтың мұралары әрдайым техника саласымен саяси салада да жарқырап тұратын қордалы байлық. Осы арқылы халық тегіс сусындап, мәдениетін, ой-өрісін, кісілігін шындайды. Ол ешкімді де бей-жай қалдырмайтын мәңгілік өршіл рух. Мұхамеджан Тынышпаев тұлғасы осы жайды шегелей түскендей.

Саналы ғұмырын халқының игілігіне адал қызмет етуге арнаған Мұхамеджан Тынышпаев ХХ ғасыр басындағы Алаш қозғалысы атанған қазақ ұлт-азаттық күресінің қайраткері, Алашорда үкіметінің мүшесі және оның төрағасының орынбасары, 11 Мемлекеттік Думаның депутаты, Қоқан автономиясының басшысы, алғашқы техникалық маманымыз және тарихшы-ғалым, саяси қайраткер. Ол – тыңнан жол тапқан білімді маман. Ол – артына өзі өмір сүрген кезең оқиғаларынан да, халқымыздың тарихының келелі мәселелерін толғаған зерттеулерімен де өшпес мұра қалдырған ғалым. Отарлық езгіні көріп, халқын ол жолдан құтқару барысында білімін де, жігерін де аямай қызмет еткен. Халқының жері талан-таражға салынып, құқығы аяқ асты болғанда М.Тынышпаевты туған елінің тағдыры қатты алаңдатады.

М.Тынышпаевтың өмірі мен қызметі туралы «Қазақ» газеті 1917 жылғы 247 санында: «Мұхамеджан Тынышпаев – 11 Государственной Дума ағзасы, инженер. Саясат ісіне жетік, халыққа таза жолмен қашаннан қызмет етіп жүрген алдыңғы қатарлы зиялы азамат» - деп көрсетіп, оның 1905, 1916 және 1917 жылдардағы қоғамдық-саяси қызметі туралы «... Мұхамеджан қазақта бір болса өзі, екі болса екінші кісі екендігі» [1] - деп бағалайды. Сол сияқты «Семиреченские ведомости» газеті де Құрылтай Жиналысына депутаттыққа кандидат М.Тынышпаевты «... 1905 жылғы революциялық қозғалысқа араласқан, Жетісу қырғыздары арасынан бостандық пен революция идеяларын үгіттеп таратқан облыстан шыққан тұңғыш қырғыз» [2] - деп сипаттайды.

Болашақ патриот қайраткердің оны мен солын танып, есейе бастаған шағы Ресей империясының қазақ елі тәрзіді бағынышты отарларына жүргізіп отырған шовинистік саясатының күшейген кезіне тұтас келді. Жергілікті халыққа жаулық көзқарастағы мемлекеттік басқару жүйесі, әлеуметтік теңсіздік және т.б. факторлармен сипатталатын зорлықшыл, озбыр саясат саналы жастың көз алдында өтіп жатты.

Жетісудың елдігі мен ерлігін бойына жиған болашақ тарихшы ғалым, тұңғыш техника маманы, саяси қайраткер – Мұхамеджан Тынышпаев жастайынан-ақ алғырлығымен, талабымен, білімділігімен өз ортасында ерекшеленген. Әкесі Тынышпай өзінің баласын ана тілінде оқыта алмады. Патшалық кезеңде қазақ мектептері болмады, тек кейбір кедей отбасының қазақ ұл балалары уездік басшылықтың гимназиясында орыс тілінде оқуға тізімге түскен. Мұхамеджанның жолы болып, 1890 жылы 14 тамызда Верныйдағы ерлер гимназиясына қабылданады. Оқуға қабылданған зерделі жастың қабілеті мұғалімдер қауымын ә дегенде-ақ бірден баурап алды. Жанары ойға толы, сабырлы да салмақты қыр баласы оқу бағдарламасындағы пәндердің барлығын тоқсан қорытындысы сайын «өте жақсы» деген баға мен үлгілі тәртібіне орай ұстаздар кеңесі тарапынан үнемі алғыс алып, сынаптан сынапты 1-дәрежелі мақтау қағазбен тәмәмдеп отырады. Гимназия қабырғасында өткізген жылдары Мұхамеджан ғылымның сан-саласына қатысты әдебиеттерді көз майын тауысып, құныға оқып, өзінің ізденімпаздығы, алғырлығымен білімін тереңдете түседі. Ол әріптес өзі тұрғылас құрбы-құрдас-тарының арасында тамаша қасиеттерімен көзге түсіп, қоғамдық жұмыстарға белсене араласады. 1899 жылы орыс әдебиетінің дүлділі Александр Сергейұлы Пушкиннің жүз жылдық мерейтойы Ресейде кең аталып өтеді. Көктемнің жазға ұласар жайма шуақ күндері Алматы тұрғындары көшеде тұрған ілулі жарнамалардан мамырдың 27-де гимназия шәкірттерінің күшімен ұлы ақынға арналған әдеби-музыкалық таңертеңгіліктің ұйымдастырылып отырғандығына құлақтанады. Осы салтанаттың екінші бөлімінде жетінші класс оқушысы Мұхамеджан Александр Сергейұлының «Полтава» шығармасы бойынша «Ұлы Петр мен Мазепаның адамгершілік қасиеттері» деген тақырыпта реферат оқиды.

Ойлау сабақтары мен өмірлік қадағалауы М.Тынышпаевтың қоғамдық көзқарастарын қалыптастырып, оны белсенді қоғамдық іс-әрекеттерге алып келді. Бір ресми құжатында М.Тынышпаев «Мен Жетісудағы 1894 жылдан қырғыз өмірінің жағдайының өзгеруінің куәгерімін, ал гимназист бола тұра, қырғыз халқының мұқтаждықтарын түсіндім...» [3] - деп жазды. Классикалық тілдер (латын, грек тілдері) жете оқытылатын екі жылдық дайындық сыныбы бар, негізгі оқу курсы 8 жылдан тұратын осы бір білім ұясы сол кезеңнің барлық талабына жауап бере алған. Гимназия ұстаздарының арасында озық ойлы, демократиялық көзқарастағы оқытушылар аз болмаған. Олардың кейбіреулері орталық Ресейден қудаланып, жер аударылғандар еді. Гимназия кітапханасында «Восточное обозре-

ние», «Русский вестник», «Вестник Европы», «Исторический вестник», «Русская мысль» тәрізді алдыңғы қатарлы басылымдар болған.

М.Тынышпаев гимназияда өте үздік оқыды. Ол 10 жыл бойы оқытушыларын дарындылығымен, өте әдепті, кішіпейіл мінезімен таңдандырып өтті. Ол барлық пәндерді (орыс тілі мен әдебиеті, орыс және әлем тарихы, логика, грек тілі, француз тілі, неміс тілі, математика, алгебра, тригонометрия, география, математикалық география) жетік меңгере алды. Соның айғағындай, қазақ баласы жыл сайын сыныптан 1 дәрежелі мақтау грамотасымен көшіп отырған.

Бірақ та жас Мұхамеджан гимназияда алған білімімен шектеліп қалмай, бақталайын Петерборға барып сынауға бел байлайды. 1900 жылы Петерборға келген Мұхамеджан емтихандарды өте жақсы деген бағаға тапсырып, император Александр I атындағы жол қатынасы инженерлері корпусы институтының студенті атанады. Қақ жарып ағып жатқан Нева өзені, ерекше табиғи жәдігер ескерткіштері, сауықшыл, өнерқұмар халқы бар қала әсершіл жас жігіттің санасында бай кітапхана қорларындағы мол тарихи-рухани құнды мұраларды оқып игереді. Онда жастар сан-саналы жол қатынасы инженері (темір жолдары, тас жолдары, жасанды су каналдарын, түрлі ғимараттарды жобалап салушы) мамандығын меңгерді.

Институтты 1906 жылы үздік бітірген М.Тынышпаев та өмірде осындай жан-жақты мамандығына сай қызмет етті.

Сонымен бірге болашақ патриоттың қайраткер ретінде қалыптаса бастауы осы кезеңде басталды. Жоғарыда аталғандай, бұл кез Ресей империясының қазақ елі тәрізді бағынышты отарларына жүргізіп отырған шовинистік саясатының күшейген уақыты еді. Міне, осындай саяси жағдай күрделі кезінде ол баспасөз беттерінде отарлық билікті аяусыз сынайтын уытты мақалалар жазып, ел ішінде үкіметке қарсы үгіт-насихат жұмыстарын жүргізумен айналысады. Патша билігіне оппозициядағы орыстың түрлі партиялардың (конституциялық-демократиялық және социалист-революционерлер партиялары), түрікшілдік және мұсылмандық қозғалыстарға да қатысады. Оның осы кезеңде жазылған атақты «Қырғыздар және азаттық қозғалысы» деген баяндама-мақаласы мазмұн-маңызы қазақтардың бодандық-отаршылдық ахуалын дәлелдейтін ащы шындық болатын. Онда бюрократтық үкіметтің қазақтардың тілін, өздеріне тән салт-дәстүр, сенім-нанымын арсыздықпен, қатыгездікпен жою арқылы ұлт екенін ұмыттырып, өлкені орыстандырып жіберуді, жанға сыймайтын нұсқау-жарлықтар арқылы қазақтарды құқықтан жұрдай адам бейнесіндегі тобырға айналдыруды, бүкіл бітім-болмысы қалыптасқан атамекен жерінен айыруды көздейтінін айта келіп, қазақ автономисі «қазақтар бұрынғы бостандығы мен тәуелсіздігінің орнына бейбіт, қантөгізсіз орыс бодандығын қабылдауда алғаны, міне, осылар» [4] - деп, үкіметтің нақты бейнесін әшкере етеді.

М.Тынышпаев көзқарасының студенттік жылдары жан-жақты қалыптасқанын сол кезеңдегі атқарған қоғамдық-саяси қызметтерінен байқауға болады.

1905 жылы 18-ақпан күні 11 Николай қол қойған рескрипт бойынша «халықтан сайланған адамдарды заңдық жобаларды дайындауға және талқылаусыз қатыстыру туралы», сонымен бірге «Жеке адамдар мен ұжымдардың мемлекет қызметі мен халықтың тұрмысын көтеруге байланысты өз ұсыныстарын орталыққа жеткізуге мүмкіндік бере алатын жарлықты» [5] басшылыққа ала отырып, студент Тынышпаев Министрлер Комитетінің төрағасына қазақ еліндегі жергілікті патша әкімшілігінің саясаты жөніндегі атақты хатын жазады. Сөз бостандығына жол берілген осынау сәтті дер кезінде пайдаланған жас М.Тынышпаевтың өткір қаламынан отарлық қамытынан болдырған халықтың ауыр тағдырын көрсеткен тарихи құжат өмірге келеді. Мұнда 1868 жылғы «Уақытша ережеден» 1891 жылы «Дала ережесі» болып, тұрақты бекітілген жарлықтың шектен асқан заңсыздыққа толы екенін былайша рет-ретімен көрсетеді: «...дін мәселесі. Мұсылман дінін қорлап, құранға тіл тигізу, діни кітаптарға қатал цензураның күшеюі есесіне христиан дінін зорлықпен енгізу, миссионерліктің өршуі, тағы басқалар; 2) қазақ күнкөрісінің негізі – жерінен айыру, ығыстырудың екпіні; 3) халықтың ғасырлар бойы бір арнаға түскен, жүйеленген салт-дәстүр, әдет-ғұрпы, енгізілмеген халық сотының әділетсіздігі; 4) тіл мәселесі. Жергілікті үкіметтің қазақ тілін білмеуі себебінен көп жағдайда қазақтың жазықсыз жапа шегуі; 5) дискриминациялық үкіметті басқарудың әскери түрінің қазақтың сорын одан сайын қалыңдатуы» [6]. Мұнда М.Тынышпаев «Дала Ережесі» туралы өз пікірін келтіре отырып, ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басындағы қазақ халқының әлеуметтік-экономикалық және саяси өмірі жөніндегі көзқарасын да жетілдіре түседі.

1905 жылғы 9-қаңтардағы «Қанды жексенбі» оқиғасынан соң, патша өкіметінің жауыздығына қарсы бұрқанған халық наразылығы теңіздей тасыды. Осы оқиғаларды көзімен көріп, куәсі болған Мұхамеджан саяси істерге араласады. Ол төңкерісшілердің талап-тілегін қолдап, империялық

басқару жүйесіне қарсы Жетісу облысының қазақтары арасында азаттық идеясы атынан Құрылтай Жиналысына Жетісу облысынан депутаттыққа үміткерлерді ұсынғанда М.Тынышпаев өмірінің осы кезеңін «1905 жылы бостандық елестеген кезде Петроградқа әр облыстан түрлі мәселелер хақында ізденуші қазақтар көп барғанда, қазақтың пәленше, түгенше деп Алашқа аты шыққан кейбіреулері арызшылардың қалтасын қағуды кәсіп қылғанда, басшылық етіп, еңбегін сатпай, қызмет көрсеткен Мұхамеджан. Ол жылдарда Мұхамеджан Петерборда оқып жүрген студент еді. Сол жылы петерборшылар Мұхамеджанның кім екенін, басқалардың кім екенін біліп қайтқан» [7] - деп жазды.

М.Тынышпаев институттың соңғы курсына жүргенде 1905 жылғы төңкеріске қатысады. Сол жылы өткен автономистердің съезіне қатысып, онда «Қазақтар және қоғамдық қозғалыс» деген тақырыпта баяндама жасайды. Бұл баяндамасында патша әкімшілігінің қол астына қараған шет аймақтардағы халықтарға жасап отырған озбырлықты, адам төзгісіз ауыр өмірін әшкерелейді.

Қазақ халқының саяси-әлеуметтік, мәдени даму жолын тежеу үшін ерекше заңға негізделген арнайы басқару жүйесі енгізілді. Қазақ даласының өзін-өзі басқару жүйесі, саяси, рухани діни сенім-көзқарастары мен экономикалық әл-ауқатының жан-жақты тәркіленіп, титығына жетуінің салдары көшпелілердің наразылығын туғызып, қозғалыс толқынын өршіткен басты себепке айналып отыр [8], - деп айтады ол өз баяндамасында».

Туған елінің мұң-мұқтажын қалт жібермей бас қосқан зиялы қауымның алдында айтып қалуы империялық Ресей әкімшілігіне жас М.Тынышпаевтың есімін әйгілі етеді. Осыдан бастап патша жандармериясының қара тізіміне ілініп, өмірінің соңына дейін әрбір басқан қадамы аңдулы болады.

М.Тынышпаевтың студенттік жылдары қоғамдық орындарға қатысуымен, баспасөзде шығып сөйлеуімен, әртүрлі жиналыс пен кештерде сөйлеуімен толы болды. Қиыншылықтарға қарамастан ол институтты үздік бітірді.

28 жасар инженерге деген қоғамдық-саяси сенімнің жоғары беделінің куәлігі 1907 жылы Жетісу облысының мұсылман халқы атынан 11 Мемлекеттік Думаға депутат болып сайлануы М.Тынышпаевтың әлеуметшілдігін, халық алдындағы оның зор беделі мен үлкен сенімге ие болғанын көрсетеді. Ресей сияқты ірі мемлекетінің ең жоғарғы заң шығаратын органы – Думаға тұңғыш сайланған ұлт өкілдерінің бірі М.Тынышпаев – өз заманының талабын терең түсініп, халқын тек ағартушылық жолымен ғана емес, азаттық жолындағы күреспен де, мемлекетті қалпына келтіру барысында демократиялық күрес жолымен де өз пікірлестерімен бірге тарихта өшпес із қалдырған ұлы тұлғаларымыздың бірі. Думадағы айтыс- тартыс оны біршама шындайды. Дума көп кешікпей 11 Николай патшаның 3 маусымдағы жарлығымен Думаны таратып жіберуі М.Тынышпаевтың депутаттық қызметін тоқтатып тастады [9]. Думаның тарауынан кейін М.Тынышпаев Орта Азиялық темір жолға ерекше тапсырма бойынша инженер болып қызметке орналасты және Әму-Дария арқылы өтетін көпір құрылысына да қатысты. 1911 жылы Урсатьевск- Андижан темір жол құрылысының бастығы мен бас инженері болды. 1914 жылы отанына оралып, Жетісу темір жолының құрылысында учаске бастығы болып, Арыс-Әулие-Ата учаскесінің бас инженері болып жұмыс істеді.

1912 жылы Мемлекеттік Думаға мүше Ә. Бөкейхановпен бірге және әкімшілік жолмен Орынборға жер аударылған белгілі қазақ қайраткерлері А.Байтұрсынов, М.Дулатовпен бірге патша үкіметі кезінде бірнеше рет тәркіленіп, айып салынған тұңғыш қазақ газеті «Қазақты» шығаруға қатысты. Ол газет бетіндегі ағартушылық сипаттағы түрлі мақалалар «Темір жол хәм Еуропа», «Аспанда ұшып жүретін машина хәм Еуропа соғысы», «Соғыс кемелері хәм мина» т.б. жариялайды. Газетке қаржылық жағынан қолдау көрсететін «Азамат серіктігіне» азаматтықпен кірген де М.Тынышпаев еді.

М.Тынышпаевтың «Ұлы мәртебелі мырзаға» (Түркстан генерал-губернаторына) деген мақаласында қазақ даласында Ресей өкіметінің өкілдерінің жүргізген саясатына талдау жасайды. Жетісу облысының генерал-губернаторы Г.А.Колпаковскийдің адамгершілігі бар, адамдарға көзқарасы жақсы зиялы адам ретінде мінездеме беріп, орыс халқының арасындағы озық ойлы адамдардың іс-әрекетіне тоқталып өтеді. Ол бұл мақаласында халқымыздың бойындағы қарапайымдылықты, момындық мінезін тәптіштеп түсіндіре отырып, халыққа қиянат жасалмай басқарған жағдайда ол халықтың ешқашан өздігінен көтеріліске шықпайтындығын, бірақ әділетсіздікке, зорлыққа көне алмайтынын да түсіндіреді.

Әкімшілік шенін генерал Колпаковскийдің өзі реттеді, уезд басшылығына көбінесе шала сауатты, бірақ әділ, мақсатшыл, халықты мәдениетке ықыласты адамдар тағайындалды. Әрине, сол кезде де алаяқтық және басқа да жәйіттер кездесіп қалатын еді, алайда мұндай жекелеген оқиғалар генерал Колпаковскийдің назарына ілігіп, тез арада тұншықтырылып тасталып жүрді.

Екінші кезең - 1889 жылдан (генерал Колпаковский кеткеннен кейін) 1905 –жылға дейін созылған өтпелі кезең болды, өлкеде харам ойлы адамдар пайда болып, қарапайым қазақтарды қанауға ойысты, мәселен бір қорап швед сіріңкесін бір қойға сатты, т.б. орысша тіл, жазу үйренген қазақтар осы қазақтар мен татарлардан шыққан жолбикелерге еліктеп, резеңке калош, жылтыр етік киді, шылым, папирос тартуға, арақ ішуге әуестенді. Тағы басқа алаяқтар көбейіп, қазақтарды жиі алдап кетіп жүрді, өмір сүру қиын әрі қымбатқа түсті, орыс әкімшілігіндегі кадрлар бұрын қазақтармен ешқандай қарым-қатынаста болмаған кездейсоқ адамдармен ауыстырылды. Оған сайлаудағы паракорлық қосылды, дау-жанжал ұлғайғандығын сол кезде, М. Тынышпаев көре білді [10].

Міне, М.Тынышпаев орыстардың Жетісу өлкесін басқару барысын осылайша саралайды. Алдыңғы топ халықты басқару барысында демократияшыл пиғылда болса, екінші кезеңді ол қазақ халқына орыс билеушілерінің отаршылдық пиғылда екендігін көрсетті. Халықтың ар-намысын аяққа таптап, қыздарын зорлап, шұрайлы жерлерін тартып алып, ұлтының намысына тиіп, қорлық көрсетеді.

1906 жылы Жетісу облысының генерал-губернаторы болып С.Н.Велецкий тағайындалады. Оның алғашқы әрекеті жергілікті халықты ғана емес, облыс әкімшілігінің де алаңдаушылығын туғызады; Верный уезінің Шамалған болысында жаппай жер тартып алу ісі басталды, бұл әуел бастан-ақ кірмелер өкілеттілігінің қазақтарға, заңға, қалыптасқан жағдайға менсінбей қараушылығын көрсетті; Велецкий облыстық басқармасының қатысуымен бұл жерлерді қазақтардың өзіне қалдыру туралы қаулыға байланысты 1907 жылы 31 наурызда 786 нөмірімен ерекше пікір жазды, онда барлық заң және онда күшіне енген тапсырма-тармақтары толық сақталғаны, ешқайсысы да бұрмаланбағаны айтылды; 1907 жылы 15 наурыздағы осыдан бес күннен кейін әскери губернатор бекіткен №34 журналда қазақтардың суармалы, құнарлы жерлерінен кірме жатақтар тұрағын салу үшін кете қоюды бұрын да қаламағанын, қазір де қаламайтынын, тіпті сыйлық ақыға да көнбейтінін айғақтайтын уезд бастығының хабары тіркелгенімен, қазақтар жерді өз ықтиярымен босатты деп жазды. Бұл жерлер генерал М.Е.Ионовтың қорғағанына қарамастан қазақтардан тартып алынды [11], - деп жазады М.Тынышпаев.

Бұл арада М.Тынышпаев жер мәселесіне байланысты осылайша әділетсіздіктің куәсі болып, халқының алдауға түсіп, оған көнбеген жағдайда зорлықпен жерлерінен, ата-қоныс мекендерінен айырылып жатқанын дәлелді негіздермен көрсетіп отырды. Міне, халыққа қиянат жасап отырған билеуші топ өз дегенін осылайша іс жүзіне асырып отырды.

М.Тынышпаевтың халықтың қамын ойлаған азамат ретінде жарқырай көрінген кезі - 1916-1917 жылдар еншісіне жатады. 1917 жылы М.Тынышпаев Ақпан революциясын қуанышпен қарсы алды. Революция еркін қоғамдық әрекетке, өзінің халқының құқығын қорғауға жол ашты. Уақытша үкіметті тәуелсіздікке жеткізуге апаратын жол деп ұққан М.Тынышпаев Жетісу қазақтарының атынан жаңа үкіметке жолдаған жедел хатында «бұдан былай жаңарған Русияда жетімдік болмауын, осы үлкен оқиға кезінде ескі үкіметтің адасқан, жаман саясатымен қанға боялған қазақ халқын ұмытпауларын» [12] сұрайды. 1917 жылы 6 сәуірде Уақытша үкімет «Өлкені басқаруда туындайтын мәселелерді орнында шешу» үшін Түркістан комитетін ұйымдастырып, М.Тынышпаев онда комиссар болып тағайындалды. Ол Жетісу жерінде болып жатқан халық басындағы қиыншылықтарды, оған шыдай алмай босып кеткен адамдарды, ашаршылық пен аурудан қырылып жатқан ұлтының жағдайын сол кездегі шығып жатқан басылымдарға, оның ішінде «Қазақ» газетіне жариялап отырады. Әр өлкедегі құрылтай жиналыстарына қатысып, ондағы талқыланып жатқан тіл, жер, мектепке байланысты мәселелерге ат салысып, өзіндік пікірлерін айтады. 1917 жылдың маусымында Орынбор қаласында Жетісу облысынан депутат болып таңдалды.

М.Тынышпаев өзінің «Учредительное собрание» деген мақаласында: һәр жерде, һәр патшалықта осы күнгідей уақиғалар болған. Сонда халықтың өз ортасынан шыққан көсемдер халыққа кеңшілік закондарын жасап берген. Сөйтіп шығарған закондарды негізсіз закондар дейді. Осы негізгі закондарға тіреліп, өзге қарапайым, жәй закондар шығады. 1 Гос Думашылдардың алдында негізгі закондарды бас үкімет өзі шығарған. Сондықтан бұл закон халыққа пайдасыз болып, бар күш үкіметтің өзінде болды [13], - деп жазды.

Бұл айтылғандардан халыққа пайдасыз закондарды сынай отырып, өкіметтің өз пайдасына ғана қатысты шығарылған заңдардың негізсіз екендігін дәлелдейді. Сонымен қатар бұл мақаласында жаңа құрылған үкіметтен көп үміт күтіп, ол ойын былай тұжырымдап көрсетеді: «Не болса да қазақтарға таң атты деп, қуанышты болып үміттенеміз. Патшалардың һәм үкіметтердің қиқарлығынан талай жолсыздық, жауыздық көрдік. Қазақтың даласы, қырғыздың тауы қанға толып еді-ау. Енді бұдан былай ешнәрсе жоқ деп ұқыпсыз отырғанымыз жарамайды. Ілгері басып талпынып, заманымыздан

қалыспай, ұмтыла басуымыз керек. Егерде ілгері басып, ұмтылып бәйгеден қалмаймыз десек, егерде халықтың игілігін, көгеруін, ел болып жер бетінен көшпеуін тілесек, мына болашақ Учредительный собраниеге ең білімді, көсем, шешен, тартымды, пайдалы, сенімді адамдарымызды сайлаймыз. Мен ұлы жүз, кіші жүз, анау орта жүз демей, мен аталының баласы, анау кіші ауылдың баласы демей, бәсекеге түспей, жүр жолына құрбан болатын келісті адамдарымызды сайлауымыз тиіс [14], -деп көрсетеді. Болашақтың қамын жеп, елінің ертеңін ойлап, өзекті мәселелерді қозғайды. Ол жолда елім дейтін адал ұлдарын тәрбиелеп, ел ісіне араластырудың қажеттілігін көре білді. Елдің болашағы ақылды, оқыған, тәрбиелі, отанын жанындай сүйетін, ол жолда барлық қиыншылыққа төзе білетін, бірлігі бар ұрпақтың қолында деп түсінеді.

Алаштың арысы Әлихан Бөкейхановтың төңірегіне топтасқан ұлттық- демократиялық интеллегенция өкілдерімен бірге М.Тынышпаев та жалпыұлттық «Алаш» партиясын құруға тікелей араласып, 1917 жылғы желтоқсан айында жариялаған Алаш автономиясы үкіметінің он бес мүшесінің бірі болды, «Алаш» автономиясы аумағындағы уақытша жер пайдалану туралы Ереженің жобасын қабылдауға қатысады.

Осының алдында ол бүкілтүркістандық ІУ Мұсылмандар съезіне қатысып, онда жарияланған Қоқан автономиясының премьер-министрі болып сайланады. Түркістан автономиясын кеңестер күшпен талқандағаннан кейін М.Тынышпаев Алашорда қайраткерлерімен бірге азамат соғысы жылдарында қызылдарға қарсы күреседі. Одан нәтиже шықпаған соң, кеңес үкіметі жағына шығып, «буржуазиялық маман» ретінде Ташкентте, Қызылордада, Алматыда әртүрлі деңгейде шаруашылық қызметте жұмыс істей бастайды [15].

1917 жылдың соңында құрылған, құрамында М.Тынышпаев бар Алашорда үкіметі 1918-1920 жылдардағы азамат соғысы кезінде екі жаққа бірдей соғыс алаңы болған туған жерді қантөгістен құтқаруға, қазақ елі дербестігін қалпына келтіруге, ең алдымен, елдің амандығын сақтауға бар мүмкіндікті пайдаланып бақты. М.Тынышпаев Алашорда үкіметінің басшыларымен бірге сол кезде бірінен соң бірі құрылып жатқан көптеген әртүрлі үкіметтермен (Уақытша, Сібір үкіметі, Уфа директориясы, Колчак үкіметтері сияқты) келіссөздер жүргізіп, хат-хабар жазысады. Мақсаты – Алашорда, қазақ елдігінің тағдыры еді.

М.Тынышпаев Ресей империясының 1916 жылғы 25 маусым жарлығына қарсы шыққан халық көтерілісінің салдарын күні бұрын-ақ болжап, көтерілісті болдырмауға тырысты. М.Тынышпаев күші басым империялық билікке қарсы шығудың, қарусыз халыққа тек қайғы-қасірет әкелетінін алдын-ала түсініп, елді сабырға шақырған «Қазақ» газеті төңірегіндегі зиялылармен бір пікірде болды. Кейін осы көтерілістің зардабын жою ісі де М.Тынышпаевтың үлесіне тиді.

М.Тынышпаев 1916 жылғы көтерілістің басты себебі – жер мәселесі болып табылатындығын, оны туындатқан отарлық биліктің әділетсіз саясаты екендігін ғылыми тұрғыдан дәлелдеп және бостандыққа ұшыраған халық туралы кейінгі ұрпаққа өте құнды деректер жазып қалдырды. Мұның өзі қайраткер ғалымның кеңестік тарихнаманың бүркемелеуіне қарамастан, осы көтеріліс тарихын шынайы жазған тұңғыш қазақ зерттеушісі болғанын көрсетеді.

1916 жылғы көтерілістен соң патша үкіметі мен қазақ интеллегенциясының ара қатынасы шиеленісіп кетті. Империя чиновниктері көтерілістің негізгі себептерін көре алмады да халықты патша жарлығына қарсы көтерген жергілікті елдің көзі ашық баскөтерерлері мен дін адамдары, сондай-ақ түрік пен неміс агенттері деп түсіндіруге тырысты. Бұл жергілікті қазақ және қырғыз сияқты халықтардың ұлттық мүддесіне деген ұлыдержавалық қатынастың айқын көрінісі болатын. Мұндай тұжырымдардың астарын жақсы түсінген М.Тынышпаев көтерілістің негізгі себебін генерал-губернаторға айтты, сотқа берген түсінік хатын да ашық жазды. Черняев уездік сотына берген жауабында ол «Түркістандағы орыс тұрғындарының 99 проценті Жетісу жеріндегі толқулардың себебін көп ойлап жатпай-ақ жеңіл-желпі «түркі мен герман үгітінен» көреді, ал шын мәнінде қазақтар мен қырғыздарды атамекен жерінен айырған саясат пен оларға жасаған патша чиновниктерінің түрлі зорлығынан үлкен көтеріліске шақырған үгітші жоқ еді», деп көрсетті. «1910 жылы Жетісу облысы үстінен өтіп бара жатып мен Қарабалтадан Пішпекке дейін, одан әрі Константиновкаға дейінгі, шамамен 75 шақырым аралағандағы почта станциялары өзара тұтас келімсектер поселкаларымен жалғасқанын көрдім. Пішпек уезін түгел поселкалар жауып кеткен. Пішпектің «жұмақ жері» туралы Чернигов, Орел және басқа губерниялардың мұжықтары айтып, армандады» [16] – деп көрсетті. Сотқа берген түсініктемесінде М.Тынышпаев көтерілістің басқа себептерін айтып, әсіресе, отарлау саясаты салдарынан қырғыз-қазақтың дәстүрлі мал шаруашылығының дағдарысқа ұшырағандығын, отаршыл билеуші аппараттың ұлттық бірлікке қарсы бағытталған түрлі

құйтырқы әдістерді ойлап тапқандығын нақты дәлелдермен көрсетіп жазды. Ал, қырғыз бен қазақтың панисламдық идеяға қатынасына тоқталып, былай деп көрсетті: «... көптеген жерлерде қырғыздардың панисламизм туы астына бірігуінен сезіктенетіндер бар. Әрине, кез-келген қарапайым қырғызға діндес Түркия күшті, Мұхамед діндегілер Балқан елдерін алыпты, ананы істепті, мынаны бүйтіпті деген сөз ұнауы мүмкін, ал бірақ өзінің күнделікті күн көру қамымен жүрген сауатсыз халық өзіне түсініксіз межені көздейтін ұйымға біріге алады деп қияли ауруы бар немесе белгілі бір мақсатты көздеген адам ғана айта алады» [17]. М.Тынышпаев Уақытша үкіметінің Жетісу облысы бойынша комиссары қызметінде жүріп те бауырлас қазақ және қырғыз елдері алдындағы өзінің перзенттік борышынан бас тартар емес, қайта оны нақты істермен дәлелдеп берді. Жаңа қызметке бекітіле салысымен (1917 ж. көкектің соңы) ол қырғыз-қазақ ауылдарын аралап, жергілікті ауыр жағдаймен танысып, нақты істерге көшеді. Осы сапарында бай-манаптардың, келімсектер мен солдаттардың зорлығына қарсы біраз шараларды іске асыра отырып, ол Верныйға келген бетте Петроградтағы 11 мекемеге, атап айтқанда, азық-түлік, егіншілік, юстиция, оқу-ағарту министрліктеріне, Түркістан Комитетінің төрағасы Шепкинге, Мемлекеттік Думаның мұсылман фракциясына және беделді газет редакцияларына жергілікті жағдайды баяндай отырып, нақты көмек көрсетуді өтінген телеграммалар жолдайды. Телеграммада: «Ел ішіндегі жағдай өте ауыр. Бірінші июньде уездік комитеттердің және комиссарларының өкілдерімен бірге Қытайдан қайтып оралған Түптегі қырғыздарды аралап қайттық. Олардың ауыр тұрмысы біздің жанымызға қатты батты. Елдің үстіне ілген киімдері әбден тозған, балалар өте аз, басым көпшілігі тамақтың жетіспеуінен рахит ауруына шалдыққан. Бой жеткен қыздар мен жас келіншектер жоқтың қасы, оларды Қытай Түркістанында нанға айырбастаған көрінеді. Киіз үй дегеніміз – таяққа қыстырылған ескі киіздің қиындылары, мал басы өте аз, оны да Қытай жерінде тонап алған көрінеді... Ең қорқыныштысы, қырғыздардың жаппай аштықтан қырыла бастауы...» деп көрсетіп, елге ауыр тиіп тұрған жағдайдың бірі заңсыздық, отаршылдық пиғылдағы казак-орыстар мен солдаттардың онсыз да әлсіз халыққа зорлық, қиянат жасап отырғандығы баяндалады.

Телеграммада М.Тынышпаев сондай-ақ жүріп өткен жерлерінде жиналыстар ұйымдастырып, елге жаңа үкіметтің саясатын түсіндіріп, «қытайлықтар мен орыстардың тонауынан қайыршылық жағдайына түскен аш халыққа аз да болса жеңілдік жасау» мақсатында үкіметтің атынан» осы жылғы жиналмақ алым-салықты жойып, халыққа кеңшілік жасағаны» және облыс көлемінде қанат жайып кеткен тонаушылық пен қарақшылыққа аз да болса шек қою үшін келімсектер мен демалыстағы солдаттарды қарусыздандырып, мылтықтарын жиып алғандығын айтады. Сонымен бірге, телеграммада үкімет алдында кезек күттірмейтін мынадай мәселелер қойылған еді: 1. Ашаршылықпен тиімді күрес жүргізу үшін Жетісуда астық монополиясын енгізу. Ол осы басы артық астықты жинап алып, мұқтаж болып отырғанғандарға тең бөліп беру мүмкіншілігін тудырады. 2. Жетісу облысының күйзелген халқына жәрдем беру мақсатында мемлекеттік қазынадан арнайы қаржы бөлу. Ол қаржы арқылы, біріншіден, Қытай Түркістаны базарынан мал сатып алып, тақыр кедейлерге тегін үлестіріп беру, екіншіден, баспанасы жоқтарға киіз сатып алуға көмектесу. 3. Кең орын алып отырған заңсыздықпен күресу үшін сот ісін жолға қою, сол мақсатта Жетісу облысына бұл істі жүргізе алатын мамандар жіберу. 4. Қазақ және қырғыз елдерін осындай ауыртпалыққа алып келген 1916 жылғы көтерілістің негізгі себебі - әділетсіз қоныс аудару саясаты. Соны ескере отырып, ішкі Россиядан қазақ және қырғыз жерлеріне шұбырған қоныс аударушылар легін тоқтату.

1917 жылы шілде айында бірінші Жалпы қазақ съезі өтеді. Съезде Жетісу облысындағы жағдай жеке мәселе ретінде арнайы қаралып, съезд біріншіден соғыс және ішкі істер министрлігіне жедел телеграмма жолдап, «Жетісудағы қазақ-қырғызды атып, жатқан мұжықтардың һәм соғыстан қайтқан солдаттардың қолынан қару-жарағын алып, халықты зорлықтан қорғауларын талап етеді; екіншіден, «Жетісу облысындағы ашаршылықтан қырылып жатқан қазақ-қырғызға Алаш баласы жәрдем беруін өтінеді» [18]. Бұл шараны іске асырауда да М.Тынышпаевтың шешуші роль атқарғандығы даусыз.

Бірақ, Уақытша үкімет органдары ел тағдырына тікелей қатысы бар өзекті мәселелерді өз уағында шеше алмай, созбаққа салады. Мұны түсінген М.Тынышпаев жергілікті жағдайды орталық билікке өз аузымен жеткізіп, жәрдем алып қайту үшін Петроградқа аттанады. Ол туралы «Қазақ» газеті былай деп жазады: «15 шілдеде Орынбор арқылы Жетісу комиссары Мұхамеджан Тынышпаев Петроград кетті. Мұхамеджан үкіметке Жетісу облысының хал-жайын доклад қылып, 25-ші июнь жарлығына байланысты бүліншілікке ұшыраған қазақ-қырғызға һәм орыстарға қазынадан жәрдем сұрамақ. Сөйтіп, бірін-бірі қырғынға ұшыратқан һәм бұл күнге шейін бір-біріне кек сақтап, іштеріне қан қатқан екі жұртты татуластыру қамына кіріспек»(19).

Айта кететін бір мәселе, 1890-жылдардың екінші жартысында Түркістан мен Сібірді жалғайтын темір жол қажеттігі туралы мәселе өткір айтыла бастады. Туған өлкесінде темір жол салу туралы мәселе Мұхамеджан Тынышпаевты қатты қызықтырса керек, бұл оның мамандығын таңдауына себепші болды. Оның алғашқы кәсіби қызметі осы Жетісу темір жолымен байланысты. М.Тынышпаев темір жол құрылысын салу үшін шығарылған зерттеу партиясының мүшесі болды. Сонымен бірге, жол салынатын өңірді, техникалық және экономикалық жағынан зерттеу үшін құрылған экспедицияның құрамына енді. Оның кәсіби шеберлігі, әсіресе, Арыс стансасын салу кезінде ерекше көзге түсті.

Жетісу өңірінде темір жол салу туралы ізденістен бастап, оны алғаш салып, Кеңес үкіметі кезінде жалғастырып, аяғына егемен жеткізген Мұхамеджан Тынышпаев болды.

Бұл жолдың құрылысының 1926 жылы Луговая станциясына дейін жеткізіліп, салынып бітуіне байланысты және Түркістің құрылысының басталуына орай М.Тынышпаев осы магистральдің құрылысына шақырылады. Жалпы алғанда, салынып жатқан Түркістің құрылысында істеуі М.Тынышпаевқа өзінің орасан үлкен ұйымдастырушылық талантын және маман ретіндегі біліктілігін ашуына кең мүмкіншіліктер берді. Осы жұмысының нәтижесінде ол халқының болашағы үшін оның мүдделеріне жан-тәнімен қызмет еткен бірегей ұлы, ерек тұлға ретінде өз ұрпақтарының есінде мәңгі қалды. Аса қабілетті қазақ инженерінің қолтаңбасы қалған Түркістің күні бүгінге дейінгі халық шаруашылығының күретамыры десек, оған М.Тынышпаевтың сіңірген еңбегі зор.

Түркістан-Сібір магистралі қазақ халқының екі ұлы тұлғасын – Тұрар Рысқұлов пен Мұхамеджан Тынышпаевті тоғыстырды, олардың бірге жемісті еңбек етуге, бір жағынан магистральді табысты салып бітіру жолында, ең бастысы қазақ халқының тұтастай алғанда ілгерілеп өркендеуі жолында олардың бір-бірін қолдап, біріне-бірі сеніп еңбек етуіне мүмкіндік тудырды.

М.Тынышпаев «Түркісіб – артымда қалатын ескерткіш» деп бекер айтқан жоқ. Түркісіб тарихының ең күрделі кезеңінде М.Тынышпаев есімі мәңгіге қалды. Ол Жәрдемдесу комитеті Орталық органының белді мүшесі болуымен бірге, Түркісібтің оңтүстік қанатында түрлі жауапты қызметтер атқарды. Жобалау-зерттеу жұмысының, Жоспарлау бөлімінің, техникалық-өндірістік бөлімінің, Түркісіб темір жолын салуға байланысты Жетісу көмек комитеті мен Жетісу губерниялық атқару комитетінің мүшесі және т.б. оның атқарған қызметтерінің толық емес тізімі ғана Т.Рысқұлов пен М.Тынышпаев магистральдің құрылысының жергілікті еңбек ресурстарынан шыққан жұмысшы күшімен қамтамасыз етілуіне, қазақтарды құрылыс және темір жол жұмысшыларының қатарына тартуға, оларды оқытудың әрқилы түрлері арқылы дайындауға ерекше назар аударып отырды [20]. Олардың ұсынысымен Қазақстаннан тыс жерлерден жұмысшы күшін әкелуге шектеулер енгізілді, тек алдын ала белгіленген мөлшерде ғана білікті жұмысшылар әкелінетін болды.

М.Тынышпаевтың ұсынысымен магистраль құрылысының жұмыстарына Мәскеудің, Ленинградтың, Ташкенттің, Кеңестер Одағының басқа да орталықтарының жоғары оқу орындарында оқып жатқан қазақ студенттері де тартылды. Жазғы демалыс кездерінде студенттер жұмысқа кіріп, практикалық іс-тәжірибе жинақтады, олардың көбі үшін үлкен материалдық жәрдем болған жалақыларын алды. Осындай іс-шараларға байланысты Түркісіб Қазақстанның қалыптаса бастаған жұмысшы табының ұлттық кадрларын, әсіресе, құрылысшылар мен теміржолшыларды дайындайтын үлкен орталығына айналды. Олардың арасынан болашақ көрнекті темір жол басшылары мен атақты теміржолшылар Ж.Омаров, М.Қазыбаев, И.Қаптағаев, Б.Аспаев, О.Байтұлақов т.б. шықты.

Жалпы алғанда, Т.Рысқұлов пен М.Тынышпаевтың Түркістің құрылысына, оған жақын аудандардың дамуына, сондай-ақ, ұлттық жұмысшы табының, кадрлардың қалыптасуына қосқан үлестері орасан зор.

Түркісіб желісінің салынып, іске қосылуымен Қазақстанның индустриалды және әлеуметтік-экономикалық дамуының негізі қаланды. Теміржол ауданаралық шаруашылық және мәдени байланыстарды нығайтып, тұрақты тауар айналысын қалыптастырып, Сібір және Орта Азиялық жүктерді тасымалдау қашықтығын 2400 км. қысқартты. Семей мен Жетісу астығы және Сібір құрылыс ағаштарын Орта Азияға тасымалдауға жол ашылып, Оңтүстік Қазақстанға Кузнецкінің көмірін, шығыс бағытына мақта, мұнай, жеміс тасымалы артты.

Магистраль бойында Жарма, Аягөз, Сарыөзек, Іле стансалары салынып, Семей, Алматы, Фрунзе, Жамбыл, Шымкент қалаларының экономикалық және мәдени маңыздылығы артты. Сондай-ақ, жеңіл және тамақ өнеркәсібі жедел дамып, ауыр өндірістің бірнеше кәсіпорындары – Балқаш мысқорыту комбинаты, Текелі полиметалл комбинаты, машина жасау зауыттары пайда болып, күміс-қорғасын, көмір т.б. кен орындарының ашылып, игерілуіне қол жеткізілді. Аудандарда ауыл шаруашылығының

карқынды дамуына әсер етті: мал шаруашылығында –табын құрылымында ет-сүт көп беретін мал санының артуы, пияз және қызылша, темекі т.б. дақылдар егіліп және олардың егіс аумағы кеңейтілді.

